

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ: 371:316.444.5

Қолжазба құқығында

АЙДАРОВ БАҚЫТЖАН ЖҰМАДУЛЛАҰЛЫ

**Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын
қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері**

6D012000 – «Кәсіптік оқыту»

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор Ю.Н.Камалов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, доцент Айдын Зор
(Түркия, Анталия)

Шымкент, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1. БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің ғылыми- педагогикалық зерттеулердегі көрінісі	14
1.2 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық алғышарттары.....	25
1.3 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық детерминанттары.....	44
1.4 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	56
2. БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК- ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС	
2.1 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары	79
2.2 Кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың мазмұндық құрлымы.....	91
2.3 ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру.....	107
2.4 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін анықтау эксперименттік жұмысының нәтижелерін өңдеу, талдау және интерпретациялау	120
ҚОРЫТЫНДЫ	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	135
ҚОСЫМШАЛАР	151

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалған:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы, 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487-IV ҚРЗ, Астана, Ақорда.

2. «Педагог мәртебесі туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ, Нұр - Сұлтан, Ақорда.

3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана.

5. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. ҚР Президентінің 2012.27.08. № 371 жарлығымен бекітілген.

6. Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы ұйымдар қызметінің типтік ережелері.

7. Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген кредиттік оқу технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Жарлық- Астана, 2016 ж. 1 наурыз, №205 Жарлық.

9. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.)

10. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж.)

11. ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Педагогтің кәсіби стандарты» 2017 ж. 8 маусым № 133 бұйрығына қосымша.

АНЫҚТАМАЛАР

Кәсіби даярлық - белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби даярлық адамның кәсіби іскерлігінің күрделілігі және әзірлігі деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім болып бөлінеді.

Кәсіптік құзіреттілік – маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы. Яғни жеке тұлғаның кәсіптік іс-әрекетті атқаруға бағыттаған теориялық білімі мен практикалық қабілетінің бірлігі негізіндегі дайындығы деп түсінеміз.

Құзірет - тұлғаның табысты іс-әрекетке деген дайындығы, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді жұмсай алу қабілеті.

Құзіреттілік - студенттердің әр-түрлі іс-әрекеттер түрлерін меңгеруімен анықталатын білім беру нәтижесі.

Детерминант - белгілі бір құбылысты анықтайтын факторлар немесе элементтер. «Детерминант» терминінің мәні латын сөзі *determinans* - анықтаушы, грек сөзі *determi nans, ntis, ntis* - анықтаушы деген ұғымды білдіреді.

Кәсіби ұтқырлық - тұлғаның негізгі және кәсіби құзіреттіліктерді сапалы және жылдам игеруге дайындығы мен қабілетінің интегративті сипаттамасы.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру ұғымы оның құрамдас бөліктерінің даму қарқынын көрсететін және өзгерістерді қамтамасыз ететін, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруды болжайтын және педагогикалық құралдар жүйесінің көмегімен субъектілер ұтқырлығының төмен деңгейінен жоғары деңгейге өту көрсеткіштерінің сандық өсуін болжайтын үдеріс. Яғни ол кәсіби дайындықтың уәжді, мақсатты және саналы үдерісі ретінде ұсынылатын болады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы;

ЖОО - жоғары оқу орны;

ҚР МЖМББС - Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

БДТІ - «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет»;

ЗІ - зерттеушілік іс-әрекет;

КЕ- кешенді емтихан;

МК - міндетті компонент;

ТК - таңдау компоненті;

ТжКББ - техникалық және кәсіптік білім беру;

БТ- бақылау тобы;

ЭТ - эксперименттік топ;

КО - кәсіптік оқыту;

МББ - модульдік білім беру бағдарламасы;

ОМБ - оқу-материалдық база;

ОӨО - оқу және өндірістік орта;

БД - білім, іскерлік, дағдылар;

ДО - дәстүрлі оқыту;

ҚО - қашықтықтан оқыту;

АО - аралас оқыту;

ПОӘК - пәннің оқу-әдістемелік кешені.

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін Болон процесіне қосу болашақ педагогтардың әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлемдік білім беру бағдарламаларына қатысу және т.б. үшін олардың кәсіби ұтқырлығын дамыту проблемасын өзекті етеді, бұл жоғары мектептегі оқу үдерісін әлемдік стандарттарға және білім беру қызметтері нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келтіруді талап етеді.

Болон келісіміне сәйкес жоғары кәсіби білім берудің өзгерген жүйесінде мемлекет пен қоғамның ұтқыр мамандарға қажеттілігі артып келеді. Елдегі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, еңбек нарығының кеңеюі жағдайында адамның кәсіби қызметтегі ұтқырлығының көрінісі мәселесі ғалымдардың оған деген қызығушылығының артуымен байланысты. Себебі ұтқырлық қазіргі заманғы маманның табысты кәсіби қызметінің кепілі болып табылады.

Ғылыми білімнің философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтану және басқа да аспектілері тұрғысынан әртүрлі бағыттар өкілдерінің көптеген зерттеулері әр түрлі (академиялық, кәсіби, педагогикалық) ұтқырлықтың проблемалары мен перспективаларына арналған. Кәсіби ұтқырлық – адам ұтқырлығының ерекше көрінісі. Бұл дайындық деңгейі жоғары және өзгеріп отырған жағдайларға қатысты шешім қабылдауға лайықты қабілеті бар мамандардың қоғамдық сұранысына жауап берудің бір түрі. Бұл дегеніміз қазіргі жағдайға тез назар аударып және кәсіби қызметтің бір саласынан екіншісіне орнығу. Басқа кәсіби ортада өз орнын тауып, оған бейімделу. Өзінің кәсіби қызметінің мазмұны мен стиліне өзгерістер енгізу. Кәсіби және өмірлік жағдайларға жылдам жауап беру, әрі қарай мансаптық және кәсіби өсуге дайын болу.

Философиялық тұрғыдан кәсіби ұтқырлықты Б.С. Гершунский, Л.А. Сорокина, И.Т. Фролов және басқалар, ал әлеуметтік аспектіде - Т.Л. Аракелова, И.В. Василенко, Г.Е. Зборовский, И.Л. Смирнова және басқалар өз еңбектерінде қарастырған болатын.

Педагогикалық зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы рөлі мен маңызы ашылған (Б.Л. Агранович, А.И.Архангельский, В.И.Жуков, Е.А.Князев, В.А.Сластенин, Г.Ф.Шафранов-Куцев және т.б.).

ЖОО-да кәсіби ұтқыр мамандарды даярлау үдерісінің барлық аспектілері Л.В.Горюнова, Б.М.Игошев, С.Е.Каплина, Л.П.Меркулова, В. А. Мищенконың жұмыстарында көрініс тапқан.

Л.А. Амирова, Э.Ф.Зеердің еңбектері кәсіби қызметті жүзеге асыратын мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызды сипаттамаларын, мазмұны мен шарттарын анықтауға арналған.

Е.А.Боярко дамып келе жатқан аймақтық университет кешені жағдайында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің кейбір

аспектілерін қарастырады. Е.А.Никитина осы үдерісті қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларға өз түсіндірмесін береді. О.В. Кердяшева ЖОО-ның білім беру үдерісінде студенттердің кәсіби ұтқырлыққа даярлығы тұрғысынан педагогикалық жағдайларды зерттейді.

Қосымша кәсіптік білім беру жүйесіне қатысты кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру мәселесі бойынша Л.А.Амирова, Ю.И.Биктуганов, Т.М. Большакова, Ю.А.Калиповский және т. б. зерттеулерінде қарастырылған.

Л.П.Меркулованың кәсіби ұтқырлықтың жан-жақты аспектілері мен техникалық профильдегі мамандарға қатысты зерттеу жүргізді; В.Н.Дюнина ақпараттық мамандықтар студенттеріне қатысты; Р.А.Карелова оқу және кәсіби қызметтің субъективті тәжірибесін қалыптастыру үдерісінде болашақ ІТ мамандарын даярлау туралы; А.Ю.Львов педагогикалық университет студенттерінің кәсіби ұтқырлығының тікелей қалыптасуы туралы; Е.Ю. Самоделкина университеттің білім беру процесінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда педагогикалық жағдайларды модельдеуді; И.А.Степанова мектепке дейінгі білім беру ұйымының кәсіби ұтқырлығының менеджмент жүйесін жасады; Э.Д. Баженова қазіргі жағдайда білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту мәселесін зерттеді; Ж.Е. Абдыхалыкова студенттердің академиялық ұтқырлығын оқу процесінің инновациялық бағыты ретінде анықтады, Ю.В.Троицкая кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың мультимедиялық құралдарына баса назар аударды, С.А.Морозова, Э.Э.Сыманюк, К.М. Беркинбаев кәсіби ұтқырлықты педагогтың инновациялық қызметін жүзеге асыру факторы ретінде қарастырды.

Еліміздегі бірқатар педагогикалық зерттеулерде жоғары оқу орындарындағы студенттердің бәсекеге қабілеттілігі, шығармашылық әлеуеті, көшбасшылығы, кәсіби құзреттілігі, таланттылығы туралы (Б.Б.Атабекова, Б.А.Турғынбекова, Б.М.Баймуханбетова, Ж.К.Алмешова, Л.М.Нәрікбаева, т.с.с.) қарастырғанмен кәсіби ұтқырлықтарын қалыптастырудағы рөлі мен маңызы туралы арнайы жұмыстардың қарастырылмағаны анықталды.

Сондай-ақ келесі жағдайға назар аудардық. Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі мен терең теориялық түсінігіне, ғалымдардың осы үдеріске әр түрлі көзқарастарын талдауға қарамастан, оның зерттеулері бұл проблеманың әлі жеткілікті терең қарастырылмағанын және жоғары кәсіби педагогикалық білімді беру барысында одан әрі дамытуды қажет ететіндігін көрсетті. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін ЖОО-да оқыту үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесіне тікелей арналған еңбектер өте аз екенін анықтадық. Тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауы аталған проблеманы зерттеу қажеттілігінің негіздемесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл жағдайда бірқатар *қарама-қайшылықтарды* атап өту маңызды:

- қазіргі заманғы еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие кәсіби ұтқыр мамандарды даярлауға мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыс

және оларды жоғары кәсіби білім берудің қолданыстағы жүйесінде даярлауға жеткіліксіз көңіл аударуы;

- қазіргі заманғы қоғамның жоғары оқу орындарының түлектерінің кәсіби ұтқырлығына қойылатын талаптарының жоғарылауы және оны университеттің оқу үдерісінде қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінуі;

- университеттегі дайындық үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау үдерісінде педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қажеттілігі және зерттелетін үдерістің ғылыми-теориялық негіздері мен педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылықтар.

Осы қарама-қайшылықтарды ескере отырып, мынадай зерттеу *проблемасы* анықталды: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие кәсіби және ұтқыр мамандарды даярлауда қазіргі заманғы жоғары кәсіби педагогикалық білім берудің мүмкіндіктері қандай? Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісі қандай болуы керек?

Жоғарыда аталған қарама-қайшылықтар мен зерттеу мәселесі ғылыми зерттеуді университетте болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау үдерісінде педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесінің қажетті және жеткілікті компоненттерін анықтауға бағыттап, ғылыми зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты **«Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік - эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру нәтижелі болады, егер:

- педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, негізделсе; болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық детерминаттары анықталса; ЖОО-ның білім беру кеңістігінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынып және ол оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілсе онда бүгінгі нарық заманына сай ұтқыр, бәсекеге қабілетті кәсіптік оқыту педагогтары даярланады.

Анықталған қарама-қайшылықтар, зерттеу мәселесі, оның мақсаты, объектісі, пәні, сондай-ақ тұжырымдалған болжам мынадай бірқатар **зерттеу міндеттерін** анықтады:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздерін айқындау;
- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау;
- ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесін практикаға ендіру және сынақтан өткізу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері болып, ғалымдардың «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық» туралы философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық және педагогикалық зерттеулер; Болон келісімі аясында жоғары кәсіби білім беру саласына мамандар даярлауға қойылатын жаңа талаптар, кәсіптік білім беру және педагогтың жеке басын қалыптастыру теориялары мен тұжырымдамалары, тұлғаның іс-әрекеттегі әлеуметтік және кәсіби дамуының психологиялық теориялары, жүйелілік, іс-әрекеттік, білім беру, ұтқырлықты қалыптастыру теориялары, жоғары кәсіптік білім беру мазмұны, жоғары кәсіптік білім беру әдістемесі және тәрбиелеу тұжырымдары, болашақ педагогтардың ұтқырлығын қалыптастыру бойынша ғылыми еңбектер.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, зерттеу проблемасына қатысты философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің еңбектері, білім беру саласының ресми құжаттары, кәсіптік оқыту мамандығының білім беру бағдарламасы.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау әдістері, синтездеу, абстракциялау және қорыту; эмпирикалық әдістер: педагогикалық эксперимент (айқындаушы, қалыптастырушы, бақылау), байқау; әңгімелесу, студенттермен сауалнама жүргізу және компьютерлік тестілеу; модельдеу және педагогикалық жобалау әдісі; нәтижелерді өңдеу әдістері (зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау, деректерді статистикалық және компьютерлік өңдеу, нәтижелерді суреттер мен кестелер түрінде көрнекі ұсыну әдісі).

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталды; жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру - заман талабына сай ұтқыр, сауатты, кәсіби даярлаудың бастапқы жағдайы, мәселенің түйінді сөздері теориялық тұрғыда айқындалды. Зерттеу мақсатына орай тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны және әдістемесі дайындалып, анықтау эксперименті жүргізілді.

Екінші кезеңде (2018-2019 ж.ж.) болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, жоспарға сәйкес қалыптастыру эксперименті

жүргізілді. Онда болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесі сынақтан өткізіліп, зерттеу нәтижелері талданды.

Үшінші кезеңінде (2019-2020 ж.ж.). Зерттеу нәтижелерін қорытындыланып және эмперикалық мәліметтер жүйеленіп және талданып, алынған нәтижелер сандық және сапалық өңделді, қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеу базасы: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Сынаққа жалпы саны – 143 студент қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері айқындалды;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды (мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру-әрекеттік және критериалды бағалау блогтарын қамтиды);

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталды;

- ЖОО кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперименттік тәжірибемен дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде практикалық іске асырылды.

- зерттелетін үдеріс ғылыми негізделген оқу-әдістемелік еңбектермен қамтамасыз етілді. ЖОО-ның оқу үдерісіне «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсы оқыту іс жүзінде жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын факультеттері мен бөлімдерінде, педагог кадрлар біліктіліктерін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық-теориялық негіздері;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары;

- жоо кәсіптік оқыту студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігінің негізделуі.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі. Зерттеу әдіснамасының қойылған проблемаға сәйкестілігімен, зерттеу нысанының мазмұндық және процессуалдық сипаттарының теориялық деңгейде жан-жақты қарастырылуымен, оларды іс жүзінде қолдануға болатынымен және

зерттеушінің осы бағыттағы практикалық жұмыс тәжірибесімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапты.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 17 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми жұмыс жарық көрді. Оның 3-уі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 7 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 3 мақала шетелдік ғылыми журналында, 1 электронды оқулық, 1 әдістемелік нұсқау жарық көрді.

Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған ғылыми еңбектердің жалпы саны – 17 мақала жарияланды.

Олар:

1. Aidarov B.Zh., Yussubali N. Kamalov, Nazira P. Tangkish Development Factors of the Lecturers' Professional Mobility in System of Higher Education in Kazakhstan
Copyright © 2020 by Academic Publishing House Researcher s.r.o. All rights reserved. Published in the Slovak Republic European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 2020, 9(3): 490-504 DOI: 10.13187/ejced.2020.3.490 www.ejournal1.com (scopus)
2. Zhanat Nurzhanbayeva, Aidarov B.Zh., Almagul Baltabekova, Gavkharbek Makhmudov, Yusubaly Kamalov and Nayila Seisen Semantic Guidelines and Conceptual Basis of a Social Education Teacher Professional Mobility in the Pedagogical Science
Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment VOL. 8 NO. 3 (2020), 560-566 General Articles (scopus)
3. Айдаров Б.Ж., Ұзақбаева С.А., Камалов Ю.Н. Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы //Ясауи университетінің хабаршысы, №4, 2019
4. Aidarov B.Zh., Tangkish N.P., Utegenov B.D. Professional pedagogical mobility and specific features of its formation //«Вестник НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук» № 4, 2020ж.
5. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н. Педагогтың кәсіби ұтқырлығының құрылымы//Ясауи университетінің хабаршысы, №3, 2020
6. Айдаров Б.Ж. Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлық қарым қатынастарын дамыту үшін оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру жолдары //Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті. «Білім саласындағы рухани жаңғыру мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Шымкент-2018

7. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н., Танкиш Н.П. Болашақ педагогтарда кәсіби-педагогикалық ұтқырлықтың қалыптасуы бойынша болатын эксперименталдық жұмыс //Әуезов оқулары-18: Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай «ұлы Абайдың рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері, том 3, Шымкент, 2020.
8. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н., Танкиш Н.П., Aidyn Zor. Болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығының қалыптасу үдерісінің моделі //Материалы международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» 31 марта 2020 года вып. 57 сборник научных трудов. –Переяславль, 2020.
9. Айдаров Б.Ж., Есиркеп Г.Ж., Шалдарбекова А.Б., Алипбек М.Р. Реализация академической мобильности в Казахстане: основные достижения //«Innovative Processes Management in the Context of Education and Science Modernization» Materials of the III International Scientific-Practical Conference April 7-9, 2021 Hamburg (Germany) Volume II Hamburg, 2021.
10. Айдаров Б.Ж., Танкиш Н.П., Тасболтаева М.Р. Кәсіби педагогикалық ұтқырлықтың қалыптасуының теориялық негіздері//«Әуезов оқулары - 19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2021.
11. Айдаров Б.Ж., Танкиш Н.П., Камалов Ю.Н., Алипбек А.З., Койшиев К.Е. Профессионально-педагогическая мобильность как педагогическая категория//«Prospects for the Development of Modern Science» Materials of the V International Scientific-Practical Conference March 11-13, 2020 (Seoul, Korea) Volume II Seoul, 2020
12. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н. Научно-теоретическая значимость системного подхода в формировании профессиональной мобильности будущих педагогов профессионального обучения //Научный журнал. «Научное обозрение». Фундаментальные и прикладные исследования. - 2020. -№ 2.
13. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н., Танкиш Н.П. Понятийный статус профессиональной мобильности педагога //ISCIENCE.IN.UA «Актуальные научные исследования в современном мире», Выпуск 10(54), март, 2021. ISSN 2524-0986
14. Aidarov B.Zh., Kamalov Yu.N. Pedagogical opportunities of professional mobility formation of future professional education teachers//Akdeniz üniversitesi güzel sanatlar enstitüsü uluslararası lisansüstü eğitimi sanat ve tasarım sempozyumu. 06/07 may, 2020.
15. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н. Кәсіби ұтқырлықты болашақ кәсіптік оқыту педагогының бойында қалыптастырудың алғышарттары мен жолдары // ЖОО студенттеріне, ЖОО оқушыларына және осы мәселеге қызығатын

- жалпы оқырман қауымына арналған электронды оқу құралы. -Шымкент: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. -2020.
16. Айдаров Б.Ж., Камалов Ю.Н. «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсына оқытуға арналған әдістемелік нұсқау. Шымкент, 2020.
 17. Yussubali N. Kamalov, Aidarov B.Zh., Nazira P. Tangkish Interactive tools for the development of professional mobility of the future teacher //Proceeding VIII International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2021, Volume IV M. Auezov South Kazakhstan University Shymkent, Kazakhstan November 10-11, 2021

1. БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ-ТЕОРИЯЛЫҚ- НЕГІЗДЕРІ

1.1 Педогогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі көрінісі

Қазіргі кезеңдегі кәсіптік білім алушы болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесінің қойылу жағдайы Қазақстан Республикасының кәсіптік білім берудегі орталықтар мәселесінің біріне айналған. Маман ретінде педагог бірден қалыптасып тұрмайды. Оны қалыптастыру керек болады. Бұл әсіресе педагогтың кәсіби ұтқырлығына қатысты жайт. Педагогикалық жоғары оқу орнындағы әрбір түлектің кәсіби ұтқырлық деңгейі қаншалықты жоғары деңгейде қалыптасатындығынан оның үнемі өзгеріп отыратын өмір жағдайларында жедел әрекет етуі, өз қызметінің мазмұнын еңбек нарығының талаптарына қатысты икемді қайта құру қабілеттері секілді мүмкіндіктерін анықтайды. Сондықтан да болашақ кәсіптік білім алушы педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру кәсіптік білім беруді жаңартудың негізгі құрама бөліктерінің бірі болып табылады.

Қазақстанда жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің басымдығы білім, ғылым және өндірістің ұштұғырлылығы болып табылады [1]. Осыған орай, болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қажеттілігі артып отыр. Кәсіптік білім беру қазіргі кезде «қандай да бір кәсіп шеңберіндегі бір кәсіп бойынша білікті қызметке қажетті жүйеленген білімді, іскерлік пен дағдыны, сондай-ақ белгілі бір кәсіптік ортада қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеру үдерісі, өнімі және нәтижесі» деп түсіндіреді К.У.Устемиров. Басқаша айтсақ, қазіргі кәсіптік білім дегеніміз - белгілі бір кәсіппен айналысу үшін қажетті көзқарастарды (құндылық-мағыналық қатынастар), түсініктерді, білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру мен дамыту үдерісі. Кәсіптік білім беру кәсіптік оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерісінде жүзеге асырылады (С.Я.Батышев, В.Г.Гладких, А.Жолдасбеков, Э.Ф.Зеер, В.В.Кузнецов, А.К.Маркова, Д.Қ. Пошаев, А.А.Реан, Г.М.Романцев, Е.В.Ткаченко, К.У.Устемиров, И.Б.Сихимбаев).

Кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіптік оқыту «мамандық бойынша ғылыми-техникалық білімдер жүйесін үйрену, сонымен қатар әдеттегі кәсіби мәселелерді шешу дағдылары мен біліктерін игеру бойынша білім алушы мен инженер-педагогтың бірлескен қызметі» ретінде әрекет етеді [2].

ЖОО-да кәсіби білім алушы педагогты даярлаудың мақсаты бастауыш, орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру мекемелерінде және өндірісте тұтастай педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға қабілетті, алуан түрлі кәсіби бағыттарға қатыса алатын, ғылыми, психологиялық, педагогикалық және өндірістік-технологиялық мәселелерді жедел шеше алатын жаңа формациядағы маман қалыптастыру болып табылады (А.П.Сейтешев, К.Б.Сейталиев, А.А.Бейсенбаева, Ш.Т.Таубаева, Р.К.Толеубекова, Г.К.Нұрғалиева, К.А. Дуйсенбаев және т.б.).

«Кәсіптік оқыту» мамандығы түлегінің мақсаты мен біліктілік сипаттамаларына сүйене отырып, біз кәсіптік оқыту педагогын даярлаудың жетістігін анықтайтын факторлар жиынтығында оның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға басты назар аударып, маңызды рөл береміз. Педагог қызметінің ерекшелігі - кәсіби ұтқырлық оның айрықша белгісіне айналатын болғандықтан, оны қалыптастырусыз біздің түлегіміз тұлға ретінде де, кәсіби маман ретінде де орын таба алмайды.

«Кәсіби ұтқырлық» ғылыми аралық категориясының мағыналық бағдарларын біз еліміздің дамуының жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлары тұрғысынан, жаңа мамандықтардың пайда болуына алып келіп жатқан технологиялық прогресс пен технологиялық жаңа енгізулер, өмірдің өндірістік, білім беру және басқа да салаларында болып жатқан модернизациялау үдерісінде қарастырамыз.

Бұл әр түрлі ғылымдар өкілдерінің «кәсіби ұтқырлық» құбылысына ғылыми қызығушылықтарының қарқынды өсуін түсіндіреді. Қызығушылық, бір жағынан, қоғамдық даму қарама-қайшылықтарын анықтайтын негізгі капиталға - «көшкін сияқты» өсіп, үздіксіз жаңартылып отыратын білімге, ақпарат ағынына байланысты болып келеді. Екінші жағынан, бұл қоғамның «жылдамдығы бүгінгі ұрпақтың өзгеру жылдамдығынан асып түсетін» өндірістік-технологиялық салаларының жылдам және қарқынды дамуына байланысты негізделеді (Б.М.Игошев, 2008).

Постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшу еңбек нарығындағы жағдайды түбегейлі өзгертеді. Білім беру мекемелерінің түлектері елде болып жатқан өзгерістерге байланысты жиі әрекет етуге, басқа мамандықтарға қарай қайта бағдар жасауға, өмірдің жаңа жағдайларына бейімделе отырып, кәсіби мәртебесін бірнеше рет өзгертуге мәжбүр болады. Бұл жағдай педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мәселесін өзекті етіп отыр.

Көптеген басылымдарды, диссертациялық зерттеулерді және жеке педагогикалық тәжірибені талдау кәсіби ұтқырлықтың проблемалары мен перспективаларын әр түрлі ғылым өкілдері зерттегенін және зерттеп жатқанын көрсетеді. Философтар (Б.С.Гершунский, К.Попер, И.Пригожин, Л.А.Сорокина, И.Т.Фролов және басқалар). Әлеуметтанушылар (Т.А. Аракелова, П.Бурдиеу, И.В.Василенко, Ю.Вениге, Дж.Дедор, О.Дункан, Г.Е.Збровский, И.А.Смирнова, П.А.Сорокин, В.А.Суровнева, С.Шоу және басқалар). Педагогтар (Л.А.Амирова, Ю.И.Биктуганов, Т.М.Болшакова, Л.М. Горюнова, В.Н.Дюнина, Б.М.Игошев, Ю.И.Калиновский және т.б.) Психологтар (Е.Ф.Зеер, Е.А.Климов, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.С. Пряжников және т.б.) және басқа да ғылым өкілдері. Және де әрбір ғылым адам өмірінің әр түрлі салаларында және үдерістерінде болып жатқан өзгерістерге ұтқыр жауап беруге өз үлестерін қосуда[3].

Экономистер кәсіби ұтқырлықты әлеуметтік-экономикалық кеңістіктегі еңбекке қабілетті халықтың қозғалысы ретінде қарастырады, әлеуметтанушылар - қоғамның әлеуметтік қабаттарындағы адамдардың қозғалысы ретінде, психологтар - тұлға құрылымын қайта құруға және өмірдің

жаңа жағдайларына бейімделуге дайындық ретінде, педагогтар - жаңа технология мен кәсіби қызметті игеру қабілеті ретінде қарастырады.

Кәсіби ұтқырлық проблемасының әртүрлі аспектілері Қиыр шетел ғалымдарының да назарын аударды (Mol C. V. [4], Rodrigues M.[5], Kari Stunell [6], Hou Tiejian [7], Andrea Ágnes Reményi [8]).

Отандық ғылымда және Таяу шетелдерде кәсіби ұтқырлық проблемасы әртүрлі аспектілерде зерттелуде. Кәсіби ұтқырлықтың мәні, ерекшеліктері, мазмұны мен сипаттамалары О.В.Амосов, О.М. Белоцерковский, Р.Г. Громова, О.М.Дудина, В.В.Запарий, Е.В.Зайцева, Ю.И.Калиновский, А.Т.Конкова, Л.Н.Лисохина, М.Л. Максимова, М.А. Ратникова, Н.Д.Томина, Н.Ф. Хорошко және басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Кәсіби ұтқырлыққа дайындық мәселелері С.В.Нужнова және Е.Г. Неделько жұмыстарында қамтылған. Студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы ЖОО-ның рөлі мен маңызы мәселесі Б.Л.Агранович, В.И.Жуков, Е.А.Князева, В.Л.Матросов, В.А.Сластенин, Г.Ф.Шафранов-Куцевтің және т.б.) еңбектерінде айқындалып ашылған болатын.

Педагогикалық құралдар мен технологияларды сауатты қолдана отырып, білім беру ортасының әлеуетін, болашақ маманның кәсіби ұтқырлығының негізін қалайтын көптеген қасиеттері мен қабілеттерін тиімді пайдалану арқылы оның тұлға ретінде және кәсіби маман ретінде дамуының қуатты түртікісі болатындығы анықталды.

Кәсіби ұтқырлық проблемасының әр түрлі бағыттары бойынша диссертациялық зерттеулер жүргізілді. Ю.Ю. Дворецкая [9] жеке тұлғаның кәсіби ұтқырлығының психологиялық құрама бөліктерін зерттеді. Л.А.Амирова [10] қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби ұтқырлығын зерттеді. К.С.Успанов, С.А. Узакбаева, Ж.Н. Бисенбаева - болашақ мұғалімдердің кәсіби ұтқырлығын педагогикалық процесті ізгілендіру негізі бойынша қарастырған[11]. Б.М. Игошев кәсіби-ұтқыр педагогтарды оқытуды жүйелік-интегративті ұйымдастыруды зерттеді [12]. Е.А.Никитина - маман даярлаудағы кәсіби ұтқырлықтың функционалдық маңызын зерттеді[13]. С.Е.Каплина болашақ инженерлердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тұжырымдамалық және технологиялық негіздерін жасады [14]. А.Ю.Львов [15] педагогикалық университет студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын жасады және негіздеді. О.В.Кердяшева [16] ЖОО-ның білім беру үдерісінде студенттердің кәсіби ұтқырлығына дайындықты қалыптастыру шарттары. Е.А.Боярко[17] дамушы аймақтық университет кешені жағдайында болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды зерттеді. В.А.Мищенко [18] студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың аймақтық моделін жасады.

«Кәсіби ұтқырлық» санатына арналған мағыналық сілтемелерді іздеу барысында басқа да ғылыми дереккөздерді талдай отырып, біз белгілі бір қорытындыға келдік. Көбіне кәсіби ұтқырлық әлеуметтік ұтқырлықтың өзіндік маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады.

О.В.Шатунова «кәсіби ұтқырлық» категориясын осы қатынастан көреді [19]. В.В.Горбачев бұл тұжырымдаманы «әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық» түсінігіне біріктіреді және оның жоғары білім жағдайында қалыптасу жолдарын зерттейді [20]. А.А.Ярцев болашақ педагогтың әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын дамыту генезисіне тоқталады [21]. Е.Р.Ипатов [22] ЖОО студенттерінің әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық технологиясын жасады. В.В.Нурмухамедова қазіргі қоғамдағы адамның әлеуметтік ұтқырлығын қамтамасыз етудегі білім берудің рөлін әлеуметтік-философиялық жағынан негіздей отырып, осы бағытқа өз үлесін қосады [23].

Тіпті социологиялық энциклопедияда да [24] кәсіби және әлеуметтік ұтқырлықтың мағыналық қатынасы байқалады, мұнда кәсіби ұтқырлық деп жұмыс орнының немесе кәсіптің өзгеруіне байланысты қызметкердің еңбек жағдайының немесе дәрежесінің өзгеруі түсіндіріледі.

Е.Ф.Зеер кәсіби ұтқырлықты әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктермен байланыстыра отырып, онда жұмысшының орындайтын өндірістік міндеттерін өзгертуге, жаңа мамандықтарды игеруге дайындығы мен қабілетін көреді [25; 26].

Егер кәсіби ұтқырлықты әлеуметтану мен педагогика тұрғысынан салыстыратын болсақ, онда мұны үдеріс деп айтуға болады. Ал психологияда «кәсіби ұтқырлық» категориясы негізінен жеке тұлғаның сапасы ретінде түсіндіріледі. Бұл категорияны тұлғаның қасиеті деп тани отырып, педагог В.А.Мищенко «бұл қасиет бастапқыда белгілі бір деңгейде әр түрлі дәрежедегі әр түрлі адамдарға тән және сонымен бірге ол әлеуметтену үдерісінде қалыптаса алады» деп атап көрсетеді [27].

Әлеуметтік және кәсіби ұтқырлықты салыстыра отырып, соңғысы (кәсіби ұтқырлық) - бұл тар түсінік екені айқындалды [28].

Бірқатар басқа ғылыми дереккөздерді талдау (Ю.А.Биктуганов, Б.М. Игошев, А.А.Пудин, О.В.Шатунова және т.б.) «ұтқырлық» ұғымын алғаш рет ғылыми айналымға 1927 жылы әлеуметтік ұтқырлық теориясының негізін қалаушылардың бірі П.А.Сорокиннің адамның қоғамға тез әлеуметтік және кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін тұлғалық жеке қасиеттерін белгілеу үшін енгізгендігін көрсетеді [29].

Біраз уақыттан кейін, 1950-1960 жж. кезінде «ұтқырлық» құбылысын зерттеу көптеген басқа ғалымдардың (Э.Ф.Джексон, Г.Д.Крокетт, П.М.Бол, О.Д.Данкен, Б.Шефер және басқалар) еңбектерінде өз дамуын жалғастырды. Олардың көзқарасы бойынша ұтқырлық өзінің көрінісін тұрақты ішкі (тұлғалық-психологиялық) және сыртқы (тәжірибелік-әрекеттік) өзгерістерге дайын болудан, оларға жедел жауап әрекетін жасаудан, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлық бойынша өсуден мәнін табады [30].

С.В.Нужнова [31] көрсетілген бұл мәселені кәсіби педагогикада белсенді қарастыру 70-ші жылдары басталғанын атап өтеді. Автор сол жылдардағы кәсіби ұтқырлық негізінен жұмысшының сол кәсіп немесе өндіріс шеңберінде орындалған өндірістік тапсырмаларды, жұмыс орындарын, тіпті

мамандықтарды тез өзгертуге дайындығы мен қабілеттілігі ретінде анықталғанына назар аударады. Бұған техникалық өзгерістердің әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе ондағы өзгерістерді жылдам игеру мүмкіндігі де кірді.

Автор қарастырылып отырған ұғымның бұл түсіндіруін едәуір шектеулі деп санайды, өйткені ол «адам - адам», «адам - табиғат» және т.б. жүйелерінің басқа жіктеулердегі кәсіптік ұтқырлығы шеңберінен тыс қалдырып, техникалық мамандықтардың ерекшеліктерін ғана көрсетеді. Бұл түсіндірудің мағыналық мәнінде жоғары қарқынмен жүріп жатқан қоғамдағы әлеуметтік, мәдени-тарихи өзгерістер мен экологиядағы, табиғаттың ғаламдық өзгерістері назарға алынбаған деп есептейді [32].

Кәсіби ұтқырлық проблемасын одан әрі психологиялық-педагогикалық зерттеу (Л.Б.Горюнова, С.А.Кугель, М.И.Дьяченко, Н.Ф. Хорошко және басқалары) оның басқа да мағыналық мәндерін көрсетті. Мәселен, белгілі авторлар М.И.Дьяченко мен Л.А.Кандыбович кәсіби ұтқырлық негізінде жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейін, жалпыланған кәсіптік техникалар жүйесін меңгергендігін және оларды өз кәсіптері саласындағы кез-келген тапсырмаларды орындау үшін тиімді қолдану қабілеттерін көреді [33].

А.И.Архангельский [34] кәсіби ұтқырлықты жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерінің эволюциясына қатысты белгілі нақтылауды талап ететін өзін-өзі жетілдіру үшін көптеген жолдары бар мансаптық көтерілу деп санайды. Сонымен бірге, автор адамның жеке әлеуетіне, оның әртүрлі іс-әрекеттегі білімдерін, қабілеттерін, дағдыларын жүзеге асыра алуына, жаңа кәсіби күзиреттіліктерді игеруіне үлкен мән береді.

О.А.Малыгина кәсіби ұтқырлықты «өзі оқыған кәсіп шеңберінде жаңа жетістіктерді игеру немесе жаңа кәсіпті игеру мақсаты болып табылатын субъектінің іс-әрекетінің бір түрі» деп түсіндіреді [35].

А.И. Ковалеваның пікірінше [36], кәсіби ұтқырлықты икемділік пен белгілі бір жұмыс саласындағы өзгерістерге бейімделу қабілеті бар, қажетті білімді өз бетінше алатын, шығармашылық ойлау қабілетін дамытатын және өзін-өзі үздіксіз кәсіби жетілдіруге ынталандыратын жұмысшылар көрсетеді.

Педагогтың кәсіби ұтқырлығының тікелей мәнін қарастыра отырып, Г.Исмаилова жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің кәсіби ұтқырлық деңгейлерін анықтады [37]. Л.С.Пилецкая [38] кәсіби ұтқырлықтың анықтамасын жүйелік көзқарас тұрғысынан қамту тенденцияларын ашады. Л.В.Горюнова кәсіби ұтқырлықты маман дамуының ғылыми-педагогикалық мәселелерінің назарына қояды [39].

Жаңа білім беру парадигмасында авторлар тобы (Э.Ф.Зеер, С.А. Морозова, Э.Э.Сыманюк) кәсіби ұтқырлықты «инновациялық қызмет субъектісінің интегралдық сапасы» деп қарастырады. Авторлар кәсіби ұтқырлықтың мазмұнын құраушы бөліктері деп: мамандық таңдау, ондағы жетілу, жұмыс немесе кәсіптің ауысу шарттарын, кадрлардың және басқа да компоненттердің орнын ауыстыруын анықтауды атайды [40]. Т.Б.Котмакова жеке тұлғаның оқуға деген мотивациясымен, шығармашылық қызметке

кабілеттілігімен, жылдам бейімделуімен, ақпараттық жеделдігімен сипатталатын интегративті сапа кәсіби ұтқырлық деп аталады[41]. Е.Ж.Баженова «кәсіби ұтқырлық» категориясын академиялық ұтқырлықты қалыптастыру, дамыту және жетілдірудің негізі ретінде қарастырады[42].

Ю.Ю. Дворецкаяның психологиялық тұрғыдағы [43], кәсіби ұтқырлығы - бұл субъективті қалыптасу үдерісімен байланысты тұлғаның бейімделу механизмін көрсетеді (Краснодар,2007). Л.А.Амирова [44] кәсіби ұтқырлықты құрылымындағы тұлғалық қасиеттері мен білімдердің бірлігінде болатын құндылық-мағыналық құрылым ретінде берілген тұлғаның бағдарлауынан көреді.

В.А.Солоненко [45] кәсіби ұтқырлық категориясын негізгі және кәсіби күзіреттіліктермен байланыстырады, оны адамның негізгі және кәсіби күзіреттіліктерді сапалы және жылдам игеруге дайындығының және кабілеттілігінің интегративті сипаттамасы ретінде түсіндіреді. Ал, автор Б.Т.Кенжебаев [46] бұл категорияны негізінен кәсіби күзіреттілік критерийі ретінде қарастырады және де онымен келісуге әбден болады.

Ю.Ю.Дворецкая кәсіби ұтқырлықты кәсіби дамудың интеграциясы үшін қажетті жеке тұлғаның сипаттамасы ретінде қарастырады [47]. А.Ю.Львов бұл түсінікті «еңбек нарығындағы әр түрлі объективті және субъективті факторлардың ықпалынан өзін-өзі орналастыруға байланысты кәсіби қызмет субъектісінің тұлғалық және әрекеттік сипаттамаларының сандық пен сапалық өзгерістерінің ұзақ үдерісі» деп түсіндіреді» [48].

Кәсіби ұтқырлықтың мәні туралы басқа да пікірлер де кездеседі. Мысалы, А.Н.Семученко кәсіби ұтқырлықтың негізінде, ең алдымен, жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейі, жалпыланған кәсіби ұстанымдар жүйесін меңгеруге және оларды өз кәсібінің саласындағы міндеттерді орындау үшін тиімді қолдана білу жатыр деп санайды [49].

Л.К.Фортова мен А.Ю.Кужекованың пікірі бойынша [50] - кәсіби ұтқырлық дегеніміз тұлғаның интегративті қасиеті, оған келесі:

- өздігінен білім алу уәждемесінің эволюциясын болжайтын, сондай-ақ шындықты позитивті қабылдауға және мамандықтың өзгеруіне қатысты дұрыс антиподтарды қалыптастыруды болжайтын кәсіби ұтқырлықтың қалыптасқан эндогендік қажеттілігі;

- жалпы білім беру және кәсіптік білім, өмірлік, әлеуметтік және біліктілік күзіреттіліктері;

- жеке тұлғаның креативті, сыни ойлауына, танымдық қызығушылығына бастау жасайтын кәсіби ұтқырлық қабілеті;

- кәсіби өзін-өзі танытуға дайындық секілді құрама бөліктер жатады.

Сонымен, «Кәсіби ұтқырлық» ұғымының мәнін аталып өткен ақпарат көздерін талдау негізінде аша отырып, оның мағыналық мазмұнының толығын әр түрлі ғалымдардың түсіндіру барысында анық байқауға болады (1-кесте).

Кесте 1 - Түрлі ақпарат көздеріндегі «кәсіби ұтқырлық» категориялық ұғымының мағыналық толығы

Ұғым	Анықтама	Ақпараттық көздердің шығуы жөніндегі мәліметтер
Ұтқырлық	Шапшаң, жылдам ауысуға қабілетті; жылдам әрекет етуге, шешім қабылдауға қабілетті.	С.И.Ожегов, Н.Ю.Шведова Толковый словарь рус-ского языка. -М.: РАН, 1993, 361-бет.
Ұтқырлық	Өсіп келе жатқан материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекетке бейімділігі, қоршаған әлеммен және осы әлемнің бір бөлігі ретінде өзінің қоршаған әлеммен үйлесімділікке ұмтылысы.	Социология: Энциклопедия. А.А. Грицанов [и др.]. - Минск: Интерпресссервис, 2003. - 1312 б.
Ұтқырлық	Басқа қызметке сәтті ауысу немесе жұмыс түрін өзгерту мүмкіндігі және қабілеті; жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейі, өз кәсіби саласындағы әр түрлі тапсырмаларды орындаудың оңтайлы ұстанымдарын жедел іріктеуге және іске асыруға дайындығы.	Ю.А.Биктуганов, Б.М. Игошев. Формирование мобильности педагогов — перспективное направление деятельности Уральск. гос. пед.универ. //Педагогическое образование в России. -2013. -№ 3. -С. 6-9.
Кәсіби ұтқырлық	Өзгерістерге ішкі (тұлғалық-психологиялық) және сыртқы (тәжірибелік-әрекеттік) тұрақты дайындық, оларға жедел әрекет ету, әлеуметтік және кәсіби жылдамдық.	Психологтар мен студент-терге арналған анықтама сайты /psinovo.ru>...po...i...professionalnaya_mobilnost.html
Кәсіби ұтқырлық	Кәсіби қызметтің өзгермелі жағдайына бейімделудің жетістігін негіздейтін тұлғаның интегралды қарқынды сапасы, білім берудегі инновацияларды игеруге және өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға дайындығы, кәсіби қоғамдастықта және педагогикалық қызметте өзін-өзі таныту.	Б.М.Игошев. Системно-интегративная организация подготовки профессионально-мобильных: автореф...дисс. д.п.н., 13.00.08. -М.: 2008. 43 с.
Кәсіби ұтқырлық	Инновациялық қызмет субъектісінің интегралды сапасы, мұндағы мамандық таңдау, онда өзін-өзі жетілдіру, жұмыс орнын немесе кәсібін өзгерту жағдайларын анықтау мазмұндық құрама бөліктері болып табылады.	Е.Ф.Зеер, С.А.Морозова, Э.Э.Сыманюк. Профессиональная мобильность – интегральное качество субъекта инновационной деятельности //Педагогическая наука в России. -Екатеринбург: Изд.дом. Уральск МПУ, № 5, 2011. с. 90-97.
Кәсіби ұтқырлық	Субъектілік қалыптасу үдерісімен байланысты тұлғаның бейімделу механизмі	Ю.Ю. Дворецкая. Психология профессиональной мобильности личности: 19.00.01. -Краснодар, 2007. - 24 б.

Кәсіби ұтқырлық	Құрылымында тұлғалық сапа мен білім беру бірлігіндегі құндылық-мағыналық құрылым түрінде берілген тұлғаның бағдары.	Л.А. Амирова. Развитие профессиональ-ной мобильности педагога в пространстве его личностной самореали-зации /Амирова Л.А. - Уфа: Восточный университет, 2006. – 460 с.
Кәсіби ұтқырлық	Тұлғаның негізгі және кәсіби күзiреттiлiктердi сапалы және жылдам игеруге дайындығы мен қабiлетiнiң интегративтiк сипаттамасы.	В.А. Солоненко. Формирование профес-сиональной мобильности будущих экономистов-менеджеров в образова-тельном процессе вуза: автореф. дисс. канд.пед. наук: 13.00.08. – Брянск, 2010. – 22с.
Кәсіби ұтқырлық	Кәсіби дамудың жиынтығы үшін қажеттi тұлғаның сипаттамасы.	А.К. Маркова Психология профессионального мастерства. - М.: Международный фонд «Знание», -1996. - 308 б.
Кәсіби ұтқырлық	Инженердiң кәсiби мәдениет пен кәсiби күзiреттiлiк компоненттерiнiң базалық жиынтығы кiретiн өндiрiстiк жағдайларға табысты бейiмделуге дайындығының интегративтiк сипаттамасы	С.Е. Каплина. Концептуальные и техно-логические основы формирования профессиональной мобильности будущих инженеров в процессе изучения гуманитарных дисциплин: автореф.: пед. ғыл. докторы дис. 13.00.08 - Чебоксары, 2008.- 48 с.
Кәсіби ұтқырлық	Өртүрлi объективтi және субъективтi факторлардың әсерiнен еңбек нарығында өзiн-өзi орналастырумен байланысты кәсiби қызмет субъектiсiнiң тұлғалық пен әрекеттiк сипаттамаларының сандық және сапалық өзгерiстерiнiң ұзақ үдерiсi.	А.Ю.Львов. Теоретические основы исследования становления профес-сиональной мобильности студентов педагогического университета: автореф.дис. к.пед.наук: 13.00.08. - СПб, 2011. - 23 с.
Кәсіби ұтқырлық	Қиындық жағдайына жедел әрекет етуге ықпал ететiн және кәсiби-педагогикалық мiндеттерi мен болжауды шешуге арналған ұстанымдары мен нұсқаларын таңдау кезiндегi студенттiң субъектiлiк белсендiлiгiнiң барлық ықтимал мүмкiндiктерiн өзектi ететiн тұлғалық қасиетi.	Е.А.Никитина. Педаго-гические условия форми-рование профессиональной мобильности будущего учителя: автореф. дисс.. к.пед.наук. - 13.00 01. - Иркутск 2007. -22 б.
Кәсіби ұтқырлық	Кәсіби күзiреттiлiк критерийi	И.Г. Шпакина. Развитие компетентности руководи-телей школ в вопросах управления персоналом в муниципальной системе образования: автореф. дис. к.пед. наук: 13.00.08. - Омск, 2007. - 23 б.
Кәсіби ұтқырлық	Адамның кәсiбiн өзгертуге дайындығын көрсететiн және	В. А. Мищенко Факторы формирования функцио-нальной

	тұлғалық қабілеттеріне, өмірінің сыртқы жағдайларына және оның әлеуметтенуіне байланысты, соның ішінде әртүрлі білім беру құрылымдарында алынған кәсіби-психологиялық дайындыққа бағытталған адамның сапасы.	мобильности в системе высшего профес-сионального образования //Вестник Югорск. государстве. университета. Вып.4 (11), 59-63 с.
Кәсіби ұтқырлық	Студенттің кәсіби қызмет түрінің және / немесе орнының өзгеруіне деген ішкі көзқарасында көрініс табатын интегративті жеке қасиеттер ішкі көзқарас пен өзін-өзі бағалауда, кәсіби дамуға, жетістікке деген ұмтылысы мен қабілетінде көрінеді.	О.В. Кердяшева. Педагогические условия формирования готовности к профессиональной мобильности студентов в образовательном процессе вуза: автореф. дисс. к.пед.наук: 13.00.0. - Воронеж, 2010. - 204 б.
Кәсіби ұтқырлық	Мақсаты өзі алған мамандық шеңберінде жаңа жетістіктерді игеру немесе жаңа кәсіпті игеру болып табылатын субъект қызметінің түрі.	О.А. Малыгина. Формирование основ профессиональной мобильности в процессе обучения высшей математике. –М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010. – 308 с.
Кәсіби ұтқырлық	Жеке тұлғаның жаңа техникалар мен технология-ларды тез және сәтті игеруге, жаңа кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін жетіспейтін білімдер мен дағдыларды алуға қабілеттілігі мен дайындығы.	Психология. Словарь. /ред. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. - М.: Политиздат, 1990. - Б.353.
Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру	ЖОО-дағы білім беру үдерісінің барлық субъектілерімен өзара әрекеттесу негізінде құрылатын кәсіби дайындалу үдерісі.	Е.А. Никитина Педагогические условия формирования проф. мобильности будущего учителя: автореф. дисс. к.пед.наук - 13.00 01. – Иркутск, -2007. -22 с.

Жеке авторлардың еңбектеріндегі «кәсіби ұтқырлық» феноменін түсіндірудің әртүрлілігін жоғарыда келтірілген талдауға сүйене отырып, оның үш жақты сипатына назар аударайық.

Бірінші жағынан, кәсіби ұтқырлық жалпы кәсіби білімдердің жоғары деңгейлерін қалыптастыру, жалпыланған кәсіби ұстанымдары мен негізгі құзіреттіліктер жүйесін иемдену арқылы адам дамуының ішкі механизмін қамтамасыз ететін тұлғаның сапасы ретінде әрекет етеді.

Екіншіден, өзгермелі жағдайлармен анықталатын адамның қызметі ретінде, оның нәтижесі еңбек нарығының талаптарына байланысты мамандық пен өмірде икемді қайта құру мен шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі таныту мүмкіндігі болып табылады.

Үшіншіден, тұлғаға айналу - өзін және қоршаған өмірді, сондай-ақ кәсіби ортаны өзгерту үдерісі ретінде қарастырылады.

Барлық үш жақ та адамның белгілі бір тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне ие болған жағдайда ұтқыр бола алатындығын көрсетеді, ал егер оның ұтқырлық

дәрежесі мен деңгейі өзін үнемі өзгертіп отыратын өмір жағдайларында кәсіби-тұлғалық даму үдерісінде жүзеге асырылса ғана өзін көрсете алады [51].

Кәсіби ұтқырлықтың мағыналық бағдарлары туралы талқылай отырып, ұтқырлық жеке тұлғаның нарық қажеттіліктеріне бейімделуімен, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзгерту және өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қанағаттандырумен тікелей байланысты деп айта аламыз.

Кәсіби ұтқырлық адамның өз кәсібін, орнын, қызмет түрін және басқаларын өзгерту мүмкіндігімен ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби шеберлігінің деңгейін көтеруге бағытталған тәуелсіз және стандартты емес шешімдер қабылдау қабілетімен сипатталады. Еңбек нарығында сұранысқа ие болу, жоғары бәсекелестік ортадағы материалдық қауіпсіздік кепілі ретінде қызмет етеді.

Кәсіби ұтқырлықтың маңызды сипаттамаларында ғалымдар оның объективті, субъективті және сипаттамалық аспектілерін ажыратады. Объективті жағына мамандық пен мәртебе жағдайын, сондай-ақ осы өзгерістер үдерісін мәжбүрлі түрде өзгертуге әкелетін ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды жатқызады. Субъективті жағының құрамында олар қызметкердің мүдделерін өзгерту үдерісі және кәсіби мәртебесін өзгерту, жұмыс орнын немесе қызмет түрін өзгерту туралы шешім қабылдау мотивін атайды. Сипаттамалық тұрғыдан кәсіби ұтқырлық жеке тұлғаның азды-көпті тұрақты қасиеті ретінде, аралас жақын кәсіптерді игеруге дайындықтары не болмаса бейімділіктері ретінде және жұмыс саласын өзгертулері ретінде әрекет етеді.

Ғылыми ортада біз тік және көлденең ұтқырлық туралы жиі айтамыз. Әлеуметтік мәртебенің өзгеруін көздейтін тік ұтқырлық дегеніміз - қызметкердің кәсіби және біліктілік құрылымындағы мансап сатысы бойынша төменгі деңгейден жоғары деңгейге (жоғары және төмен жылжу) қадамдары бойынша қозғалысы түсіндіріледі. Ал, бір кәсіптің немесе лауазымның шеңберінде, бір мәртебелік деңгейде жеке тұлғаның өзгеруі көлденең ұтқырлық болып табылады [52].


Қолданылған ғылыми материалдарға сүйене отырып және кәсіби ұтқырлық құрылымы негізінде оның қалыптасуын бағалаудың өлшемдерін болжауға болады. Бұл кәсіби ұтқырлықтың әр түрлі құрама бөліктері болуы мүмкін. Мысалы, Р.Ш.Ханованың [53] мұндай критерийлері болып:

Педагогтың ұтқырлық деңгейі (жетекші сипаттамалары және кәсіби маңызды қасиеттері);

- кәсіби қажеттіліктер (кәсіби қызметтің әрекет етуші уәждері);
- педагогтың кәсіби жетілдіруін және өзін-өзі дамыту қажеттілігін жүзеге

асыру дәрежесі саналады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз кәсіби ұтқырлық құрылымын көрсете аламыз (1-сурет)



Сурет 1 - Кәсіби ұтқырлық құрылымы

Ж.Е. Абдыхалыкова білім беруді дамытудың ішкі заңдылықтарымен және жеке адамды, қоғам мен мемлекетті дамытудың болашақ қажеттіліктерін айқындауда тұлғаның мынадай: әлемге ашықтық, адамдарға және өзіне деген сенім, икемділік, жылдамдық, бақылауды оқшаулау, төзімділік; дағдылар: толғану, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі анықтау, мақсат қою; қабілеттері: әлеуметтегі өзгерістердің мәнін көру және түсіну; жағдайдың өзгермелілігі мен баламаларын көру; сындарлы, өнімді ойлау (шығармашылық ойлау); микро-қоғамдағы, топтағы қажетті өзгерістерді жобалау; мәселелерді шешу; өзгерістерге бейімделу (қайта құру) қасиеттері мен қабілеттерін атап көрсетті [54, 55].

Ж.Е. Абдыхалыкова[56] ұтқырлық бойынша педагогтың келесі: әр түрлі қоғамдық іс-шараларға, алуан түрлі мазмұндағы жобаларға қатысуы және қатысуға дайын екендігімен көрінетін әлеуметтік белсенділігі, әлеуметтік және кәсіби қызметтің әр түрлі бағыттарына белсенді қызығушылық, әртүрлі әлеуметтік жағдайларға, функционалды әр түрлі қызмет түрлеріне жоғары бейімділік, креативтілік, кез-келген іске шығармашылық қатынаспен қарауға дайындығы, кез-келген жағдайды шығармашылықпен өзгерту сияқты тұлғалық қасиеттері бойынша болашақ мұғалімді педагогикалық қолдауды қарастырады.

Оның бағытымен жүруші Ю.И.Биктуганов [57] өзінің жетекшісінің ғылыми ізденістерін жалғастыра отырып, педагогтың кәсіби ұтқырлығын бағалау критерийлері ретінде мынадай: кәсіби-педагогикалық бейімделу; кәсіби-педагогикалық қызметтің әртүрлі жағдайларында, оның ішінде кәсіби тәуекел жағдайында сындарлы шешімдер қабылдау және өзін-өзі жетілдіру

мүмкіндігі; шынайылық (қабылданған шешімдер оқыту мен тәрбиелеудің қажеттіліктерін қанағаттандырады және іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін); уәждемелік (шығармашылық кәсіби-педагогикалық өзін-өзі көрсету қажеттілігі, кәсіби ұтқырлық); ойсоққыға төзімділік (кәсіби ұтқырлықтан туындаған ерікті және эмоционалды ойсоққыны көтеру қабілеті); болжамдылық (іс-әрекетті жобалау, кәсіби қызметтегі тәуекелдерді болжау мүмкіндігі); эмоционалды-ерікті тұрақтылық (кәсіби-педагогикалық қызметтің әр түрлі жағдайларында өзінің эмоциялары мен ерік әрекеттерін басқаруға қабілеттілік); бастамашылық (педагогикалық жобаларды жасаудағы белсенді және өз бетінше белсенділік қабілеті және оқу мен оқудан тыс жұмыстарда жобаларды әзірлеу кезінде студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру); рефлексивтілік (кәсіби педагогикалық қызметтегі өзін-өзі талдау жүргізу, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі бақылау қабілеті) сияқты тұлғалық қасиеттерін алға тартады.

Кәсіби ұтқырлықтың ұғымдық саласындағы сипатталған мағыналық бағдарларды басшылыққа ала отырып, «кәсіптік білім алатын болашақ педагогының кәсіби ұтқырлығы» ұғымының мәні туралы өз түсінігімізді белгілейік. Жалпыланған түрде «кәсіптік білім алатын болашақ педагогының кәсіби ұтқырлығы» - бұл жалпы кәсіби білімді, жаңа техникалар мен технологияларды жылдам және сәтті меңгеруді, педагогикалық мәселелерді шешудің жалпыланған кәсіби әдістерінің жүйесін, еңбек нарығының өзгеріп отырған жағдайындағы кәсіби мәртебені тез өзгерту мүмкіндігі мен қабілеттілігін қамтамасыз ететін тұлғаның ажырамас сапасы.

«Кәсіптік білім алатын болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» ұғымы оның құрамдас бөліктерінің даму қарқынын көрсететін және өзгерістерді қамтамасыз ететін, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруды болжайтын және педагогикалық құралдар жүйесінің көмегімен субъектілер ұтқырлығының төмен деңгейінен жоғары деңгейге өту көрсеткіштерінің сандық өсуін болжайтын, кәсіби дайындықтың уәжді, мақсатты және саналы үдерісі ретінде ұсынылатын болады.

1.2 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық алғышарттары

Жалпы қабылданған мағынада әдіснаманы логикалық ұйымның құрылымы туралы, қызметтің әдістері мен құралдары туралы оқыту деп түсіндіреді. Әдіснама ғылым ретінде ғылыми білім мен ғылыми қызметті зерттейді. Ол идеялармен, пікірлермен, сондай-ақ зерттелетін проблемалардың бар көзқарасымен анықталады. Біздің жағдайда мұндай проблема кәсіптік білім алатын болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру болып табылады.

Т.И.Мясникова «ЖОО-да болашақ мамандарды даярлауды бейіндеу процесінде кәсіби ұтқырлықты дамыту» атты ғылыми зерттеу жұмысында әдіснаманың ғылым ретіндегі маңызын көрсету барысында: «Әдістеменің күші нақты ғылыми білімге деген көзқарастық және гносеологиялық ұстанымдарды

синтездейтіндігін айтты. Бұл түсіндіру жетекші проблемаларды, негізгі идеяларды бөліп көрсетеді, бұл қарама-қайшылықтарды түсінуге, іздеу құралдарын нақтылауға және таңдауға мүмкіндік береді» [58] деп көрсеткен.

Қазіргі кездегі әдіснаманы сипаттай отырып, И.В.Гришина екі түрлі функцияны орындайды деп санайды. Біріншіден, ол ғылыми қызметтің мағынасын және оның басқа қызмет салаларымен байланысын ашады, яғни ғылымды практика, қоғам, мәдениет, адам тұрғысынан зерттейді. Екіншіден, әдіснама ғылыми қызметті жетілдіру, оңтайландыру мәселелерін шешеді [59].

Біздің зерттеу жұмысымызда біз педагогикалық мәселені шешудің ұстанымдарын іздеп жүргендіктен, әрі қарайғы пікірталастар педагогиканың әдіснамасы туралы болады.

Педагогикалық сөздіктің авторлары Г.М.Коджаспирова мен А.Ю.Коджаспиров педагогика әдіснамасын «...ғылымның жалпы әдіснамасынан шығатын және педагогикалық теорияның бастапқы ережелері туралы, педагогикалық құбылыстар мен оларды зерттеу әдістерін қарастыру ұстанымдары туралы, сонымен қатар алынған білімді тәрбиелеу, оқыту мен білім беру тәжірибесіне енгізу жолдары туралы білім жүйесінің қоғамдық даму тенденцияларын зерттеу негізінде» сипаттайды [60].

Педагогикадағы әдіснамасын зерттеулердің мәнін талқылай отырып, Б.Б.Краевский былай деп атап өтеді: «...Әдіснамалық зерттеулер педагогика ғылымының даму заңдылықтары мен тенденцияларын практикамен байланыстыра отырып, ғылыми зерттеу жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру қағидаларын ашады, танымның тұжырымдамалық құрамы мен әдістерін талдайды, заңдылықтар мен тәжірибелік қызметтің жүйелерін жобалауды анықтауға бағытталған арнайы ғылыми зерттеулер жүргізуге бағыттар береді» [61].

Біз өз құзіретімізге сүйене отырып, зерттеуіміздің шеңберінде авторлар Қ.Қ.Шалғынбаев, Н.П.Албытов, Т.С.Слаббекова берген: «педагогика әдіснамасы - бұл педагогикалық білімнің құрылымы мен қызметі, соның ішінде педагогикалық мәселелер туралы ілімді қамтитын педагогикалық таным туралы ілім; әдіснамалық мағынасы бар бастапқы, негізгі, іргелі, философиялық, жалпы ғылыми-педагогикалық ережелер (теориялар, тұжырымдамалар, гипотезалар); педагогикалық таным әдістері туралы оқыту» анықтамасын ұстанамыз [62].

Қажетті мәселені шешу және күтілетін теориялық-танымдық нәтижелерді болжау үшін біз болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қағидалары мен әдістерін нақтылауға және анықтауға негіз болатын сәйкес ұстанымдарды анықтауымыз керек. Осы зерттеу жұмысы оларды негіздеуге арналған.

Мәселенің жай-күйін ғылыми дерек көздері бойынша талдау *ұстанымның* ғылыми әдіснаманың кең қолданылатын категориясы екендігін көрсетеді (М. Сарыбеков және М. Сыдықназаров [63], Ш.Т.Таубаева [64, 65], Ж.Ә.Әбиев, С.Б.Бабаев, А.М.Құдиярова [66], Қ.Сейталиев [67] және басқалар). Педагогика әдіснамасында педагогикалық зерттеулердегідей пайдаланылатын теориялық

және практикалық педагогикалық мәселелерді шешу үшін *ұстаным* қолданылады (Е.А. Александрова [68], А.П. Беляева [69], Н.Б.Крылова [70], т.б.) және білім беру практикасында (В.В.Краевский, О.М. Железнякова, М.А. Петухов [71]).

Әрине, дәл осы себепке байланысты Л.А.Амирова [72] ұстанымды кейбір жағдайларда белгілі бір нақты негіздерді пайдалануды білдіретін белгілер, элементтер, осы қызметке керек болатын (сараланған ұстаным, жеке ұстаным және т.б.) сапалық сипаттамалары түрінде нақты тәсілдерді, практикалық қызметтің құралдарын таңдау үшін қажет қызмет нормаларының бір түрі ретінде қарастырады.

А.Қ.Қозыбай, Ж.Б.Бейсеналиева мен Ж.Б.Гаазе сияқты қазақстандық авторлар тобы өздерінің «Кәсіптік оқыту маманының кәсіби шеберлігін қалыптастыру мәселесін зерттеудегі әдіснамалық ұстанымдар» мақаласында болашақ кәсіптік оқыту мамандарды даярлауды бірқатар ұстанымдар жиынтығында келтірген болатын. Олардың ішінде: техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастырудағы гуманистік, антропологиялық, шығармашылық, жеке тұлғаға бағытталған, аксиологиялық және акмеологиялық ұстанымдарды атап көрсеткен. Авторлар осы ұстанымдар негізінде оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен практикасын жетілдіруге бағытталған ережелер жасалуда деп санайды [73].

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың қажетті ұстанымдарын іздеу барысында педагогикалық құралдарды таңдау стратегиясын анықтайтын негізгі бастапқы ережелер, қағидалар жиынтығы туралы айтуға болады. Қағидалардың әдіснамалық маңыздылығын қарасақ әр қағидат оқу үдерісінде туындайтын нақты қарама-қайшылықтардың шешілуін реттейді, ал олардың өзара әрекеттесуі оның негізгі қайшылықтарын шешеді.

А.А. Саипов оқу, оқыту және оқу мүмкіндіктерін, сондай-ақ оқу бағдарламаларында және оқу үдерісінен тыс болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемелік жүйесін құрайтын компоненттердің анықталмаған функционалдық ерекшеліктері арасындағы жетекші қайшылықтың болуын тізіп, ғылыми тұжырымдалған әдістемелік дайындық болашақ мұғалімдерге кәсіби көмегіндегі әртүрлі өзгерістерге бейімделуге, оқыту әдістерін шебер қолдануға және әдістемелік білім мен дағдыларды біріктіру үшін өзінің педагогикалық «зертханалық» шеңберінде дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді икемді түрде пайдалана отырып, өзгерту арқылы қолдануға мүмкіндік береді деп есептейді [74].

Қазіргі заманғы педагогикада нақты педагогикалық мәселелерді шешу кезінде педагогикалық іс-әрекеттің әдістері мен құралдарын таңдау стратегиясын анықтаудың әдіснамалық негіздері ретінде қолданылатын ұстанымдардың белгілі саны дамыды. Атап айтқанда, ғылыми зерттеу міндеттеріне байланысты кәсіби-педагогикалық ұтқырлық мәселесі әр түрлі тұрғыдан шешілді. Мысалы, субъективті (Б.М. Игошев); гуманистік (Л.А.Амирова, З.А.Багишаев); әрекеттік және тұлғалық-әрекеттік

(Л.В.Горюнова, Т.В.Луданова, Е.А.Никитина, И.В.Никулина); синергетикалық (Л.В. Горюнова, Б.М. Игошев, Е.Г.Неделко, И.В.Никулина); жүйелік (Л.В.Горюнова, Б.М.Игошев, Т.В.Луданова, Е.А.Никитина, И.В. Никулина); эволюциялық, әлеуметтік-мәдени (Л.А. Амирова, З.А. Багишаев), құзіреттілік (Л.В. Горюнова); жағдаяттық (Л.В.Горюнова).

Зерттеу жұмысының мақсаттарына сүйене отырып, біз болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін келесі: жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдар тұрғысынан қарастырған жөн деп санаймыз.

Әр түрлі мүмкін болатын ғылыми құбылыстарды талдаудағы *жүйелі ұстаным* түрлі әдіснамалық бағыттарда кең қолданылады (Н.Н.Никулина, Ю.А.Кустов, А.М.Абдыров [75; 76; 77; 78; 79]). Осы ұстанымның әдіснамалық ерекшелігі зерттеудің күрделі объектісінің тұтастығын және оны қамтамасыз ететін механизмдерді ашуға, байланыстардың әр түрін анықтауға және оларды біртұтас теориялық бейнеге келтіруге бағыттайтындығымен анықталады (В.Г.Афанасьев [80]).

Википедияның соңғы нұсқасында жүйелік көзқарас объектіні жүйе, өзара байланысты элементтердің ажырамас кешені ретінде қарастыруға негізделген ғылыми білімдер әдіснамасының бағыты ретінде анықталады.

Дәл осы тұрғыдан жүйелік ұстаным сөздікте де түсіндіріледі - педагогика бойынша анықтамада В.А.Мижерикова: - объектілерді жүйе ретінде қарастыруға негізделген әдіснаманың бағыты; зерттеушіні объектінің тұтастығын ашуға, ондағы байланыстардың алуан түрлерін анықтауға және оларды біртұтас теориялық көрініске біріктіруге бағыттайды делінген [81].

Википедияны құрастырушылар, авторлар ұжымының қорытынды пікірі бойынша жүйелік ұстаным дегеніміз - оның шығысы (мақсаты), кірісі (ресурстары), сыртқы ортамен байланысы, кері байланысы бар кез-келген жүйені (объектіні) өзара байланысты элементтердің (компоненттердің) жиынтығы ретінде қарастыратын ұстаным ретінде анықталады. Оның мәні жүйелердің жалпы теориясының талаптарын жүзеге асыруда жатыр, соған сәйкес әрбір объектіні зерттеу үдерісінде ауқымды және күрделі жүйе ретінде және сонымен бірге неғұрлым жалпы жүйенің элементі ретінде қарастырылуы керек.

Қазақстандық педагог К.А. Дуйсенбаевтың монографиясында жүйелі ұстаным кез-келген таным немесе түрлену объектісіне өзгермелі сыртқы ортада белгілі бір мақсаттарға жету үшін бөлшектерді, шарттар мен адамдарды біріктіретін тұтас жүйелік көзқарас ретінде қарастырылады [82].

Е. А.Климов [83] жүйелілік туралы пікір айта отырып, психологиядағы жүйелік көзқарас идеясының жаңа емес екенін баса айтады. Автор жүйелік ұстанымды теориялық және практикалық мәселелерді шешудің жалпы ғылыми әдісі деп атайды.

Жүйелік көзқарастың қалыптасуы мен дамуын қысқаша талдау көрсеткендей, бұл ұстаным психологиялық-педагогикалық зерттеулерде жақыннан бері қолданылғанымен, ғылыми ортада лайықты бағасын алды.

Жүйелік көзқарас Ә.Мұханбетжанова [84] жасаған функционалды жүйелер теориясынан бастау алады. Қазіргі уақытта бірқатар ғалымдар (Т.И.Шамова [85], Е.И.Пургина [86], Н.В.Беломестнова [87]) педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді жүйелік және құрылымдық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігін белсенді талқылауда. Осылайша, жүйелі ұстаным алдымен педагогикада, содан кейін психологияда дамыды.

Бұл ұстанымның негізгі ұғымы - «жүйе» ұғымы (грек тілінен аударғанда, *sy sterna* – бөліктерден тұрады, байланыс), ол белгілі бір тұтастығы, олардың әрекеттесу бірлігі туындайтын өзара байланысты элементтердің (немесе компоненттердің) жиынтығы; - әрбір жеке элементтерде жоқ негізгі функцияға ие өзара байланысты элементтерден тұратын тұтас түсінігі болып табылады.

Білім беру философиясында жүйе белгілі бір құрылымға ие, олардың арасындағы элементтер мен байланыстардан тұратын реттелген тұтастық ретінде түсіндіріледі, бұл «жүйенің» тәртібін, оның бағытын сипаттауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге жүйе ұғымы сол немесе басқа да күрделі тұтас объектінің барлық аспектілерін: оның құрылымын, құрамын, өмір сүру режимін, даму формасын қамтиды. Жүйенің кез-келген элементін жеке жүйе ретінде ұсынуға болады. Кез-келген жүйені жоғары тұрған жүйенің жеке элементі ретінде ұсынуға болады.

Басқаша айтқанда, жүйе дегеніміз - қызметі белгілі бір мақсатқа бағынатын, жұмыс істейтін құрылым. Кез-келген әрекет ететін объектінің құрылымы қоғам алға қойған мақсаттарға байланысты жүйенің қоршаған шындықпен өзара әрекеттесу сипатын көрсетеді[88].

Жүйе материалдық (биологиялық ағза, қоғам, техникалық құрылғы) немесе идеалды (білім жүйесі, идеологиялық көзқарастар, қағидалар) болуы мүмкін.

Кез-келген жүйенің ерекшеліктері (П.С.Самородский мен В.Д.Симоненконың пікірі бойынша) [89] мыналар болып табылады: тұтастық (құрамдас элементтер қасиеттерінің қосындысының азаюы), құрылымдық (жүйені оның құрылымын құру арқылы сипаттау), иерархиялық (жүйенің бір бөлігі ішкі жүйенің рөлін атқарады).

Қазіргі ғылымға педагогикалық іс-әрекетті талдауда жалпы жүйелік теорияны қолданудың көптеген нұсқалары таныс. Мәселен, Н.В.Кузьмина [90], педагогикалық жүйенің тұжырымдамасын ғылыми айналымға енгізген кезде педагогикалық қызметтің бес құрылымдық компоненті анықталды: 1) педагогикалық ықпал ету субъектісі; 2) педагогикалық ықпал ету объектісі; 3) олардың бірлескен қызметінің мәні; 4) оқу мақсаттары; 5) педагогикалық қарым-қатынас құралдары. Аталған компоненттер, Н.В. Кузьминаның анықтауы бойынша педагогикалық жүйені құрайды. Атап айтқанда, бір жағынан, егер сіз кез-келген компонентті алып тастасаңыз және жүйе бірден құлдырайды, жойылады. Екінші жағынан, ешбір компонентті басқа компонентпен немесе басқа компоненттердің жиынтығымен алмастыруға болмайды. Үшіншіден, құрылымдық компоненттерді бөлектеу жүйені толық

сипаттауды білдірмейді. Жүйені анықтау үшін оның элементтерін анықтап қана қоймай, олардың арасындағы байланыстардың да жиынтығын анықтау қажет. Түйіндейік: бұл жағдайда педагогикалық жүйенің барлық құрылымдық компоненттері тікелей және кері байланыста болады. Бұл педагогика мен білім беру психологиясының ғылым ретіндегі орталық ғылыми міндеті, жүйенің компоненттері бір-біріне қаншалықты тәуелді екенін сипаттау үшін қажет болды.

Қазіргі кезде ғылыми қауымдастықтағы педагогикалық жүйе берілген қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыруға ұйымдастырылған, мақсатты және арнайы педагогикалық ықпал жасау үшін қажетті өзара байланысты құралдардың, әдістер мен үдерістердің жиынтығы ретінде түсініледі [91].

В.П.Беспалько жүйелердің жалпы теориясын педагогикалық қызметке қолдану идеясын дамыта отырып, педагогикалық жүйенің алты: 1) білім алушылар; 2) оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары; 3) педагогикалық үдерістің мазмұны; 4) оқыту мен тәрбиелеудің нақты үдерістері; 5) педагогтар; 6) педагогикалық үдерістің ұйымдастырушылық формалары секілді инвариантты элементтерін (компоненттерін) анықтайды [92].

С.П. Беловолова және Р.А. Орлова [93], жүйенің тұтастығы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жүйені қалыптастырушы фактор ретінде құрылған педагогикалық жүйені алға тарта отырып, олар көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, жүйенің жұмыс істеу нәтижесін жетінші компонент ретінде қосуды мақсатқа сай деп санайды. Біз осы көзқараспен әбден келісеміз.

Ғылыми қоғамдастық сыртқы және ішкі ақпараттың педагогикалық жүйеге тән екенін анықтады. Сыртқы педагогикалық ақпаратқа директивті және нормативті құжаттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалары, ғылыми-педагогикалық ақпарат жатады. Ішкі педагогикалық ақпаратқа – білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің жағдайы мен нәтижелері туралы, оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасы туралы және т.б. жатады (Бабаев С.Б. [94], Н.Д.Хмель [95], Б.А.Тұрғынбаева [96], Ш.Х Құрманалина [97] және басқалар).

Қазіргі түсіндірудегі жүйелік ұстанымның негізгі қағидалары 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - Жүйелік ұстаным қағидалары

Қағидалар	Сипаттамасы
1	2
Тұтастығы	Ол зерттелетін объектінің ішкі бірлігін және оның шектеулерін, басқа объектілерден салыстырмалы түрде оқшаулануын білдіреді. Бір мезгілде жүйені тұтас және сол уақытта жоғары тұратын деңгейлердің ішкі жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жүйенің әрбір элементінің жүйеде алатын орны мен қызметіне тәуелділігін болжайды.
	Оның төменгі деңгейдегі элементтерінің жоғары деңгейлі элементтерге бағыныштылығы негізінде жүйеде орналасқан көптеген

Құрылым иерархиясы	(кем дегенде екі) элементтері бар. Бұл қағиданы жүзеге асыруды кез-келген бөлімшелерді (ұйымдар), бір жүйе екінші жүйеге бағынышты болатын екі: басқарушы және басқарылатын ішкі жүйенің өзара әрекеттесуін бейнелейді.
Құрылымдық	Кез-келген жүйенің белгілі бір элементтер санынан (құрамынан) тұратындығы және құрылысы (құрылымы) болады деген ғылыми түсінікке негізделген. Жүйенің тәртібі оның жеке элементтерінің ерекшеліктерімен емес, оның құрылымының қасиеттерімен анықталады. Яғни элементтерді байланыстыратын және олардың жүйеде үйлесімді жұмыс істеуін өзара тәуелді ететін байланыстардың табиғаты бойынша оның жеке элементтерінің қасиеттері емес, құрылымның өзі мен оның ішкі ұйымының қасиеттері саналады.
Көптік	Ол әр түрлі модельдердің көптеген нұсқаларын құру арқылы ғылыми құбылыстарды негізді және дұрыс білуге бағытталған, олардың әрқайсысы жекелеген элементтер мен жүйені тұтасымен бейнелейтін жүйенің белгілі бір аспектісін ғана көрсетеді.
Күрделілік	Бұл жүйенің қасиеттері мен функцияларында айтарлықтай өзгеріссіз өзгертілуі немесе жоғалуы мүмкін көптеген әртүрлі сапалы элементтер мен байланыстардың жүйеге қосылуынан туындайды. Бұл сондай-ақ жүйені құрайтын түбегейлі маңызды элементтерге қатысты, олардың өзгеруі жүйенің жұмыс жасауы мен дамуындағы сәйкессіздікке, тіпті оның бұзылуына әкелуі мүмкін.
Жүйемен ортаның өзара тәуелділігі	Ол, бір жағынан, жүйенің әрқашан қоршаған ортамен өзара әрекеттесетіндігімен, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу үдерісінде өзінің қасиеттерін қалыптастыратындығымен және анықтайтындығымен айқындалады. Екінші жағынан, қоршаған ортаға жүйенің болуын анықтайтын шарттар мен факторлар кешені, оның тұрақты (немесе тұрақсыз) жұмыс істеу режимін, дамуын, басқа объектілермен және жүйелермен байланысын және т.б. анықтайды.
Тәртіптілігі	Ішкі тәртіптілік пен жүйе элементтері арасындағы қатынастар мен байланыстардың салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы негізде педагогикалық жүйе деп біз болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінде болжанатын педагогикалық іс-әрекеттің барлық компоненттерін жалпы түрде сипаттайтын өзара байланысты компоненттердің (білім берудің мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары мен формалары) реттелген жиынтығын айтамыз.

Біз кез-келген педагогикалық жүйені зерттеу кезінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесін де қарастырамыз. Зерттеушінің міндеттеріне оның құрамдас бөліктері мен жүйені құраушы байланыстарын анықтау, осы жүйенің қызметіне әсер ететін негізгі факторларды айқындау, бұл жүйенің басқа педагогикалық құбылыстар жүйесіндегі рөлі мен орнын анықтау, қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін басқару үдерістерін зерттеу, күтілетін нәтижелерді болжау жататыны педагогика әдіснамасымен бекітілген.

Аталған айғақтар болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың жүйелі ұстанымдарын таңдаудың маңыздылығы мен дұрыстығы туралы куәландырады, өйткені ол бізді зерттелетін объектінің тұтастығын ашуға және осы тұтастықты қамтамасыз ететін механизмдерді іздеуге, сондай-ақ, байланыстарды анықтауға және оның элементтерін бір жүйеге келтіруге бағыттайды.

Сондықтан да жүйелі ұстанымды таңдай отырып, бұл ЖОО-ның барлық бағыттағы білім беру және тәрбиелеу қызметін болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға бағытталған интегралды, өзара байланысты педагогикалық жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Оны қолдану арнайы тұжырымдамалар мен әдістерді қолдануды, белгілі бір қағидаларды, нормалар мен ережелерді сақтауды көздейді [98].

Педагогикалық ЖОО-дағы оқу үдерісін жүйелі көзқарас негізінде құру үшін мыналар қажет деп санаймыз:

- студенттерді кәсіптік даярлау мақсаттарына сәйкес олардың арасындағы қатынастардың орнауын қамтамасыз ете отырып, оның элементтерін иерархиялық тұрғыдан орналастыру.

- педагогикалық жүйені құрылымдау әдістерін болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының маңызды компоненттерін қалыптастыруға бағыттау: - болашақ маманның дамуының ішкі механизмін қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктер; - ортаны өзгертетін оқиғалармен анықталатын оның қызметі, оның нәтижесі - адамның өзін кәсіпте және өмірде жетілдіруі және адамның өзі мен оны қоршаған кәсіптік пен өмірлік ортаның өзгеру үдерісі болып табылады [99].

- педагогикалық қызметтің өзара байланысты ұғымдары, идеялары мен әдістерінің жиынтығында педагогикалық жүйенің негізгі функцияларын анықтайтын педагогикалық жүйе элементтері арасындағы интегративті байланыстарды құрылымдау.

Ресурстық ұстаным (ағылш. *Resource-based view*) біздің зерттеуімізде жүйелік сипаттамаға қарағанда маңызды рөл атқарады. Ұстанымдарды топтастыра отырып, екі ұстаным да бірін-бірі толықтырып, бір-біріне «жұмыс істеуі» керек деп санаймыз. Жүйелік ұстаным сияқты, ресурстық ұстаным да оның элементтерін бір-бірімен өзара байланыста белгілі бір құрылымы бар күрделі, иерархиялық ұйымдастырылған динамикалық жүйе ретінде қарастырады (Е.А.Петрова [100; 101], С.А.Хазов [102] және басқалары).

Жүйелік ұстаным сияқты, ресурстық ұстанымның да өзінің негізгі термині бар. Бұл «ресурс» термині (француз тілінен алынған, *ressource* - көмекші құрал). Терминнің диапазоны 2-суретте көрсетілген. Оған табиғи, техникалық, экономикалық, еңбек, өндірістік, ақпараттық, зияткерлік, өмірлік және басқа ресурстар түрлері кіреді.

«Ресурс» термині қазіргі кезде әртүрлі ғылымдарда кеңінен қолданылады - философия (В.Т.Воронин [103]), стратегиялық менеджмент (И.Сергеев, Т. Пономаренко [104], В.М.Лизинский [105]), психология (Ю.В. Постылякова [106], М.А. Холодная[107]), психодиагностика (В.Н.Марков [108]),


психотерапия (Н.П.Коваленко [109]), педагогика (Т.А.Цецорина [110]), жобалау әдіснамасы (Ю.В.Тягунова [111]) және т.б.

Н.О. Яковлева [112] ресурс ретінде: 1) қорлардың, бір нәрсенің көздерінің; біздің елдің сарқылмас ресурстары; табиғат ресурстары; 2) - қажет болған жағдайда пайдалануға қол жетімді қаражат ретінде анықталады.

Әлеуметтік-философиялық мәнмәтінге сәйкес В.Т.Воронин, ресурстар дегеніміз - кез-келген үдерістерді жүзеге асыруға қажетті жағдайлар деген болатын (Новосибирск, 2000).

Психологияда ресурстар деп кең мағынада тұлғаға белгілі бір жағдайларда көмектесе алатын барлық нәрсені көрсетеді (экономикалық жағдайлар, әлеуметтік өзара байланыстар, жеке тұлғаның қасиеттері мен қабілеттері) [Л.И. Ларионова, 2017].

Бұл құбылыстың егжей-тегжейлі анықтамасын психолог М.В.Хватова береді. Автор ресурстарды қол жетімді құралдар ретінде: нақты болмыс, адамның



Сурет 2 - Ресурстық ұстаным жүйесінің элементтері

нақты мүмкіндіктері, яғни жеке тұлғаға тиесілі барлық психологиялық тұрғыдан және қажет болған жағдайда қолдануға болатын нәрселерді (мысалы, қабілеттілік, ақыл, тәжірибе, эмпатия, эмоционалды тұрақтылық, оптимизм, қатынасқа түсе білу және өзін-өзі қадағалау қабілеті, жетістікке жетуге ынталану, жеке мақсаттар, өзіне деген көзқарасы, құндылықтар және т.б.) түсіндіреді.

Дегенмен де, автор «жоғарыда аталған сипаттамалар, егер олар осы проблеманы нәтижелі шешу үшін қажет болуы мүмкін нақты жағдайға «қолданылатын» болса ғана ресурсқа айналады», - деп атап көрсетеді. Және ол ресурстардың мақсатын олар «болашақ маманға оның жеке тұлғасы мен қоршаған ортаның өзара әрекеттестігінің тұрақтылығын, өзін-өзі дұрыс

бағалауды, тұрақты мотивацияны, іс-әрекеттің адамгершілік негізін қамтамасыз етеді» деп қарайды [113].

Тұлға психологиясы, мотивациясы және мағынасы саласындағы белгілі маман Д.А.Леонтьев «ресурс» дефинициясын «потенциал» терминімен біріктіреді. Тұлғалық әлеуетте автор «оның өміріндегі тұрақты ішкі өлшемдер мен бағдарлардан негіз алуға және сыртқы өзгермелі жағдайлардан болатын қысымының аясында мағыналық бағдарлардың тұрақтылығы мен әрекеттердің тиімділігін сақтауға» қабілетінің негізінде тұлғаның жеке психологиялық сипаттамаларының ажырамас жүйелік сипаттамасын көреді [114].

Біздің зерттеуіміздің бағытына тұлғаның кәсіби шеберлігін қалыптастыруға, демек, оның кәсіби ұтқырлығына жеке ресурстың әсеріне қатысты психолог С.А.Дружиловтың позициясы жақындау. Себебі автор кәсіби дамудың негізін дәл осы жеке ресурстан: «бір жағынан, нақты кәсіби мүмкіндіктер, оның тиімді кәсіби қызметке дайындығы, екінші жағынан, іске асырылмаған (әзірге) кәсіби қасиеттер, ішкі адами резервтерден» көреді [115].

Педагогикалық көзқарас тұрғысынан Т.А.Цецоринаның ресурстары белгілі бір үдерістерді жүзеге асыруға қажетті объективті бар жағдайлар мен құралдар жиынтығы ретінде көрінеді. Автор ресурстарды «тұрақтылық қоры» немесе бәсекелестік артықшылық ретінде қарастырады. Яғни, қазірдің өзінде бар және жүйеде нақты болатын құралдар, қасиеттер туралы айтып отырмыз (Т.А.Цецорина, Белгород, 2002).

Басқармашы В.М.Лизинскийдің айтуы бойынша, екі ұстанымды біріктіру арқылы - жүйелік және ресурстық - ресурстарға тән сипаттама жасалады. Бұл жағдайда ресурс жүйеге бағытталаып барып қалыптасады. Ресурстың бұл сипаттамасы барлық қажетті құралдарды ресурстар ретінде, әр кезең үшін, әр берілген қызмет бағыты үшін, олардың қайнар көздерін анықтай отырып және жүйенің даму динамикасын ескере отырып есепке алудың пайдасына шешеді.

В.М.Лизинский «әр әрекеттің өз ресурсы болады» деп орынды санайды, сондықтан да ресурстар алдын-ала анықталып, жоспарлануы керек. Ал содан кейін ескеріліп, қойылған міндеттерді орындау барысында кешенді түрде қолданылу қажет.

Орта деңгейдегі білім беру мекемесі - мектепті дамытуға ресурстық ұстанымды ұсына отырып, В.М. Лизинский ресурстық ұстаным міндеттердің қол жетімді және қажетті ресурстарға сәйкестігі қағидасына негізделгенін, онсыз мектептің мәлімделген дамуы түкке тұрғысыз болатындығын атап көрсетеді (В.М.Лизинский, Мәскеу, 2006).

Біздің зерттеуіміздегі ресурстық ұстанымды тандау және оны педагогикалық жоғары оқу орнындағы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін шешуге байланысты бейімдеу, В.М.Лизинскийдің ізінше, бұл ұстаным міндеттерді жүзеге асыру үшін мыналарды ескеруді көздейтіндігімен біздің назарымызды аударып отыр:

- ұжымның теориялық (ғылыми) дайындығы;
- адам факторы (оның кәсіби және адами дайындығы, үйлесімділігі, жеке және ұжымдық іс-әрекетке дайындығы, қатынастардың жағымды сипаты);

- психологиялық-педагогикалық факторлар;
- материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету;
- тәрбиелеу ортасының сипаты мен жағдайы және әлеуметпен қарым-қатынас;
- ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету;
- дәстүрлер сипаты мен инновациялық үдерістердің ерекшеліктері;
- ұжым қабылдаған қағидалар мен нормалар;
- оқу-педагогикалық үдерісті басқарудың деңгейі мен сипаты.

Біз сол сияқты ресурстық ұстаным білім беру мекемесінің оң дамуының төрт элементін (болжау, жобалау, бағдарламалау, жоспарлау) тәжірибеде іске асыруды білдіреді деген Лизинскийдің авторлық ұстанымын да қолдаймыз.

Автор мақсат қоюға, оларды міндеттерге бөлуге және ресурстармен қамтамасыз етілетін қызмет тізбегін құруға: мақсаттарды диагностикалау, жету, аяқтау, қалыпқа келтіруге ерекше назар аударады. Ол мұның бәрі педагогтың кәсіби құзіреттілігін дамытуды қамтамасыз етеді деп дұрыс санайды (және біздің жағдайда болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісі).

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің ресурстық қамтамасыз етілуіне мыналар: маңызы зор және педагогикалық ЖОО-ның қойылған мақсатқа тиімді жетуіне керекті қайнар көздердің, құралдардың, жағдайлардың жиынтығы кіруі керек деп ойлаймыз.

Сондықтан, осы ұстаныммен біз болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінде кәсіби тұлғаны дамытуға арналған ресурстарды табуға баса назар аударамыз.

Ғалымдардың басым көпшілігі ресурстарды сыртқы және ішкі деп бөледі. Сыртқы ресурстарға материалдық-техникалық (оқу қызметіне арналған жабдықтар мен құралдар), ақпараттық-әдістемелік ресурстар және оларға қол жетімділік, әлеуметтік және т.б. жатқызады [116].

М.В.Хватованың пікірінше, сыртқы ресурстар психологиялық диагностиканың объектісі емес, бірақ көбінесе олар басқа пәндерді (экономика, әлеуметтану) зерттеу саласы болып табылады. Алайда, олар ішкі ресурстардың көрінісі мен дамуына әсер етеді, яғни тұлға дамуының шарты болып табылады.

Аты аталған автор ішкі ресурстарды көлемі бойынша сипаттайды, оған мыналарды: - сапалық сипаттамалар (білім, қабілеттер, іскерлік, құзіреттілік); - реттеу жүйесі/реттеу механизмі, мысалы тұлғалық мақсаттар, мотивациялық жүйе, қатынастарды жатқызады.

Осы көзқарас бойынша, бір жағынан, жеке тұлғаның ішкі ресурстар жүйесінің жұмыс істеу сапасын тек сыртқы ресурстарға қатысты бағалауға болады. Екінші жағынан, ішкі ресурстар жүйесі сыртқы сұраныстарға, мысалы кәсіби сұраныстарға жауап беруі керек және оның оңтайлы реттелуін қамтамасыз етуі қажет. Автор ішкі ресурстардың өзіндік ерекшеліктерін олардың «адамның организм және тұлға ретіндегі жүйелік тұтастығымен қатынасы» деп атайды (М.В.Хватова, Тамбов).

Біздің зерттеуіміздің негізінде авторлар М.А.Захарова, И.А.Карпачева, В.Н.Мезиновтардың «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру» мақаласы ерекше қызығушылық тудырды, олар кәсіби педагогикалық білім беру сатысында мамандардың кәсіби ұтқырлығын дамыту мәселесін шешу оның сапасын қамтамасыз ету және әр түрлі ұйымдастырушылық (орта мүмкіндіктерін), мағыналық, арнайы ресурстарды қолдану мәселелерімен тығыз байланысты деп санайды.

Мақала авторлары педагогикалық үдерістің сыртқы параметрлеріне: тиісті материалдық-техникалық базаның болуы; оқу үдерісін ұйымдастыру (оқу үдерісінің кестесі, сабақ кестесі, бақылау іс-шараларын өткізу кестесі және т.б.); оқыту практикасының барлық түрлерін ұйымдастыру және жүргізуді жатқызады.

Авторлар мазмұндық ресурстарды қоғамның да, белгілі бір адамның күтулерімен де байланыстырады. Бұл ресурста олар оқыту үдерісін тікелей жүзеге асыратын мамандарға ерекше орын береді. Және де профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін көтеруге ерекше көңіл қояды.

Мақала авторлары мақсаты оқу үдерісінің тиімділігін белгілі бір оқу пәні шеңберінде де, тұтастай бөлім бойынша да (институт, факультет, бөлім және т.б.) арттыру болып табылатын дидактикалық-әдіснамалық қорды арнайы деп атап көрсетеді. Дидактикалық-әдіснамалық қордың негізгі міндеттеріне мыналар: сапалы оқытудың міндеттеріне мейлінше толық жауап беретін әдістер, өнімді педагогикалық өзара әрекеттің ұйымдастырушылық формаларын анықтау және жүзеге асыру; оқушылардың танымдық ынтасын күшейту; БІД (білім, іскерлік, дағды) бағалау жүйесін оңтайландыру; болашақ мамандардың кәсіби бағдарын жаңартулар жатады.

Біз авторлардың «оқылатын пәндер бойынша дидактикалық және әдіснамалық материалдарды әдейі дайындау ЖОО оқытушыларына өз пәнінің маман даярлау жүйесіндегі орнын көруге, теориялық ережелер мен олардың өндірістік практикада жүзеге асырылуының арасындағы байланысты анықтауға, ішкі, сонымен қатар пәнаралық байланысты анықтауға көмектеседі» деген ұстанымын қолдаймыз». Сол сияқты университеттің оқу үдерісінде болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарын да дұрыс деп есептейміз, олар:

- білім беруді модернизациялау мақсаттарын ескере отырып, болашақ педагогтарға эксперименттік-зерттеу қызметін қамтамасыз ету үшін оқытудың жаңа модульдерін енгізу;

- білім беру мазмұнының аймақтық компонентін мақсатты пайдалану;

- студенттердің іс-әрекетінің өзгермелілігін қамтамасыз ететін, оларға кәсіби, проблемалық, стандартты емес шешімдердің тәжірибесін ұсына отырып, сабақ өткізудің тиімді формаларын әзірлеу және енгізу;

- болашақ педагогтардың кәсіби өзін-өзі анықтау мотивтерін дамыту;

- аймақтық білім беру органдарымен, қаланың және облыстың білім беру ұйымдарымен мазмұндық өзара әрекеттесу (соның ішінде білім беру мекемелерінің базасында кафедралар филиалдарының қызмет етуі);

- оқытудың жаңа ақпараттық (оның ішінде компьютерлік) технологияларын, ең алдымен қашықтықтан оқыту мен өзін-өзі тәрбиелеу модельдерін енгізу;

- болашақ оқытушының ЖОО-да кәсіби қалыптасу үдерісіне нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдіснамалық қолдау көрсететін ақпараттық білім беру желісін дамыту;

- болашақ оқытушылардың білім сапасын, олардың ЖОО-дағы кәсіби деңгейлерін бақылау (соның ішінде кәсіби ұтқырлық);

- еңбек нарығын зерттеу және болжау [117].

Алдында айтылғандар жоғарыда берілген 2-суреттегі болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін дұрыс қамтамасыз ету үшін қажет ресурстық ұстанымның жүйелік элементтерін (3-сурет) және білім беру ресурстарының негізгі түрлерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Сонымен, егер жүйелі ұстаным болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамыту жүйесінің негізгі элементтерін анықтаудан, оның құрылымын және оның тұтас жұмыс істеуін қамтамасыз ететін элементтерін анықтаудан тұрса, онда ресурстық ұстаным болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін ресурстық қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл үдеріс мыналарды: педагогикалық жоғары оқу орны осы мақсатқа тиімді жетуі керек кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісі үшін маңызды көздердің, құралдардың, шарттардың жиынтығын құрайды. Үдеріс ұтқыр маманның жеке басын дамытуға арналған ресурстарды табуға бағытталған. Арнайы ұйымдастырылған оқытудың көмегімен оның әлеуетін кеңейту, арттыру және өзектендіру. Кәсіби салада ғана емес, жеке өмірде де өзін-өзі тану мүмкіндіктерін ұсынады. Оқу ортасына ұтқыр бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл оған өзінің кәсіби қызметі кеңістігінде түр өзгертуге және өзін өзгертуге көмектеседі.



Сурет 3 - Ресурстық ұстанымның құрылымдық элементтері

Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдіснамалық ұстанымдарды таңдау және топтау кезінде біз олардың бір-бірімен қарама-қайшылыққа ұшырмайтындығына көз жеткіздік. Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың (жүйелік және ресурстарға негізделген) табыстылығын қамтамасыз ететін жоғарыда сипатталған перспективалық ұстанымдарға біз тұлғалық-әрекеттік ұстанымды қосу қажет деп санаймыз.

Психологиялық-педагогика ғылым әдіснамасының *тұлғалық-әрекеттік ұстанымы* екендігі жаңалық емес. Б.Г.Ананьев[118], Г.А.Суворова[119, 120], А.А.Реан [121], Р.Х. Гильмеева, Политковская Р.Г. [122], В.А.Бодров [123], Е.А.Могилевкин[124], Е.А.Климов[125] және басқаларның еңбектері оның дамуының алғышарттары болды. Бұл ұстаным көптеген ғалымдардың әр түрлі бағыттағы зерттеулерінде одан әрі дамыды. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің проблемалары мен тұжырымдамалары Т.И.Мясникова[126], В.В.Сериковте [127], Е.Г. Неделько [128], С.Қалиев [129], Г.К.Нұрғалиев [130] қарастырылған, олар тұлғалық-бағдарланған көзқарастың негізгі идеясын анықтады, ол тұлғаны дамытуға бағытталған білім, онда қалыптасатын және осы қызметке қатысатын басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде қалыптасатын іс-әрекет субъектісі ретінде қарастыру кезінде қойылған мақсаттарды сәтті жүзеге асыруға қол жеткізетіндігінен тұрады.

Белгілі орыс ғалымы С.Д.Смирнов [131] жоғары білім беру жүйесінде пайда болған тенденция - әрекеттілікке бағытталған педагогикадан тұлғаға бағытталған педагогикаға ауырлық орталығының ауысуын көрсетеді. Ғалым «біз бір ұстанымды басқа ұстаныммен ығыстыру немесе ауыстыру туралы емес, пропорцияны, біртұтас білім беру жүйесінің өзара байланысты екі аспектісінің арақатынасын өзгерту туралы» айтып отырмыз. Яғни, қазіргі заманғы жоғары білім шындықты білуге деген ұмтылыспен біріктірілген адамдардың тең құқылы ынтымақтастығы және терең жеке қарым-қатынас жолымен одан әрі алға дамып қозғалуда.

Көріп отырғаныңыздай, тұлғалық-бағдарлы білім беру қазіргі заманғы білім беру парадигмасында педагогикалық үдерістің бағыты адам - тұлға және оның барлық психикалық қасиеттері мен күйлері (мотивтер, мақсаттар, ерекше психологиялық ойы, қажеттіліктер және т.б.) деп қарастырады. Адамның табиғатына тән барлық ықтимал мүмкіндіктері мен қабілеттерін іске асыруға деген ұмтылыстары да назарға алынып отыр (Ф. Б.Бөрібекова [132], Б. Барсай [133], К. Өстеміров [134]).

Біз С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің жоғары жеке тұлғаға бағытталған білім берудің негізгі міндеттерін нақтылаған бір топ қазақстандық Қ.А.Төлебаева, Л.С.Шыңғысбаева, М.Т.Сұлтанова мен А.К. Маралбек сияқты ғалымдарымен келісеміз, біздің ойымызша, оны кез-келген басқа университетте жүзеге асыруға қолайлы деп санаймыз:

- шығармашылық, қолдау, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы білім беру ортасын қалыптастыру арқылы студенттің жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ету;

- оқыту мен тәрбиелеудің бірлігінде білім беру қызметі барысында студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуының өзара байланысын қамтамасыз ету;
 - студенттердің тұлғалық дамуының әр кезеңіндегі білім беру мақсаттарын ескеру және оның қызығушылықтары мен қабілеттеріне қарай үйлестіру.
- Сонымен қатар, авторлар жоғары жеке тұлғаға бағытталған білім беру үдерісін басқаруға үйлестіруші және мотивациялық сипат берілгендігін атап көрсетеді. **Түлектің жеке тұлғасын қалыптастырудың критерийі** ретінде мыналар анықталды:
- студенттердің психофизиологиялық жағдайы, яғни олардың ментальдік денсаулығы (мотивтердің болуы және сипаты, эмоционалды тұрақтылығы, өзін-өзі дұрыс бағалау);
 - адамгершілік-этикалық даму (әрекет пен мінез-құлықтың моральдық-этикалық нормаларын иелену және жүзеге асыру, құндылық бағдарларының болуы мен сипаты);
 - коммуникативтік белсенділік (қарым-қатынасқа қажеттілік деңгейі және мүмкіндігі);
 - болашақ кәсіпке бейімделу (қызметтің мақсаты, негізгі дағдыларды меңгеру);
 - студенттердің өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға бағыттылығы (өмір жоспарлары мен болашағының болуы және айқындылығы) [135].

Ғалымдардың тағы бір тобы (В.А.Ситаров, А.И.Шутенко және Е.Н.Шутенко) студенттерге өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру ретінде жеке тұлғаға бағытталған жоғары білімнің құндылығын атап көрсетеді. Авторлар: «Тұлғадан оқшауланған білім беру үдерісі болмайды және болуы да мүмкін емес... Тұлға туралы білімсіз оның қандай болуы керектігін шешу мүмкін емес... Тұлға сананың және еріктің тасымалдаушысы ретінде тек өз еркімен, дәлірек айтсақ ерікті түрде дами алады... Жеке тұлғаның қоршаған әлемді кеңейтуге деген ұмтылысы жақсы ойластырылған педагогикалық үдеріспен «қамтамасыз етілген» әр түрлі шығармашылық міндеттермен жүзеге асырылады. Бұл «кеңейту» білім беру үдерісіне де таралады: оның мақсаттары, мазмұны, формалары мен әдістері оның субъектілері - білім беруші мен білім алушының ынтымақтастық пәніне айналады» [136].

Кәсіби өзін-өзі жетілдіру мен тұлғаны дамытудың психологиялық механизмдері мен қозғаушы күштерін сипаттайтын келесі авторлар тобы (Ж.А.Жүнісбекова, М.А.Керімбеков және Д.А.Жүнісбекова) оларда мотивтердің, құндылықтардың, тұлғалық мағыналар мен қабілеттердің күрделі көп деңгейлі құрылымын ажыратады. Бұл тетіктер мен қозғаушы күштер кәсіби маңызды сапаларға әсер етеді және студенттер үшін тандаулы іс-әрекет талаптары мен оның жеке мағынасы арасындағы қарама-қайшылықты өзектендіретін осындай іс-әрекетті ұйымдастыруды талап етеді. Алайда, мақала авторлары бұл тұрғыда әр түрлі қызмет түрлерінің мүмкіндіктерінің тең еместігін көрсетеді [137].

Сонымен, тұлғалық-бағдарлы білім берудің тұлғалық жағын анықтап, оның постулаттарына сүйене отырып, біз болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы тұлғалық-әрекеттік ұстаныммен мәнін ашуға көшеміз. Тұлғалық-әрекеттік ұстанымы бір-бірімен тығыз байланысты екі - «тұлғалық» және «әрекеттікке» негізделген ұғымды біріктіретіні айқын. Бұл ұстанымның жетекші идеясы - бұл іс-әрекет арқылы тұлғаны дамыту, онда студент белсенді іс-әрекеттің субъектісі және өз бетінше ойлана алатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, іс-әрекетті жеткілікті түрде орындай алатын және олар үшін жауап беретін болашақ маманға айналады [138].

Білім беру мәселелері бойынша ғалымдардың ұжымдық монографиясынан И.А.Зимняя оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізі ретінде тұлғалық-әрекеттік ұстанымын сипаттайды. Егер ол бұрын оқу үдерісіне «ұстаным» категориясы дәстүрлі түрде оқытушы тұрғысынан қарастырылса, яғни әр түрлі күрделілік пен проблематиканың әр түрлі құрастырылған оқу міндеттерін шешу арқылы студенттердің оқу қызметін басқаратын, яғни педагог тұрғысынан қарастырылатын болса, онда жеке тұлғалық-әрекеттік ұстанымы тұрғысынан оқыту оны студенттер тұрғысынан қарастыруды білдіреді [139].

Білім берудегі тұлғалық-әрекеттік ұстаным мәселелері В.В.Беляковтың еңбектерінде педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі оқу үдерісінің негізі ретінде көрсетілген [140], Л.И.Смолкина [141] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселе мамандар даярлауды ізгілендіру шарты ретінде айқындалған.

Ғалым В.А.Грибанов болашақ педагогтардың дайындығын жетілдірудің шарты «білімді» маманға ғана емес, сонымен қатар «іс-әрекетке қабілетті және дайын» маманға бағытталған дей отырып, оны өзін-өзі дамытуға ұмтылған тұлғалық-әрекеттік ұстаным ретінде қарастырған болатын [142]. Автор ЖОО-ның білім беру үдерісінде оқытушы мен студенттер арасындағы қатынас тұрғысынан тұлғалық-әрекеттік ұстанымның ерекшеліктеріне айрықша назар аударады. Мұнда студент өзінің жеке әлеуетін іске асыратын және дамытатын толыққанды субъектіге айналады. Ал әрекеттік тұлғаны дамыту мен қалыптастыру ұстанымы ретінде қабылданады.

Қазақстандық педагог ғалымдар Д. Қ.Пошаев [143], А.П.Сейтешев [144,145] қазіргі кәсіби педагогиканың теориялық және әдіснамалық негіздерінің және ХХІ ғасырда мамандарды қалыптастырудың негізін қалаушылар, және білімгер жастардың кәсіби қалыптасуының жолдарын дамытушы, әрі адам қызметінің әр алуан түрлері арасында кәсіби қызметке баса назар аударады.

Адамдардың тұлғалық дамуындағы қызметтің осы түріне үлкен мән бере отырып, А.П.Сейтешев өзінің қабілеттерін ашудағы қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктерін, жеке өзін-өзі танытуда, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуде: «Кәсіби қызмет, адамның саналы өмірінің 2/3 бөлігінен астамын толтыра отырып, сол арқылы оның мәнін тұлғаның өзін-өзі дамыту негізі ретінде анықтайды. Адамның ішкі құрылымының байлығы көбіне

оның әрекетіне байланысты, ал мамандық - оның негізгі, ең маңызды, мақсатты бөлігін құрайды» деп ашып көрсетеді [146].

Кеңестік және ресейлік ғалым В.А.Сластениннің педагогика саласындағы зерттеу пәні [147] педагогтың тұлғасының қалыптасу үдерісін оның кәсіби қызметімен тығыз байланыста зерттейтін ғылым болды. Оның ғылыми назарында ең бастысы - педагогты педагогикалық қызметтің, жоспарлаудың, ұйымдастырудың, бағыттау мен түзетудің субъектісі ретінде қарастыру. Дәл осы іс-әрекетте адам оның субъектісі ретінде және тұлға ретінде қалыптасады, оның субъективті мәні, қызметтің әр түрлі түрлеріне құндылық қатынастары, педагогтың жеке позициясының қалыптасуы мен көрінуіне әсер етеді. Автор педагогтың жеке басына қойылатын кәсіби анықталған талаптардың ғылыми негіздемесін ұсынады.

Біз болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіне қатысты тұлғалық-әрекеттік ұстанымын қарастыратын болғандықтан, біз кәсіби ұтқыр маман қызметін уәжді, белсенді, мақсатты, кәсіби өмір жолында көрінетін белгілер деп анықтайтын Л.В.Горюнованың [148] көзқарасына қосыламыз. Автордың пікіріне сүйене отырып, жеке тұлғалық-іс-әрекеттік ұстанымды қолданатын мұндай қызметтің сәттілігі білім беруші мен білім алушылардың әлеуетті мүмкіндіктеріне және олардың бірлескен әрекетке дайын болуына байланыстылығын атап көрсетеміз. Демек, болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіне тұлғалық-әрекеттік ұстанымы кәсіби ұтқырлық көрінісінің айқын белгілерін дұрыс анықтауға көмектеседі. Атап айтқанда: өзінің кәсіби шеберлігі туралы толғанысының болуы, өз мүмкіндіктерін, жеке тұлғалық басындағы өзгерістерді бағалау және іс-әрекеттің табыстылығын болжау және нәтижелерді алдын-ала білу мүмкіндігі.

Педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамытудың әдіснамалық аспектілері тұлғалық-әрекеттік ұстаным контекстінде мыналарға бағытталады:

- педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамытуға ықпал етуші тұлғалық сипаттамаларын көрсету;

- педагогтың белсенділігі мен өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ете отырып, қосымша білім беруде педагогты оқыту үдерісін ұйымдастырудың белсенді әдістері мен формаларын анықтау.

Осылайша, мәнмәтінде кәсіби ұтқырлықты ескере отырып, біз зерттеушілердің жоғарыда сипаттаған пікірлері бойынша және дуальды оқытуды болашақ мамандардың кәсіби бейімделу процесін анықтайтын факторлар ретінде [149] болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінде тұлғалық-әрекеттік ұстаным мен серіктестер арасындағы білім берудің өзара әрекеттестігін дуальдылық тұрғысынан салыстырмалы түрде талдаймыз.

Кесте 3 - Болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіндегі тұлғалық-әрекеттік ұстанымын серіктестер арасындағы өзара білім беру іс-әрекетінің дуальдылығы тұрғысынан салыстырмалы талдау.

Педагогтың тұлғалық-іс-әрекеттік ұстаны	Студенттің тұлғалық-іс-әрекеттік ұстанымы
---	---

-Білім алушының жеке тұлғасына және үдерістің жетістігін қамтамасыз ететін негізгі детерминанттарға (кәсіби түсініктер, әрекеттің сыртқы және ішкі мотивтері, құндылық бағдарлары, мақсаттары, мүдделері, жинақталған тәжірибе, оқытудың мәнін түсіну, келешек және т.б.) бағытталған болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды басқарудың педагогикалық ұйымдастырылған үдерісі.

Оқу үдерісінің бағыты:

- «субъект (С) - объект (О)» жүйесінде білім беру үдерісіне қатысушылардың кеңінен таралған өзара әрекеттесу схемасын өзгерту, мұндағы С педагог - педагогикалық ықпал ету мен басқарудың субъектісі, ал Б – білім алушы осындай ықпал ету объектісі болып табылады;

- оқу-өндірістік және кәсіптік міндеттерді шешетін білім алушылардың бірлескен дидактикалық ұйымдастырылған оқу үдерісінде оқытушы мен тыңдаушылар арасындағы тең дәрежеде серіктестік білім беру ынтымақтастығына негізделген «субъект - субъект» жүйесіндегі білім беру үдерісін қайта бағыттау («С» = «С»).

Болашақ педагогтың кәсіптік ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіндегі педагогикалық іс-әрекеттердің нақты білім беру міндеттерін (танымдық, зерттеушілік, жобалық, түрлендіргіштік және т.б.) олардың номенклатурасына, иерархиясына, олардың бағдарлық негізі және оларды жүзеге асырудың алгоритмі бар болатын шартында студенттердің ұсынуы мен ұйымдастыруына сәйкес осы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға және шешуге бағытталған ұмтылысы;

Студенттерге білім беру траекториясын таңдауға және жеке тұлғаны дамытуға көмектесуі.

Студенттердің мамандықтың ерекшеліктерін игеруде белсенді, тәуелсіз және жауапкершілікті болуына қолайлы жағдайлар жасау; болашақ маманның өзін кәсіби және тұлғалық дамуының субъектісі ретінде сезінуіне мүмкіндік беретін ұтқырлығын дамыту.

- Бұл педагогты оқу ақпаратын беруші ретінде емес, өзара іс-әрекет жасайтын субъект, педагог-менеджер ретінде қабылдауға көмектеседі, студенттердің іс-әрекетін нақты мақсаттарға - болашақ кәсіби маман қалыптастыруға жетуге бағыттайды.

Күтілетін нәтижеге жету үшін білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының бірлескен іс-әрекетін қамтамасыз етеді, мұнда студент оқу үдерісінде өзіндік және педагогикалық әрекеттер жүйесін құруда тең құқылы серіктес болып табылады, ал педагог тек ұйымдастырушы, кеңесші, үйлестіруші және көмекші болып табылады.

Ол білім алушының барлық білім беру жағдайында таңдау еркіндігінің көрінуіне (білім беру траекториясы, бағдарламалар, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыру әдістері мен құралдары, ал кейбір жағдайларда оқыту бойынша серіктес – педагогты таңдау), оның жеке өзін-өзі таныту мен тұлғалық өсуіне жағдай туғызады.

Студенттің кәсіби саладағы оқу, танымдық және оқу-өндірістік қызметіне дайындығына, оқытушымен тең серіктестігіне, пәндік қарым-қатынас арқылы оқу-өндірістік және кәсіби мәселелерді шешуге ықпал етеді. Оқу міндеттерін дұрыс қабылдауға және басқа студенттермен ынтымақтастықта оны шешуден қанағаттануға жеткілікті түрде көмектеседі.

Кәсіби қызметтің әр алуан түрлерін табысты орындауды жүзеге асыруға және әр түрлі кәсіби қауымдастықтарда жұмыс істеуге дайындық сезімін және сенімділік сезімін қалыптастырады, сонымен қатар жеке тұлғаның кәсіпте және өмірде өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі тануына ықпал етеді, бұл оқу және кәсіптік қызметтің барлық түрлерін табысты жүзеге асыруға тиімді стимул болып табылады.

Бұл студентке оқу материалын жақсы игеруге ықпал ете отырып, кәсіптік оқыту әдістері мен технологиялары туралы әдеттегі тұжырымдамаларды қайта қарауға, өмірде өзінің жеке дара жолын салу мүмкіндіктерін болжауға мүмкіндік береді.

3-кестеде болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын тұлғалық-әрекеттік ұстаныммен қалыптастыру үдерісіне серіктестер арасындағы білім беру өзара іс-әрекетінің дуальдылығы тұрғысынан талдау көрсеткендей, бұл үдеріс екі позициядан да (педагог позициясынан да, студенттің позициясынан да) жоғары оқу орындарының алдына болашақ педагогтарды жетілдірудің жаңа кәсіби ұстанымдарын қарқынды іздеу міндетін қойып отыр.

Атап айтқанда, жолдарын табу векторы білім беру саласына инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу, адамның ашылуына арналған білім беру жағдайын құру үдерісі, педагогикалық өзара әрекеттесуге, қарым-қатынасқа кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді жою арқылы білім беру үдерісіне қатысушылардың топтық коммуникациясының сәттілігін қамтамасыз ететін оқытушы-ақпарат берушінің, білімді жеткізушінің, бақылаушының фасилитатор лауазымына (латын тілінен *facilis* - жеңіл, ыңғайлы) позициясын өзгерту бағытында жүзеге асырылады.

Кәсіби қызметті игеруді көрсетудің жеткілікті жоғары деңгейін меңгеру (мастер-класс). Өзінің әрі қарайғы кәсіби-педагогикалық дамуын, тұлғалық өзін-өзі көрсету мен өзін-өзі дамытуын жобалау қабілеттерін дамыту. Себебі, қазақстандық авторлар тобы (Б.А.Абдыкаримов, А.М.Абдыров, Г.Д.Баубекова) атап өткендей, педагогтың дайындық шарасы қаншалықты жақсы болғанымен, кәсіби ресурстар ескіреді, бұл кәсіби дайындықтың білім беру нәтижелеріне әсер етеді деген болатын [150]. Мұнда біз болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру нәтижелерін де қосамыз.

Қорытындылай келе, Медеубаева К.Т., Садирбекова Д.К.: «Педагог пен студенттің ынтымақтастығы екеуі үшін де қажет. Біріншіден - білім, тәжірибе, бірлескен қызметті ұйымдастыру әдістерін иемдену және оны үйлестіру міндеті тұрады. Екіншіден - ынта, жоғары оқу қабілеті, үлкен күш резерві және ең бастысы, ойлау стереотиптерімен шектелмеу, көзқарастардың бейберекет болмауы» [151].

Сонымен, болашақ кәсіптік оқыту педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесін шешудің біз қарастырған әдіснамалық негіздері педагогтардың білімін арнайы кәсіби білімді дамытуға бағытталған ұстанымнан болашақ педагогтың кәсіби даярлығы үдерісінде кәсіби шеберлік пен ұтқырлықты дамытуға бағытталған ұстанымға бағыттаудың объективті қажеттілігінен туындайды.

Бұл үдерістің саналы, реттелетін және басқарылатын болуы, оңтайлы нәтижелікке қол жеткізуі үшін, оның жетістігін анықтайтын сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды таңдау қажет.

Мәселенің шешімін біз бір-бірімен қайшылыққа түспейтін және білім беру нәтижелерінің жаңа сапасына - кәсіби ұтқырлыққа жету үшін кәсіптік оқыту үдерісін ұйымдастырудың мазмұны мен шарттарына қойылатын еңбек нарығы талаптарының жиынтығының орындалуын қамтамасыз ететін ұстанымдардың топтасуынан көреміз. Мұндай ұстанымдарға біз жоғарыда сипатталған: *олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен күйіне әсер ету ұстанымдарды, белгілі бір салада кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілеттілік пен дайындық*

әдістерінің жиынтығы бойынша жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдарды жатқыздық.

Сонымен қорыта айтқанда, біз кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру ерекшеліктеріннақтыладық, келесі тармақта кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық детерминанттарын ашып көрсетуді қарастырамыз.

1.3 Кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық детерминанттары

Бұл бөлімнің мақсаты - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық анықтамаларын айқындау, негіздеу және сипаттау, бұл біздің зерттеуімізде көрсетілген мәселені шешу үшін қолданылатын болады.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық анықтамаларын іздеу кезінде біз ғылыми қоғамдастық мойындаған кәсіби білім берудің негізгі детерминанттарына сүйенеміз. Олардың ішінде: *кәсіби мотивация* (А.А. Вербицкий, Т.А. Платонова, Д.Л. Меломед, Н.А. Павлова); *кәсіби қалыптасу* (Е.Ф. Зеер, Э.Э. Сыманюк, Н.Н. Зотова, О.Н. Родина, Т.А. Казанцева, Ю.Н. Олейник); *кәсіби өзін-өзі тану* (Г. В. Акопов, И. Исаев, С. Г. Косарецкий, В. И. Слободчиков, В. Г. Катышев, Л.М.Митина, М.Ю.Плотникова); *кәсіби көзқарастар* (Е.И.Рогов, И.Г. Антипова, С.В.Жолудева, М.М. Абдулаева, А.К. Марков, Т.А. Фугелова, Е.А. Семенова) бар.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісіне қатысты әр түрлі ақпарат көздерінде әр түрлі жолдармен түсіндірілетін «**детерминант**» терминінің мағыналық мәнінен (латын сөзі *determinans* - анықтаушы, грек *determi nans, ntis, ntis* - анықтаушы) бастау керек деп санаймыз. Детерминанттар белгілі бір құбылысты анықтайтын факторлар немесе элементтер [152]; кез-келген үдерісті немесе құбылысты анықтайтын жағдай, себеп, факторлар [153]; анықтау [154]; белгілі бір нәтижеге әкелетін алғышарт, себеп, бұрынғы жағдайлар [155] болуы мүмкін. Педагогикалық тұрғыдан В.А.Сластенин детерминанттарды «...білім мазмұнының құрылымдық компоненттерін және олардың өзара байланысын анықтайтын факторлар» деп түсіндіреді [156]. Педагогикада В.Т. Чепиковтың детерминанттары интегралдық педагогикалық үдерісте тұлғаның жан-жақты қалыптасуы мен дамуы проблемалары шеңберінде олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігінде қарастырылады [157].

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде детерминация мәселесі әр қырынан қарастырылады. Мәселен, А.М. Мишин, педагогтың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы тұрғысынан, оның деңгейін анықтайтын психологиялық детерминанттар ретінде: «ішкі, жоғары өзін-өзі бақылау («өзін-өзі бақылау») және «табандылық» көрсеткіштерінің жоғары мәндері), өмірді жоғары бағалау мәні (өмірдегі мақсаттар, өмір сүру үдерісі немесе қызығушылық, өмірдің

нәтижелігі) немесе өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруға қанағаттану, Мен - бақылау локусы, Өмір - бақылау локусы, ішкі мотивация, жоғары қарым-қатынас, жоғары эмоционалды тұрақтылық, жоғары әлеуметтік батылдық, мазасыздықтың төмен болуы, төмен жүйке-психикалық шиеленісті атап көрсеткен болатын.

Автор «Педагогтардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың психологиялық детерминанттарына мақсатты түрде әсер ету үдерісінде оның деңгейінде айтарлықтай өзгеріс болады, ол педагогтардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыру көрсеткіштерінің оң қарқынынан: кәсіби қызметте өзін-өзі тануға деген ұмтылыс, кәсіби қызметтегі терминалды құндылықтарды жүзеге асыру, кәсіби жетістіктер, еңбекке қанағаттанудан көрінеді» деп дұрыс баға берген [158].

Педагогтың кәсіби өзін-өзі тануының психологиялық детерминанттарын зерттей отырып, О.Н.Полчанинова педагогтың жеке тұлғасының субъективті: педагогтың жеке тұлғасын - кәсіптік қызметтің субъектісін танудың маңызды субъективті факторы ретінде кәсіби бағдар; психикалық қызметтің оған ішкі, субъективті бояу беретін реттеуші компоненттерімен байланысты кәсіби мотивация; қоғамға оның қызметінің нәтижелерінің маңыздылығын мойындаудың арқасында еңбек субъектісіне жеке маңыздылықты сезінуге мүмкіндік беретін жұмысқа қанағаттану секілді ерекшеліктерін көрсетеді [159].

Авторлар И.В.Заусенко мен С.А.Минюрова педагогтың психологиялық әл-ауқатының жеке детерминанттарына тоқталады, оған мыналар: педагогтың өзін-өзі дамытуға және ішкі интеграцияға деген ұмтылысын сипаттайтын жеке қасиеттері жатады. Мотивациялық детерминанттар ретінде авторлар «жеке тұлғаның өзіне деген қатынасы мен өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты сипаттайтын қасиеттерді атайды: өзін-өзі бағалау, өзін төмен бағалау, ашықтық, өзін-өзі басқару, өзінің интуициясына сенімділік, психоэнергетикалық әлеуетті» атап көрсетеді [160].

Т.А. Фугелова болашақ маманның кәсіби ұтқырлығының сипаттамалық ерекшелігінен туындайтын осындай маңызды детерминантқа - кәсіби сәйкестілікке назар аударады.

Автор аталған детерминантты тұлғаның кәсіби қалыптасу проблемаларымен, конгруэнттілікпен (тұлғаның белгілі бір жағдайға дұрыс эмоционалды реакциясы туралы айтады) «Мен - тұжырымдамалармен» және мамандық – кәсіби «Мен - образдың» үйлесімділігін, оның ішінде кәсіби стереотиптер мен өзіндік «Меннің» бірегейлігі, «Мен» кәсіби образбен бірегейлігін түсінумен дәйектейді.

Және ол мұндай детерминанттың болу заңдылығын «маманның әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздығымен, еңбек нарығының болжамсыздығымен, моральдық және кәсіби бағдарлардың бұлыңғырлығымен байланысты проблемалық жағдайларды қамтитын» болашақ маманның кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен түсіндіреді. Осы жағдайда мақала авторы көп жағдайда «кәсіби қызметтегі белсенді позиция ретінде кәсіби өзін-өзі сақтау, кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзгертуге және өзін-өзі тануға дайын болу,

өзгермелі қоғамда қажетті және сұранысқа ие жеке тұлғалық қасиеттерді (кәсіби сабақтарды өзгертуге дайын болуы, тұлғалық-әлеуметтік-маңызды құндылықтарды шешу, жаңашылдыққа енгізу, әлеуметтік жауапкершілік, бәсекеге қабілеттілік), адамға заманауи, өзектілік сезімін беретін тұлғалық қасиеттерді нығайту туралы сұрақ туындайды» деп түйіндейді [161].

Басқа ғылыми дереккөздерді талдау қазіргі заманғы көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің тиімділігі (Л.А.Амирова, Е.И.Герасименко, Л.В.Горюнова, Б.М.Игошев, О.В.Кердяшева, Н.С.Мерзлякова, С.А. Морозова, Е.А. Никитина және басқалар) әртүрлі факторларға байланысты екендігін көрсетеді. Мысалы: студенттердің жеке-тұлғалық ерекшеліктері, болашақ кәсіби іс-әрекеттің мазмұны, оқуға деген қызығушылық, ынталандыру және т.б. Бұл үдеріс субъективті бағдарға ие және студенттің ресурстарының тұлғалық даму әлеуетін белсенді етуге арналған психологиялық-педагогикалық детерминанттармен алдын-ала анықталған.

Жоғарыда аталған дереккөздерге қысқаша талдау жасау белгілі бір детерминанттардың болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіне әсер етуінің студент жасындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімділігін болжауға мүмкіндік береді.

Бұл проблема студенттерді әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық позициялардан ерекше әлеуметтік-психологиялық және жас санаты ретінде қарастыру тұрғысынан белсенді түрде дамыды (Б.Г. Ананьев, Ю.Р. Вишневский, И.А. Зимняя, А.А. Риан, Т. Тәжібаев, Г.А. Уманов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.Ы.Намазбаева, А.Р.Ерментаева, В.С.Немченко, Т.В.Баландинцев, Т.М.Куриленко, О.В.Салдаева, В.А. Слостенин, Л.Д.Столяренко, В.А.Якунин).

Ғалымдар студенттер ұжымын әр түрлі сипаттайды: Л.Д.Столяренко студенттер ұжымында жоғары әлеуметтік білім беру ұйымымен ұйымдасқан ерекше әлеуметтік категорияны, адамдардың белгілі бір қоғамдастығын көреді [162]. И.А.Зимняя анықтамасында студенттер білім мен кәсіптік дағдыларды мақсатты түрде, жүйелі түрде меңгеретін, тәрбие жұмысымен айналысатын адамдар ретінде әрекет етеді. Білім деңгейі жоғары, мәдениетті белсенді тұтынатын және танымдық ынтасы жоғары адамдар ретінде танылады.

Студенттер қауымын әлеуметтік топқа қосқанда, И.А.Зимняя оны кәсіптік бағдарлау, болашақ мамандыққа деген тұрақты қатынасты қалыптастыру, кәсіби таңдаудың дұрыстығы мен жаңылмауы, таңдаған кәсібі туралы ойлардың сәйкестігі мен толықтығы сияқты ерекшеліктерімен сипаттайды. Автор соңғысын таңдалған мамандықтың талаптары және кәсіби қызмет жағдайлары туралы білім ретінде жіктейді. Ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жетекші ғалым-психолог студенттің мамандықты түсіну деңгейін оның оқуға деген көзқарасының деңгейімен байланыстырады. Атап айтқанда, студент мамандық турлы неғұрлым аз білсе, оның оқуға деген қатынасы соншалықты оң болмайды [163].

Басқа ақпарат көздері студенттер ұжымын белгілі бір санымен, жас құрылымымен сипатталатын әлеуметтік-демографиялық топ; белгілі бір әлеуметтік позиция, рөл және мәртебе; әлеуметтену кезеңі, яғни жастардың едәуір бөлігі өтетін және белгілі әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен сипатталатын топ ретінде түсінеді [164].

Қазақстандық ғалымдардың басым көпшілігі студенттік жастарды ең белсенді және білімді жастардың тобы, әлеуметтік қайта құрудың маңызды объектісі және субъектісі ретінде сипаттайды (Г.С.Абдирайымова, Г.К.Асан, Л.А.Бекмамбетова, Н.Ж.Биекенова, Ш.Е.Джаманбалаева, Г.Ж.Тельбаева, М.Б.Таныбекова).

Н.Ж. Биекенова студенттер ұжымын «болашақтағы қоғамның экономикалық, саяси және рухани өміріндегі бағыттарды анықтайтын» әлеуметтік топ деп атайды... Ал студенттің оқуға, қоғамдық жұмысқа деген қатынасы туралы «оның жалпы әлеуметтік өсіп жетілуінің салдары» деп түсініктеме береді [165].

Келесі қазақстандық дереккөз студенттер қауымының ерекшеліктерін талдай отырып, былай деп хабарлайды: «Студенттік ұжым жастардың белгілі бір бөлігін білдіреді, ол барлық жастарға ортақ белгілерге де, ерекше сипаттамаларға да ие. Студенттер сияқты әлеуметтік топтың ерекше сипаттамалары, әдетте, қоғамның экономикалық және мәдени дамуының әсерінен қалыптасады» [166].

Көріп отырғаныңыздай, «студент» терминінің анықтамасы әр алуан, әр түрлі түсіндірмелерде кездеседі. Бірақ, осыған қарамастан, жастардың осы жас топтары үшін ЖОО-да оқу және мамандыққа ену кезеңі кәсіби ұтқырлық сияқты кәсіби маңызды сапаның қалыптасуына барабар әсер ететін өзіндік көзқарастары мен қарым-қатынастарын қалыптастырудың маңызды кезеңі екендігі даусыз. Себебі дәл осы кезеңде студенттер қажетті білімді алады, болашақ кәсіби қызмет саласы туралы өз ойларын нақтылайды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жеке тұлғаны одан әрі кәсіби қалыптастыру, дамыту және «өмір сүруге бейімделу», сондай-ақ білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін негіз болып табылады.

Студенттік жас тәуелсіздікке ұмтылумен сипатталады, бұл жастардың егде жастағы адамдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігін жоққа шығармайды. Студенттік жас кезеңіндегі психиканың белгілі бір ерекшеліктері көбінесе «жас ерекшеліктеріне емес, әлеуметтік және кәсіби анықтамаға, жеке тәуелсіздікке, өмір жолын таңдауға» тәуелді болатын әлеуметтік позиция мен мәртебенің аралықтығымен анықталады [167].

Психологиялық-педагогикалық ғылымдардың өкілдері өз назарын студенттерге тән жалпы жас ерекшеліктеріне аударады: биологиялық (жоғары жүйке әрекетінің түрі, шартсыз рефлексдер, инстинкттер, дене күші және т.б.); психологиялық (психологиялық үдерістердің, күйлер мен қасиеттердің бірлігі); әлеуметтік (белгілі бір әлеуметтік топқа жататын әлеуметтік қатынастар, сапалар және т.б.) [168].

Ғалымдардың пікірімен бөлісе отырып және оған қосыла отырып, біз студенттердің тізімделген жас ерекшеліктерін кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың педагогикалық үдерісін модельдеу кезінде ескерілуі тиіс міндетті және қажетті компоненттер ретінде танымыз. Алайда, психологтар мен педагогтарға сүйене отырып, біз бұл үдерісте әр студенттің жеке ерекшеліктерін, оның психикалық үдерістері мен күйлерінің ерекшеліктерін ескеруді маңызды деп санаймыз (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.Н.Певнева, Е.П. Ильин, А.О.Прохоров, Е.Н.Кулешова).

Біздің зерттеу форматында Ф.Г.Мухаметзянова, А.Ш. Яруллина, Г.К. Бисерова мен В.Р.Вафиналардан тұратын авторлар тобының студенттік жылдары студент оқу және кәсіптік іс-әрекеттің субъектісіне айналады деген тұжырым турасындағы позициясы қызықтырады. Аталған авторлар студентті осы рөлде сипаттай отырып: «Студент оқу және кәсіптік іс-әрекеттің субъектісі ретінде ЖОО-ның білім беру және кәсіби кеңістігінде сол өмір салтын, соған сәйкес ол кәсіби қызметтің жағдайларына, өмірлік шарттарына, талаптарына, нормаларына, құндылықтарына сәйкес білім беру қызметіндегі өзінің жеке ерекшелігін, түрін шығарады және университеттегі өзін-өзі ұстау стратегиясы мен тактикасын дамытады» деп түйіндейді.

Осы ұстанымға қосыла отырып, біз әр түрлі типтегі білім беру қызметіндегі студенттің субъективтілігін болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығы мен болашақ кәсіби іс-әрекет субъектісінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінде оның дамуы мен өзін-өзі дамытуының жетекші факторы ретінде тануды орынды және жөн деп санаймыз.

Бізді ЖОО студенттерінің оқу және кәсіптік іс-әрекет субъектісі ретінде танытуының осы авторлар тобы көрсеткен көрсеткіштері қызықтырады. Олар студенттің өзін-өзі дамыту механизмдеріне қосылуынан көрінеді.

Біз «өзін-өзі дамытудың»: «өзін-өзі дамыту, өзіндік тәуелсіздік, өзіндік әрекет ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіруді іске асыру, өзін-өзі таныту, өзін-өзі таныстыру, өз ісіне табандылық таныту, өз ісіне берілгендік және т.с.с.» тетіктері туралы айтып отырмыз. Және олар: «Бұл дегеніміз, студент білім беру және кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде бастапқыда практикалық іс-әрекеттерді, қарым-қатынасты, мінез-құлықты, танымды, ойлауды және адам белсенділіктерімен байланысты (шығармашылық, адамгершілік, еркін) және қажетті жоғары нәтижелерге қол жеткізу секілді басқа да арнайы адам белсенділігін өз бетінше бастауға және жүзеге асыруға дайын екендігін білдіреді деп қорытынды жасайды.

«...Және кез-келген студент өзін бірден білім беру және кәсіптік іс-әрекет субъектісі ретінде таныта алмаса да, біз осы үдеріске қатыса отырып, «субъективтілікке қосылған сол немесе басқа деңгейлерді көрсете отырып», бұл жаңа психикалық формациялар субъектісі тұлғасының психикалық даму аренасында пайда болу үдерісін тудырады» деген тұжырымдамасымен келісеміз [169].

Біздің жағдайда мұндай жаңа формация кәсіби ұтқырлық болып табылады. ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде болашақ мамандарды

калыптастыру мәселесін шешу үшін студенттер қатысатын барлық қызмет түрлері ескерілуі керек.

Кәсіптік білім беруді студенттердің әр түрлі іс-әрекетінің жүйесі ретінде қарастырғанда болашақ мамандар (А.Н. Леонтьев, В.А.Беликов, А.С. Валеев, А.Б.Вербицкий, А.В.Гришин, С.Я.Батышев, А.Қ.Маркова, А.М.Новиков, Е.Ф.Зеер, М.А.Сафронова, Л.Г.Семушина), ғалымдар оның келесі: білімдік, кәсіби және оқу-кәсіптік түрлерін ажыратады. Және олар «бұл жағдайда түбірлі ұғым - бұл әрекеттің философиялық және психологиялық тұжырымдамалары негізінде айқындалған қызмет ұғымы. Бұл көзқарастағы ең бастысы – әрекет барысында адам өзінің қасиеттерін, қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, оларды қалыптастырады. Сонымен, кез-келген қызмет, ең алдымен, субъект пен қызмет объектісі арасындағы өзара әрекеттестіктің өзара үдерісі болып табылады».

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының оқу-кәсіби қызметі - бұл жалпы білім беру, кәсіптік және арнайы пәндерді, сонымен қатар студенттердің оқу, оқу-өндірістік және диплом алдындағы практикасын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерттеу болып табылады (М.А. Сафронова [170]).

Оқу іс-әрекеті (И.А.Зимняяның пікірі бойынша) - бұл іс-әрекеттің жалпыланған әдістерін меңгеру, білім алушының өзін-өзі дамытуы арқылы оқытушының арнайы қойған оқу міндеттерін оқу әрекеттерімен шешу арқылы өзін-өзі жетілдіру әрекеті.

Оқу-танымдық іс-әрекет - бұл білім беру мәселелерін шешуге бағытталған, осы қоршаған шындыққа, оқу міндеттеріне, оқу пәніне және болашақ кәсіби іс-әрекетке танымдық және эмоционалды-құндылық қатынасын қалыптастыруға бағытталған студенттің мақсатты, сырттай басқарылатын немесе өз бетінше ұйымдастырылған өзара әрекеті [171].

Студенттің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі маңызды көрінісі оның осы іс-әрекеттің барлық түрлері мен формаларын орындай алуы болып табылады. С.И.Высоцкая енді оқу іс-әрекетінің пәні оқытуда игерілген білім, іскерлік және дағдылар емес, кәсіби қызметтің құралы болып табылатындығын айтты [172].

Біздің зерттеуіміздің негізінде біз Л.П.Крившенконың [173] әрекеттік қызмет теориясына сүйене отырып, студенттер іс-әрекетінің кез-келген түрінің құрылымында мақсатты, мотивтерді, пәнді, қызметтің түрлерін, әрекеттерді, операцияларды анықтайтын М.А.Сафронованың тұжырымы бізге жақындау болып отыр. Оларды көрнекі түрде құрылымдап құрастырады. Осы түсініктерді біздің тақырыпқа байланысты бейімдей отырып, біз болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық детерминанттарын іздеуде оларға сүйенетін боламыз (4-кесте).

Көріп отырғаныңыздай, кәсіби дайындық үдерісінде ЖОО студенттерінің барлық қызмет түрлерінің құрылымдық компоненттері маңызды құрама бөліктермен анықталады. Мысалы: қажеттілікті сезіну, мотивтің қалыптасуы, әрекетті жүзеге асыру ұстанымын таңдау, қызметті жоспарлау, әрекеттер тізімін анықтау, әрекеттерді орындау. Бұл компоненттер білім беру үдерісінде қалыптасатын жеке ерекшеліктерімен тікелей байланысты және кәсіби-

маңызды сапалардың мазмұнын анықтайды, біздің зерттеуіміздің тақырыбы - кәсіби ұтқырлықты қамтиды.

Белгіленген қызмет түрлеріне тән ерекшеліктер мен құрылым субъективтілікпен, белсенділікпен, объективтілікпен, танымдық үдерістің мақсаттылығымен және хабардарлығымен ерекшеленеді.

Әрекеттің барлық түрлері қойылған танымдық міндеттерді шешуде интеллектуалды әрекеттер мен ақыл-ой операцияларымен (талдау, синтез,


Кесте 4 - Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісін анықтайтын ЖОО студенттері қызметінің құрылымдық компоненттері

Әрекеттің құрылымдық компоненттері	Оқу әрекеті	Оқу-танымдық іс-әрекет	Оқу және кәсіби қызмет
Қажеттілік	Оқытуда	Оқуда және жұмыста	Өзінің әлеуметтік және кәсіби тәжірибесін дайындау үдерісінде толықтыру барысында өзін-өзі дамыту
Мотив	Жаңа нәрселерді тану, оқу іс-әрекетін қалыптастыру	Мамандықты игеруге деген қызығушылық пен ұмтылыс; Интеллектуалды даму және өзін-өзі жүзеге асырудағы қажеттіліктерді жүзеге асыру	Студенттің танымдық және кәсіби мүддесінің, өзін-өзі дамытудың үйлесуі
Мақсат	Тұлғаның жалпы дамуы, білім мен практикалық дағдыларды игеру	Теориялық білімді нақты еңбек үдерісіне мүмкіндігінше жақын жағдайларда практикалық қолдана отырып игеру	Тұлғаның жалпы және кәсіби қалыптасуы мен дамуы
Іс-әрекеттер, операциялар	Интеллектуалды	Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағытталған оқытудың белсенді технологияларын, әдістерін, формалары мен құралдарын қолдану	Болашақ кәсіби іс-әрекеттің ең көп кездесетін ерекшеліктерін бейнелейтін әр түрлі педагогикалық міндеттерді шешу
Құралдар	Шындықтың көрінісі	Іс-әрекет пен ұтқырлықты меңгеру алгоритмдері мен әдістерін жасаудағы материалдық, ақпараттық, лингвистикалық, логикалық түрлері	Шындықтың психикалық көрінісі және түрленуі
Пән	Оқу туралы ақпарат	Кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына әсер ететін бастапқы және жаңа білім, іскерлік пен дағдылар	Кәсіптік дайындықты дамыту

Нәтиже	Адамның әрекеттік және ақыл-ой қабілеттері, әлемге, адамдарға, өзіне деген қатынастар жүйесі	Кәсіби ұтқырлыққа дайындық, жеке тұлғаның өмірлік жоспарлары мен тілектерін жүзеге асыру, мамандық бойынша өзіне-өзі жетілдіруді жүзеге асыру	Кәсіби дайындық және кәсіби ұтқырлық
--------	--	---	--------------------------------------

жалпылау, жіктеу) сипатталады, мұнда студент іс-әрекеттің белсенді субъектісі ретінде әрекет етеді (4-сурет).

Ұтқырлықты анықтайтын ЖОО студенттерінің іс-әрекетінің сипаттамалық ерекшеліктері мен құрылымы.



Сурет 4 - Ұтқырлықты детерминациялайтын, ЖОО студенттерінің әрекеттік құрылымы мен сипаттамалық белгілері

Ұйымдастырушылық ресурстары (орта мүмкіндіктері), ережеге сай, педагогикалық үдерістің сыртқы параметрлерін қамтиды: тиісті материалдық-техникалық базаның болуы; оқу үдерісін ұйымдастыру (оқу үдерісінің кестесі, сабақ кестесі, бақылау іс-шараларының кестесі және т.б.); тиісті теориялық және әдістемелік пәндермен байланысты педагогикалық практиканың саналы тұжырымдамасының болуын болжайтын педагогикалық практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру және жүргізу; педагогикалық практиканың барлық түрлеріне арналған тапсырмалар бөлігін құру (инвариантты және өзгермелі).

Мағыналы ресурс қоғамның да, нақты жеке тұлғаның да күтетін үміттерін қанағаттандыруы керек. Сондықтан жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының сапалы дамуы мыналарды болжайды:

- республикалық компонент деңгейінде - ұлттық ғылым мен мәдениеттің қазіргі даму деңгейіне сәйкес мүмкін болатын модернизацияның эвристикалық бағыттарын анықтау, мазмұнын зерттеу, жаңарту, тереңдету;

- ұлттық-аймақтық компонент деңгейінде - аймақтың мүдделерін ескеру (алыстағы «тұтынушы» - жұмыс беруші), кейіннен оқыту курстарын дамыта отырып, ғылыми бағыттарды мақсатты дамыту;

- ЖОО компоненті деңгейінде - студенттер мен оқытушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, ЖОО-ның білім беру үдерісіне қатысатын субъектілердің жеке басының барынша толық және жан-жақты дамуын және өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін факультет аралық элективті курстардың «банкін» құру.

ЖОО-дағы оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы - бұл кадрлар, яғни оқу үдерісін жүзеге асыратын тікелей мамандар. Осы бағыттағы сапа менеджментінің мақсаты өте қарапайым тұжырымдалған: профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін арттыру болып табылады.

Арнайы, яғни дидактикалық-әдістемелік ресурс мазмұн мен адами ресурстар арасындағы байланыстырушы буын ретінде қызмет етеді. Оның мақсаты - белгілі бір оқу пәні шеңберінде де, жалпы бөлім үшін де (университет, факультет, бөлімше және т.б.) оқу үдерісінің тиімділігін арттыру болып табылады. Дидактикалық-әдістемелік қордың негізгі міндеттеріне мыналар:

- сапалы оқытудың міндеттеріне мейлінше толық жауап беретін нәтижелі педагогикалық өзара әрекеттің ұйымдастырушылық формаларын, әдістерін анықтау және жүзеге асыру;

- студенттер мен тыңдаушылардың танымдық ынтасын күшейту;

- студенттердің білімін, іскерлігі мен дағдысын бағалау жүйесін оңтайландыру;

- болашақ мамандардың кәсіби бағдарын жаңарту жатады.

Оқылған пәндер бойынша дидактикалық-әдістемелік материалдарды саналы түрде дайындау ЖОО оқытушыларына маман даярлау жүйесіндегі өз пәнінің орнын көруге, теориялық позициялар мен олардың өндірістік практикада жүзеге асырылуының байланысын анықтауға, ішкі ғана емес, сонымен қатар пәнаралық байланысты анықтауға көмектеседі.

Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.А.Петровский және басқалар субъективтік белсенділікті ішкі ынталандыру ретінде жіктей отырып, студенттік жеке тұлғаны дамытудың қозғаушы күші және олардың даралығын сезіну ретінде кәсіби ұтқырлықтың негізі ретінде субъективті іс-әрекеттің дамуына үлкен үлес қосқан болатын.

Осының негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісі студенттің орындаушы позициясынан ұтқырлықтың көрінуіне дайын белсенді әрекет етуші қызмет субъектісінің позициясына ауысуына байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Субъективтік белсенділікпен қатар қоршаған әлем субъектісінің таным үдерісінің әр түрлі қызмет түрлеріндегі объективтілік проблемасына әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдардың: философтар, әлеуметтанушылар, педагогтар, психологтар, мәдениеттанушылардың зерттеулері арналған (А.Ф.

Абрамян, П.С. Гуревич, Е.Е.Дегтярева, Е.В. Зинченко, А.Е. Кононюк, С.Б.Крымский, Л.Ф. Кузнецова, В.А. Лекторский, М.К. Мамардашвили, У.Нейссер, Б.В. Раушенбах, М.А. Розов, В.П. Филатов және басқалар).

Е.Е. Дегтяреваның философиялық тұрғысынан «Таным субъектісі - бұл субъект үшін оның болмысының мазмұны (оның анықтамасы) ашылатын субъекті құрған, оның белсенді ойлау қызметінен туындаған гносеологиялық шындық: объект ондағы «белгісіз», «анықталмаған» мазмұнды («пәндік») мазмұнды іздеу бойынша «өзіне-өзі таныту» («объектілік») ретінде тек субъектінің ойлау әрекетінің күш-жігері арқылы танымдық шындыққа айналады» [174].

Танымның негізгі мәселелерін талдай отырып, О.Б.Куликова тануды сананың бір функциясы емес, адам үшін өмірлік маңызды үдеріс ретінде сипаттайды. Бұл үдерісте автор адам әрекетіне көп көңіл бөледі, ол осы аспектіде ең көп қырынан көрінеді. «Практикалық іс-әрекет, яғни дүниені материалдық тұрғыдан өзгертетін әрекетті тұтастай алғанда танымның салдары деп санауға болады», - деп тұжырымдайды автор [175].

Білім мен жаратылыстың жалпыланған теориясына сәйкес (А.Е.Кононюк) «Объектіні (үдерісті, құбылысты) тану дегеніміз оның қатыстық салыстырмалы сипаттамаларын (шамаларын) және олардың себеп-салдарлық байланыстарын (өлшемдерін) анықтау, ұғымдарды тұжырымдау болып табылады. Сәйкесінше, тану дегеніміз қатыстық салыстырмалы сипаттаманы (шаманы), оның себеп-салдар тәуелділігін (өлшемін) анықтау, ұғымдарын тұжырымдау дегенді білдіреді. Ғылыми таным, деп атап көрсетеді автор, субъектінің объектіге ғана емес, өзіне, оның қызметіне деген саналы қатынасын, яғни зерттеу қызметінің әдістерін, нормаларын, шарттарын, ұстанымдарын білу, дәстүрлерді ескеруді және т.б. болжайды».

Субъектіні танымдық іс-әрекет тұрғысынан қарастыра отырып, А.Е. Кононюк: «субъект объектісіз бола алмайды, ал объект субъектісіз болмайды... Таным субъектісі бола отырып, ол сонымен бірге оның объектісі болып табылады» деп нақтылайды. Және ол: «Танымның шынайы субъектісі тек гносеологиялық қана бола алмайды: бұл оның құмарлықтары, қызығушылықтары, мінез ерекшеліктері, темпераменті, ақылдылығы немесе ақымақтығы, таланты немесе орта мінезділігі, күшті ерік-жігері немесе еріксіздігі бар тірі тұлға» деп түйіндейді [176]. Танымның мақсаты - білімді арттыру, шындықты жалпылау және тексеру (И.Л.Бахтина, А.А. Лобут, Л.Н.Мартюшов).

Осы позициялармен бөлісе отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру барысынан біз ізденіп отырған мәселені шешу үшін содан шығу қажет деп санаймыз.

Мақсаттылық - болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің келесі анықтаушысы. Оның мағыналық мәні белгілі бір түпкілікті нәтижеге, мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекет сипаттамаларында жатыр. Мақсаттылық белгілі бір мақсатқа ұмтылуда, ойлар мен әрекеттерді оған бағындыруда көрінеді [177]. Біздің зерттеуіміздің тұрғысынан іс-әрекет

мақсатына жетудің күтілетін нәтижесі әрекет субъектісінде маңызды сапаны - кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру болып табылады.

ЖОО-ның оқу үдерісіндегі мақсаттылыққа сүйене отырып, таным үдерісін арнайы танытудың маңызы өте зор, өйткені студенттердің білім сапасына қойылатын заманауи талаптарға дәл осы таным жауап береді, демек, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға да жауап береді.


Э.Ю.Васюкованың анықтамасындағы «саналылық» сөзінің терминологиялық мағынасы «мағыналылық, нақты мазмұнмен қанықтыру, зерттелетін пәндерді, құбылыстарды, олардың заңдылықтарын нақты көрсету және түсіну, тек атау және сипаттау ғана емес, қажет болған жерде зерттелген фактілерді түсіндіру, көрсете білу, алайда керек жерде олардың байланыстары мен қатынастарын, игерілген ережелерді негіздейді, олардан қорытынды жасайды» деп тұжырымдалған.

Автор білімді тану мәселесін танымның тұлғалық мағыналарын өзекті етумен (қызығушылықтар, тілектер, сезімдер, іс-әрекет мотивтері) байланыстырады. Яғни білімнің өзі де, таным үдерісі де білім алушы үшін алатын жеке мағынасымен байланысты етеді. «Түсінбейтін сана болмайды, - дейді Е.Ю.Васюкова, - жеке тұлғалық мағына таным үдерісін біржақты және бағытты етуге мүмкіндік береді, іс-әрекетке қатысудың жоғары деңгейін анықтайды» [178]. Сондықтан студенттердің алған кәсіби білімдері туралы танымын арттыру үшін білім беру үдерісінің білім мазмұнын және оған сәйкес жағдайларды ойлауға (түсінуге) бағыттау қажет.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, біз келесі жағдайларға назар аударамыз: бұл әрекет түрлерінің барлық түрлері кәсіптік оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету үшін әр түрлі факторларды қолданудың көптеген аспектілері бар болғандықтан, оларды анықтау әдісі бойынша және көрінудің нақты жағдайларын ескере отырып, оларды сыртқы және ішкі детерминанттық байланыстардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. (5-сурет).

Атап айтқанда, психологиялық-педагогикалық детерминанттардың рөлін атқарады және болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің жетістігінің кепілі ретінде сыртқы және ішкі детерминанттар болып табылады:

1. Сыртқы (әлеуметтік) детерминанттар, олар жеке адамның әлеуметтік маңызды құндылықтар жүйесін қабылдауынан көрінеді. Студенттердің осы



Сурет 5 - Болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін анықтайтын детерминанттар

кәсіби қоғамдастығына тән қатынастар. Оның мәні өз іс-әрекеттері үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуде жатыр. Оқу мекемесі мен студенттер ұжымының өмір салты мен мінез-құлық нормаларын тануды қалыптастырады. Олар болашақ мамандардың барлық қызмет түрлеріне қатынасында, ақпарат пен білімді алу ұстанымдарында да көрінеді. Болашақ кәсіби қызметіне байланысты оқитын университеттің пәндеріне қатысты басымдықтарды белгілеу. Сыртқы детерминанттар ЖОО-дағы оқу үдерісінің ерекшеліктеріне байланысты болады.

2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін анықтайтын ішкі (тұлғалық) детерминанттар олардың тұлғашылық көріністерімен байланысты болады. Олар білім беру үдерісінде студенттердің ішкі қажеттілігімен, мотивтерімен және субъективті белсенділігімен сипатталады. Таным үдерісінің мақсаттылығы, объективтілігі және хабардарлығы. Сонымен қатар болашақ кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен сипатына деген көзқарасын өзгертуге назар аудару.

Студенттердің ішкі детерминанттарының қозғаушы күштеріне - білімге деген қызығушылық, оны игеру және қалыптастыру үдерісі, жеке ресурстарды пайдалану арқылы олардың интеллектуалды және кәсіби деңгейлерін жоғарылатуға деген ұмтылыстары жатады.

Осы негізде біз болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің психологиялық-педагогикалық детерминанттарын студенттердің жеке тұлғалық және кәсіби дамуына және өзін-өзі дамытуға бағытталған, болжанған педагогикалық үдерістің қажетті нәтижесіне әкелетін қозғаушы күштер мен механизмдер факторы, алғышарты, себебі, алдыңғы жағдай, қозғаушы күштер мен механизмдер, адами капиталды ұлғайту ретінде қарастыруға бейімбіз.

Сонымен, біздің ойымызша, мұндай детерминанттар педагогикалық үдеріске тікелей қатысушылардың, олардың позициясы мен ЖОО-ның білім беру ортасындағы өзара әрекеттесу сипатын ұйымдастырудың әдістері мен құралдары бола алады. Сондай-ақ студенттің тұлғалық даму ресурстары: жеке тұлғаның өзіне деген қатынасы, бейімділігі мен талғамы, қоршаған ортаның әсері мен шектеулілігі және т.б. өзін-өзі реттеу дағдылары мен іскерлігінің деңгейі. Өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу. Оларға алған білімі мен тәжірибесін педагогикалық үдерістің әр түрлі қатысушыларымен нақты өзара әрекеттесуге барынша жоғары дайындық жағдайына келтіру мүмкіндігі жатады.

Зерттеудің келесі тараушасында біз, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен компоненттерін, өлшемдерін қарастырамыз.

1.4 Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Бұл тарауша болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы қоғам мен жеке тұлғаның қажеттілігімен және зерттелетін педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ғылыми негізделген жолдарының дұрыс қойылмауы арасындағы қайшылықты шешуге арналған. Бұл қарама-қайшылықты жою әрекеті өзара тәуелділік, жүйелік, бірін-бірі толықтырушы және оны құрайтын компоненттердің тұтастығы негізінде блоктық қағидат бойынша құрылған осы үдеріс үлгісінің құрылымы мен мазмұнын іздеуге әкелді.

Ғалымдар педагогикалық модельдеу тәртібін белгілі бір үдерісті немесе құбылысты ұйымдастырудың және зерттеудің өнімді әдісі ретінде қарастырады. Модельдерді қолдана отырып теориялық және практикалық мәселелерді шешу құралы ретінде педагогикада кеңінен қолданылады (В.Г.Афанасьев, А.П.Беляева, В.П.Беспалько, М.А.Викулина, А.Н.Дахин, Е.А.Лодатко, В.В.Половинкина, М.В. Ядровская және басқалар).

А.Н.Дахин педагогикалық модельдеуді жалпы зерттеу әдісіндегі дербес бағыт ретінде қарастырады да, бағыт үлгі жасауға болатын құбылыстардың ерекшелігін көрсететін нақты қасиеттерге ие екендігін баса айтады. «Сонымен қатар, педагогикалық модельдеудің өзіндік проблемалық өрісі бар, оның мазмұны қалыптасқан педагогикалық тәжірибеге байланысты» - деп жазады автор. Педагогикалық модельдеудің негізгі ережелерін бөліп көрсете отырып, А.Н.Дахин олардың «нақтылығын тікелей тексеруге оңай болатын айқын фактілермен немесе тәжірибеден алынған тұжырымдар жасалатындығымен байланысты» деп атап өтеді және осылайша тұжырымдалған ұғымдары модель авторының педагогикалық заңдылыққа және олардың теорияны дамытудағы жететін нәтижеге деген мақсатын нығайтуға дөп түскеніне деген сенімін білдіреді.

Педагогикалық модельдеу, модельдік мақсатқа, яғни педагогикалық практика ұмтылатын идеалдарға «қызмет етеді» және жұмыс істейді. «Мұндай әрекеттік көрсетілген (модельденген) мақсат басқару жүйесі мен аралық нәтижелерді түзету жүйесін қажет етеді», - деп тұжырымдайды А.Н. Дахин [179].

М.А. Викулина және В.В. Половинкина педагогикалық модельдеудің маңызды міндетін дайындалған модельдің тиімділігін бағалау критерийлерін анықтаудан көреді. Сонымен қатар, білім беру үдерісінің бағдарлау өрісіне сүйенудің тұжырымдамалық маңызы бар, өйткені бағалау критерийлерінің өзі оны дамытуға арналған бағдарлардың мәніне ие [180].

Сайып келгенде, кез-келген бағыттағы білім беру үдерісін педагогикалық модельдеу оның қатысушыларының оқу-педагогикалық өзара әрекетін ұйымдастыруға, білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-кәсіптік іс-әрекеттерін жандандырудың жаңа ұстанымдарын және білім беруді ұйымдастырудың жүйелік, ресурстық және тұлғалық-әрекеттік ұстанымдарын жүзеге асырудың құралдарын табуға көмектеседі.

Ережеге сай, зерттелген педагогикалық объектінің үлгілік көрінісі модельмен беріледі. Зерттелетін педагогикалық құбылыстың стратегиясын жасау үшін мамандықтың, оқу орнының, білім берудің дидактикалық шарттарының ерекшеліктері ескеріледі.

А.Н. Дахин білім беру моделін «білім берудің мақсаттарын, білім беру мазмұнын, білім беру үдерісін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын басқарудың педагогикалық технологиясы мен технологиясын жобалауды қамтитын тиісті элементтердің қисынды дәйекті жүйесі» деп түсінеді [181].

Педагогикадағы модельдеу мен модельдер туралы көптеген ғылыми мақалалардың және монографияның авторы М.В.Ядровская, А.Н. Кочергина: «Модель дегеніміз - көзқарас тұрғысына байланысты әр түрлі формада көрінетін «ауысқыштың» бір түрі». Педагогикадағы модельдеудің педагогикалық өзара әрекеттесу тұрғысынан маңыздылығы туралы талқылай отырып, Ядровская модельдеуді білім беру мен педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы деп атайды.

Біз қосылып отырған оның авторлық ұстанымы – педагогикалық модельдеу тәртібін (мәселені қоюдан және оның тиісті тұжырымдалған көріністерін құрудан бастап нәтижеге дейін) нақты анықталған білім беру әрекеттері (модельдеу кезеңдеріне сәйкес анықталады) бар оқу-зерттеу қызметі аясында жүзеге асырылған оқыту әдісі ретінде пайдалану үшін модель құрастырады [182,183].

Басқа ақпарат көздеріне жасалған қысқаша ретроспективті талдау «модель» (француз тілінде «modele», итальян тілінде «modello» ал латынша «modulus» - «өлшем, образ, әдіс») мен «модельдеу» идеяларын Демокрит, Эпикур, Леонардо да Винчи қолданғанын көрсетті. Алайда, бұл идеяның ғылыми айналымға енуі ХІХ ғасырдың аяғында болып, ХХ ғасырдан бастап одан әрі дамыды.

Қызықты айғақ келтірейік: латын сөзі «модель» бастапқыда құрылыс өнерімен байланысты болған және ғалымдардың пікірінше, барлық дерлік еуропалық тілдерде ол қандай да бір жолмен басқа нәрсеге ұқсас бейнені немесе затты белгілеу үшін қолданылған екен.

Педагогикалық модельдеуде қазіргі зерттеушілердің көпшілігі көбінесе ғылыми модельдерді құру мәселесімен айналысқан В.А.Штоффтың модельдерді құру тұжырымдарына сүйенеді. Ғалым «зерттеу» объектісін бейнелеу немесе қайта көрсету арқылы оны ауыстыруға қабілетті, оны зерттеу осы объект туралы жаңа мәліметтер беретіндей етіп ойша елестететін немесе материалдық тұрғыдан жүзеге асырылатын осындай жүйені «модель» деп түсінеді» [184]. Осы тұжырымдамамен біз де келісеміз.

ЖОО-дағы болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделін құру кезінде біз төменде көрсетілген алғышарттарға сүйендік. Модель мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның әлеуметтік тапсырыс бойынша кәсіби білім беру мен ұтқыр педагогке деген қажеттіліктерін қанағаттандыруы керек. Оқыту теориясының жетістіктеріне негізделген білім беру үдерісін практикалық жүзеге асыруды қамтамасыз ету

қажет. Берілген бағыт бойынша оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беруі тиіс. Білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу заңдылықтарын анықтау керек және оны одан әрі жетілдіру жолдарын да айқындау қажет.

Жасалатын модельдің сипаттамаларын анықтай отырып, біз оны құрылымдық жағынан мағыналы деп бағаладық. Өйткені оның құрылымдық компоненттері туралы біздің түсініктерімізге оның тұрақты біртұтастығын құрайтын көптеген өзара байланысты элементтермен онтайлы түрде сәйкес келуіне байланысты (Е.А.Никитина, В.Р.Осколкова, Н.А. Пахтусова және т.б.). Дәл осы тұрғыда модель студенттердің ұтқырлығын дамытуға, ол болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының қоғамда өзін тез жүзеге асыра алуына және іс-әрекеттің кәсіби ауысуына бағытталған.

В.А.Штофф белгілеген модельдеу үлгілерінің заңдылығына сүйене отырып, модельді әзірлеу кезінде біз оның сәтті жұмыс істеуі үшін қажетті және жеткілікті жағдайлардың болуын байқадық. Атап айтқанда: 1) модель мен түпнұсқасы арасында ұқсастық қатынасы бар, оның формасы айқын көрсетілген және дәл бекітілген (ұқсастықты көрсету мен бейнесін нақтылау шарты); 2) ғылыми таным үдерісіндегі модель зерттелетін объектінің орнын басады (репрезентативтілік шарты); 3) модельді зерттеу түпнұсқа (экстраполяция шарты) туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді [184].

Құрылымдық мағыналы модель құрған кезде модельдеудің жалпы дидактикалық және педагогикалық негіздері де зерттелді (Н.А. Алексеев, В.С.Безрукова, В.В. Давыдов, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский) және олар педагогикалық іс-әрекеттегі модельдеуді арнайы құрылған объектіде, стандартта және мақсатқа жету құралында бар педагогикалық жүйенің көрінісі деп түсінетін В.В. Краевскийдің тұжырымдарын басшылыққа алған болатын. [185].

Тақырып 6. Білім беру үдерісінің тұлғаны іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптастыруға және университет түлегінің кәсіби әлеуетін дамытуға бағыттылығы.

Кәсіби функциялардың ойдағыдай орындалуын және маманның кәсіби баспалдақтан көтерілуін қамтамасыз ету үшін кәсіби ұтқырлықты жүзеге асыруға ықпал ететін жастардың білімі, қабілеті, дағдылары, қызмет модельдері, сондай-ақ жеке сапалары мен қасиеттерін қалыптастыру.

Университет түлектерін өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларымен, дербес қызмет тәжірибесімен және жеке жауапкершілікпен қаруландыру, оларға білім мен өндірістің әр түрлі салаларында өз құзіреттерін өз бетінше дамытуға және жетілдіруге, кәсіби ұтқырлықты дамытуға мүмкіндік береді.

Студенттердің үздіксіз педагогикалық үдеріске қатысуы және оқу үдерісіне қатысушылармен табысты кәсіби ынтымақтастығы үшін жағдай жасау.

Тақырып 7. Ұтқыр педагогтың кәсіби маңызды жеке қасиеттері, оның жұмысының тиімділігіне әсері. Болашақ мамандардың кәсіби қызметтегі инновацияларға, жаңа мамандықтар мен кәсіптерді ауыстыруға және игеруге ұтқырлығы мен дайындығын қамтамасыз етудегі кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттердің маңыздылығы.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының белгілі бір кәсіби маңызды қасиеттері олардың кәсіби ұтқырлығының даму деңгейіне әсері: жинақталған кәсіби білімнің жоғары деңгейі; игерілген кәсіби тәсілдер мен дағдылар жүйесін әртүрлі педагогикалық жағдайларда тиімді қолдана білу.

Тақырып 8. Болашақ кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне байланысты болашақ кәсіптік оқыту педагогының басым қасиеттері. Болжау, жаңа идеяларды шығару, бейімделу, белсенділік таныту, қиын жеке және кәсіби жағдайлардан шығу жолын табу іскерлігі. Тіл табыса білу. Креативтілік. Дербестік. Ақпарат ағынында жылдам шарлау, кәсіптік-білім беру ортасының үнемі өзгеріп отыратын сыртқы және ішкі жағдайларына икемді жауап беру қабілеті. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау және рефлексия қабілеті. Кәсіби маңызды қасиеттерді жетілдіру қажеттілігі.

Тақырып 9. Қызмет субъектісі өзінің кәсіби мүмкіндіктері мен қабілеттерінің өзін-өзі бағалау. Қызмет субъектісі өзінің кәсіби мүмкіндіктері мен қабілеттерінің өзін-өзі бағалаудың диагностикалық құралы, кәсіби маңызды қасиеттердің ауырлығы және олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мамандық талаптарына сәйкестігі. Дифференциалды диагностикалық сауалнама (Е.Л. Климов). «Қызығушылық картасы» әдістемесі. Л. Н. Кабардовтың кәсіби дайындық сауалнамасы. Жеке бейімділіктерді өзін-өзі бағалау әдістері және т. б.

Тақырып 10. Ұтқыр педагогтың кәсіби құндылықтарының түрлері.

Құндылықтар-мақсаттар («Мен - кәсіптік оқытудың болашақ педагогымын») бейнесін қалыптастыруға бағдарлану, өзінің белсенді бастамасын, құндылық бағдарларын ұғыну және өзін-өзі танытуға бағдарлану).

Құндылықтар–қарым-қатынас (қоғамда және кәсіби тұрғыда өзін-өзі бағалау; студенттің педагогикалық қызметке және өзіне деген қарым-қатынасының жиынтығы ретінде өзінің кәсіби ұстанымы тұжырымдамасын қалыптастыруға бағдарлау).

Құндылықтар-сапа (болашақ кәсіптік оқыту педагогы тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағдарлануы).

Құндылықтар - білім (кәсіби-педагогикалық, конструкторлық-технологиялық, ұйымдастырушылық-технологиялық білім жүйесін меңгеруге бағдарлау).

Құндылықтар-іскерліктер (кәсіби-педагогикалық, конструкторлық-технологиялық, ұйымдастыру-технологиялық біліктер жүйесін меңгеруге бағдарлау).

Тақырып 11. Педагогтың кәсіби - ұтқыр тұлғасының дамуын анықтайтын факторлар. Макро-, мезо - және микрофакторлардың жиынтығы.

Макрофакторлар - білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа байланысты әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы факторлар (білім беру саласындағы заңнамалық өзгерістер, ақпараттандыру және саралау; елдің білім беру жүйесіндегі оңтайландыру үдерістері; кәсіптің өзгеруі - кәсіптік қызметтің даярлығы мен түрлері бағыттарының спектрін кеңейту, түрлендіру, оның қоғамдағы беделін арттыру немесе төмендету).

Мезофакторлар - өңірдің ерекшеліктеріне және өңірлік білім беру саясатының ерекшеліктеріне байланысты факторлар; сапалы кадрлық әлеует; кәсіптік-педагогикалық қоғамдастықтардың дамыған жүйесі; жоғары білім берудің бейінді білім беру ұйымдарының болуы, олардың мәртебесі, осы жоғары оқу орындарында педагог кадрларды даярлаудың бағыттар спектрі мен бейіндері, олардағы білім сапасы және т. б.

Микрофакторлар - болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын анықтайтын жеке қасиеттерге байланысты факторлар; объективті ұйымдастырушылық-әлеуетті сипаттағы факторлар (болашақ Педагогтың кәсіби даярлығы жүзеге асырылатын білім беру ұйымының типі мен түрі; оның мәртебесі, қаржылық-материалдық жай-күйі және қазіргі заманғы оқу-материалдық техникалық базамен қамтамасыз етілуі; дамытушы кәсіби-жеке ортаның болуы; базалық кәсіпорындардың жоғары оқу орындарымен әлеуметтік әріптестігі, білім беру бағдарламаларын түзету және т. б.); кәсіби ұтқырлықты дамытуға және кәсіби бейімделуге және кәсіби педагогикалық қызметті жүзеге асырудың өзгермелі жағдайларында үздіксіз кәсіби өзін - өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге дайындыққа жеке тұлғаның ішкі мотивациясымен байланысты субъективті әлеуметтік-жеке сипаттағы факторлар.

Тақырып 12. Болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын дамытудың интерактивті құралдары

Техникалық құралдар: компьютерлік жабдық (компьютер және оның перифериялық құрылғылары, интерактивті жабдық, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету және т. б.).

Мобильді техникалық құралдар (мобильді сыныптар, Ноутбуктар, нетбуктар, планшеттер, смартфондар және т.б.).

Дидактикалық электронды білім беру ресурстары - интерактивті оқыту құралдары. Интернет желісіне қол жеткізу технологияларын, мобильдік құрылғылар диапазонын, әлеуметтік желілердегі виртуалды қарым-қатынасты және интернет сервистерін пайдалану.

Тақырып 13. Қашықтықтан оқыту технологиялары. Қашықтықтан оқыту технологиялары, электрондық білім беру ресурстары, мобильді және Интернет-технологиялар арқылы электрондық оқыту (e-learning).

Мобильді және заманауи білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялары нақты және виртуалды шындықты біріктіретін ақпараттық қоғам дидактикасының соңғы жетістіктеріне негізделген интерактивті өзара әрекеттесу арқылы оқытуды жүзеге асыру құралы ретінде.

Тақырып 14. Кәсіби ұтқырлықты өзін-өзі бағалау әдістері.

Кәсіби ұтқырлықтың өзін-өзі бағалау параметрлері бойынша іріктеп тексеру: жеке шығармашылық (Е.Е. Туник) шкаласы бойынша: қызығушылық, қиял, күрделілік, тәуекелге бейімділік; ерікті өзін-өзі реттеу (А.Г. Зверков, Е.В. Эйдман); жанжалдағы мінез-құлық стилі (К. Томас бейімдеген Н.В. Гришина); кәсіби қызметке ынталандыру (К. Замфир модификациялаған, А. Реан); мамандыққа қанағаттану (В.А. Ядова, модификациялаған Н.В. Кузьмина, А.А. Реан); тұлғаның бағыттылығы (В. Смекал, М. Кучер).

Тақырып 15. Қорытынды сабақ

«Жұмысшы мамандығы бойынша практикум (тігінші, ағаш ұстасы, автослесарь)», «Педагогикалық шеберлік», «Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент» пәндері мазмұны болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын арттыруда маңызды рөл атқарды [230].

ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделін сәтті жүзеге асыруға бағытталған «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» сипатталған арнайы курсынан басқа, біз бұл үдеріске бірқатар өзгерістер енгіздік.

Атап айтқанда, біздің Бағдарлама студенттердің таңдаған кәсібін игеру барысында тұлғаның жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы бойынша элективті курстар мен факультативтердің факультетаралық «банкін» қосуды қарастырды. Эксперименттің қалыптасу кезеңінде бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби даярлығының негізгі және сабақтас білім беру профилінің өзгергіштігін қамтамасыз ететін факультативтер, элективті курстар мен таңдау курстарын енгізу арқылы «Көркем еңбек технологиясы және кәсіпкерлік» және «Тігін бұйымдарын конструкциялау мен модельдеу» оқу траекториялары бойынша игерілген мамандандыру мысалында жүзеге асырылады (18-кесте).

Осылайша, жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топтарға педагогикалық кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың моделін практикаға қосу бағдарламасын енгізу арқылы жүзеге асырылды.

Негізінен трансформациялық функцияны орындайтын эксперименттің осы кезеңінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің динамикасы зерттелді. Модельге нақтылаулар мен түзетулер енгізілді. Оны тиімді іске асырудың педагогикалық шарттары нақтыланды. Диагностикалық бөлімдердің көмегімен студенттердің кәсіби ұтқырлық деңгейлеріндегі өзгерістер тіркелді. Біздің ойымызша, университеттің білім беру үдерісінде студенттің қалыптасуының әртүрлі кезеңдерінде қол жеткізген кәсіби ұтқырлық деңгейін арттыра алатын әдістер мен құралдардың тиімділігі тексерілді.

Модельді іске асырудың әдістері мен құралдарын таңдау оқытудың мамандандырылу талаптарымен, тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуына арналған нұсқаулармен, кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың әр кезеңіндегі студенттер қызметінің сипатымен, оқу материалын меңгеру деңгейімен (Дж.

Кэррола, Б.С. Блума, Д.Г. Левитеса, М. В. Кларин материалдары бойынша «толық меңгеру» технологиясы) және әр түрлі оқу пәндерінің маңызды элементтеріне енгізілген белгілі бір дидактикалық тапсырмаларды орындау қабілеттерінің болуы.

Кесте 18 - «Көркем еңбек және кәсіпкерлік технологиясы» және «Тігін бұйымдарының дизайны және модельдеу» оқу траекторияларына арналған факультативтермен, мамандандыру пәндері, элективті курстар арқылы оқу және бағдарламалық пәндерімен күшейту

Оқу мерзімінің басталуы 2018-2019 оқу жылы

Пәннің аты	Курс	Сағат саны	кредиті
«Коммуникативті ұтқырлық» модулі			
Қазақ тілі	1	270	10
Шетел тілі	1	270	10
Кәсіби қазақ(орыс) тілі	2	90	3
Кәсіби бағытталған шетел тілі	2	90	3
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар(ағыл. тілінде)	1	135	5
«Педагогикалық шеберлік негіздері» модулі			
Педагогикалық мамандыққа кіріспе	1	90	3
Педагогика	1	90	3
Абайтану	2		3
Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері	2	90	3
Этнопедагогика	2	90	3
«Кәсіби технологиялық даярлық» модулі.			
Жұмысшы мамандығы бойынша практикум (тігінші,ағаш ұстасы, автослесарь) 1 бөлім/	2	120	4
Жұмысшы мамандығы бойынша практикум (тігінші, ағаш ұстасы, автослесарь) 2 бөлім/	2	120	4
Кәсіби педагогика	1	120	4
Кәсіпке оқытудағы заманауи технологиялар	3	90	3
Педагогикалық шеберлік	3	90	3
Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент	2	120	4

Қолданылатын зерттеу әдістері мен диагностикалық құралдар модельдің барлық компоненттері (қажеттілік-мотивациялық, когнитивті, процессуалдық және рефлексивті-бағалау) бойынша студенттерге сауалнама мен тестілеуді қамтыды. Заманауи білім беру технологияларын, ЖОО-да білім беру үдерісін ұйымдастыруға қойылатын нормативтік құжаттардың талаптарын білуге ерекше назар аударылды.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың *бірінші кезеңінде* оқытудың түсіндірме және танысу әдістеріне артықшылық берілді, өйткені осы кезеңдегі студенттердің қызметі, әдетте, репродуктивті болып табылады.

Мұндай қызмет студенттердің типтік мәселелерді шешу бойынша меңгерген ақпаратын білуге, ажыратуға, тануға және көбейтуге бағытталған. Бұл қызметтің сипаты, тиісінше, модельді іске асыру әдістерін таңдауды анықтады. Атап айтқанда, студенттерге оқытылатын пәндер бойынша оқу материалының мазмұнымен танысуды жеңілдететін әдістер. Зерттеу объектілерін, үдерістерді немесе басқа ұқсас объектілердегі әрекеттерді түсінуге және ассимиляциялауға, ажыратуға және тануға ықпал етеді.

Бұл кезеңде білімді игеру оқытылатын пәндердің маңызды элементтері туралы ең көп кездесетін идеялармен шектеледі. Бастапқы кәсіби база бойынша білім жинақталады, оларды пәнаралық білім беру кеңістігінде бұрын зерттелген материалмен бірге өзектендіру жүзеге асырылады.

Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың осы кезеңіндегі білімді игеру үдерісіне кез-келген сыртқы көз ықпал етеді. Оларға мыналарды жатқызамыз: оқытушы-тәлімгер, қағаз немесе электрондық тасығыштардағы Оқу құралдары, анықтамалықтар немесе нақты оқу немесе өмірлік ситуациялар.

Болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің *екінші кезеңінде* іс-әрекет сипатына байланысты оқу мәселелерін шешуге басымдық бере отырып, студенттердің кәсіби білімдерін игерудің тиімді формасына басымдық берілді.

Енгізілетін модельді іске асырудың бұл кезеңі репродуктивті алгоритмдік іс-әрекеттерді орындау негізінде жатқан, бұрын игерілген материал бойынша ақпаратты студенттердің өз бетінше қолдануына негізделеді (В.П. Беспалько және М.В.Кларин бойынша).

Осы кезеңде болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісі мыналарға негізделеді:

- студенттердің нақты оқу пәндерін оқу кезінде базалық түсініктерді меңгеруі;

- әр пән туралы білім мен идеялардың жиынтығын игеру және нақты жағдайларда әр өкілдікті қолдану дағдыларын дамыту, яғни алынған дағдыларды автоматизмге жеткізу және ақпаратты өз интерпретациясында көбейту;

- әр түрлі әрекеттерді талдай білуді және олардың ықтимал салдарын болжай білуді білдіретін ауызша ойлау тетіктерін енгізу;

- стандартты емес жағдайларда стандартты емес есептерді шешу кезінде алған білімдерін қолдану қабілетінің болуы [231].

Бұл тетіктердің «жұмыс істеуі» үшін және оқу үдерісі тиімдірек болуы үшін репродуктивті және белсенді оқыту әдістерін біріктірген жөн, бұл студенттерді зерттелетін материалға қызықтыруға және бұрын үйренген іс-әрекет үлгісін қолдану негізінде оқу мәселелерін шешуде алынған ақпаратты қолдануға көмектеседі.

Болашақ кәсіптік білім беру педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің үшінші кезеңі студенттердің оқу іс-әрекетінің өнімді және шығармашылық сипатына бағытталған. Яғни, студент «бастапқы ақпаратты өзгерту қабілетіне ие болған кезде, ақпаратты игерудің ең жоғары деңгейіне және оны игеруге ие болады, сондықтан ол үйренген дағдыларын беру арқылы шешетін әртүрлі топтардың мүмкін болатын міндеттеріне айналады».

Бұл кезең бұрын үйренген білім, типтік емес мәселелерді шешу дағдылары қолданылған әрекеттерге негізделген. Осы іс-шаралар барысында студенттер ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметке бағытталған. Олар үшін объективті жаңа немесе субъективті түрде жаңа ақпарат алу (тек өздері үшін жаңа). Студенттердің кәсіби білімді толық меңгергенін және кәсіби ұтқырлықтың көріну деңгейін көрсететін түбегейлі жаңа ақпаратты құру.

Осы кезеңдегі педагогтың негізгі міндеті студенттердің жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып, олардың шығармашылық жұмысы үшін жағдай жасауды көздеді (§2.1 Қараңыз).

Осы мақсатта модельді іске асырудың осы кезеңінде белсенді және интерактивті әдістер қолданылды [232], соның ішінде студенттің ой- пікірінің жалпы пікірден жеке тұжырымдарға ауысуына негізделген ішінара іздеу және зерттеу әдістері.

Шешілетін оқу міндеттеріне және оқу материалын баяндау қарқынына байланысты студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің барлық кезеңдерінде интерактивті режимде оқытудың мынадай нысандары мен әдістерін қолдану практикада болды: проблемалық және бинарлық дәрістер, дәріс-әңгімелер, баспасөз-конференция дәрістері, әңгіме-сенімдер, демонстрациялар-сенімдер, жобалар, жаттығулар, кейс-әдіс, дөңгелек үстелдер, бақылаулар, тренингтер, пікірталастар, дебаттар, шағын топтардағы жұмыстар, ми шабуылы, дидактикалық және шығармашылық ойындар (рөлдік, іскерлік, ұйымдастырушылық-әрекеттік), мастер-кластар, экскурсиялар, конкурстар, олимпиадалар және т. б.

Тренинг - бұл білімді, іскерлік дағдыларды дамытуға және жеке тұлғаны әлеуметтендіруге бағытталған белсенді оқыту әдісі. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының барлық мүмкіндіктерін ашуға және әртүрлі психологиялық мәселелерді шешімін табуға бағыттайды. Біздің зерттеуімізде болашақ педагогтардың анықталған дағдыларын дамытуға арналған, өз жолын таба білуді анықтайтын үш модель дағдылық тренингтер қолданылды:

проблемаларды шешу, қарым-қатынас, еңбекқорлық, өзіне деген сенімділік, сыни ойлау, өзін-өзі басқару, жеке даму, тәжірибе тұжырымдамалау және т.б. Практикалық жұмыста студенттермен тренингтің кейбірінің сипаттамасы келесі параграфта, ал толық нұсқасы өзіміз дайындаған практикалық құралда беріледі.

Коучинг - сөзбе-сөз оқыту, жаттықтыру; коучинг; серіктестердің сенімді, белсенді және шығармашылық өзара әрекеттесу үдерісі. Коуч-коуч, маман, әріптестерге нақты тақырыптар бойынша өздерінің кәсіби білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін жетілдіруге көмектесетін сарапшы. Ол үшін коуч білім алушыға не істеу керектігін түсініп, қажетті нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін интерактивті әдістерді өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді. Экспериментте қолданылатын коучинг әдісі қолданыстағы оқу тәжірибесін бірлесіп түсінуге, идеялармен алмасуға, серіктес мекемелердің қызметкерлері тәлімгерлік үдерісінде студенттермен тәжірибе алмасатын рефлексивті диалогқа тартуға негізделген. Коучинг студенттердің белгілі бір тақырып бойынша болашақ мамандығына деген қызығушылығын арттыруға және белгілі бір педагогикалық қызметті өз бетінше сынап көру үшін оларға кәсіби қолдау көрсетуге бағытталған.

Консалтинг – белгілі бір білім саласында кеңестер беру. Кеңестер беру кезінде проблемалардың себебтері түсіндіріледі. Бүгінгі әлеуметтік проблемалардың пайда болуына ықпал ететін оқиғалар контекстінде жеке тәжірибе қарастырылады, яғни белгілі бір проблема контекстінде сараптамалық тәсіл ұсынылады.

Пікірталас әдісі - бұл оқу материалындағы даулы тақырыптарды талдауға бағытталған және оқушылардың әртүрлі ұстанымдарын біріктіретін оқыту әдісі. Бұл әдіс проблемалық жағдайға негізделген және семинарларда кеңінен қолданылады. Осылайша, эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері бойынша пәндердің эксперименттік топтарында болашақ кәсіптік білім беру педогогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделін енгізгеннен кейін оның компоненттерінің қалыптасуына салыстырмалы талдау жүргізілді. Атап айтқанда, зерттелген компоненттер арасындағы қатынастар бір типтегі метрикалық шкала бойынша өлшенген екі айнымалы арасындағы қатынасты зерттеу үшін EXCEL-де қолданылған Пирсонның корреляция коэффициентін (R-Pearson) қолдана отырып, корреляциялық талдау арқылы талданды (20-кесте).

Қалыптастырушы эксперименттің мәліметтері бойынша модельдің барлық компоненттері арасында тығыз байланыс орнатылды және анықтау эксперименті барысында орнатылған байланыстар расталды: мотивациялық-қажеттілік және когнитивті компоненттер ($R = 0,582852$ болды, $R = 0,708427$ болды); мотивациялық -қажеттілік және процессуалдық компоненттер ($R = 0,538556$ болды, $R = 0,700857$ болды); когнитивті және процессуалдық компоненттер ($R = 0,332605$ мәнге ие болды, $R = 0,691134$ болды), рефлексивті бағалау және мотивациялық-қажеттілік компоненттер ($R = 0,452605$ ие болды, $R = 0,581134$ болды),); процессуалдық және рефлексивті бағалау ($R = 0,428555$

болды, $R = 0,680858$ болды). Қалыптастыру эксперимент нәтижесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығының деңгейі кесте – 19 берілді.

Кесте 19 - Қалыптастыру эксперименті нәтижесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының деңгейі (%-бен)

Деңгейлер	Өлшемдер							
	мотивациялық-қажеттілік		когнитивті		процессуалды		рефлексивті – бағалау	
	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Төмен	49,7	18,8	46,7	23,0	55,3	24,2	31,4	25,1
Орта	24,8	46,6	32,5	45,1	28,8	48,3	45,9	45,8
Жоғары	25,5	34,6	20,8	31,9	15,9	27,5	22,7	29,1

Алынған мәліметтер болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының ұтқырлық танытып мансапты жетістікке жету үшін кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын, кәсіби саладағы инновациялық өзгерістерді қабылдауды, жаңа аралас мамандықтар мен кәсіптерді ауыстыруға және игеруге дайын екендігін көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінің нәтижелері мұндай компоненттің басым екенін дәлелдеді, өйткені оның көрсеткіштері басқа компоненттердің көрсеткіштерімен салыстырғанда маңызды корреляциялық байланыстардың көп мөлшерін көрсетеді. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын кәсіби ұтқырлыққа, олардың білімі, іскерлігі мен дағдысын толықтыруға және жаңартуға, олардың қызмет бейінін өзгерткен кезде олардың мүмкіндіктеріне сәйкес бір қызмет саласынан екіншісіне ауысуына дайын екендігін көрсетеді.

Сонымен, университетте болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бағдарламасын енгізу жоғары кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды даралау мен саралаудың жарқын көрінісі болып табылады. Бұл білім беру үдерісінің құрылымындағы, мазмұны мен ұйымдастырылуындағы өзгерістерге байланысты студенттердің танымдық және кәсіби мүдделерін, олардың бейімділігі мен қабілеттерін толығымен ескеруге мүмкіндік береді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін салыстырмалы талдау және түсіндіру бойынша зерттеу жұмысымыздың келесі тараушасында қарастырамыз.

2.4. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің тиімділігін анықтаудың эксперименттік жұмысының нәтижелерін өңдеу, талдау және интерпретациялау

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеру бойынша эксперименттік жұмысымыздың логикалық қорытындысы осы үдеріс туралы қажетті ақпарат

алу болды. Оны алу жоғарыда ғылыми-объективті тұжырымдалған гипотезаны дәлелдеуді және тексеруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүкіл эксперимент барысында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің динамикасы бақыланды, экспериментке қатысушылардың жеке өзгерістері бойынша алынған мәліметтерді өңдеу, талдау және интерпретациялау жүргізілді.

Жоғарыда айтылғандай, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін таным әдісі ретінде педагогикалық экспериментті ұйымдастыру 2017 жылдан 2021 жылға дейін М.Әуезов атындағы ОҚУ, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педогогикалық университеті және А.Ясауи атындағы ХҚТУ негізінде жүзеге асырылды. Экспериментке қатысушылар мен зерттелетін үдеріске педагогикалық әсердің тиімділігін анықтауға бағытталған. Мұндай әсер болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық моделін ЖОО-ның оқу үдерісіне енгізудің арнайы әзірленген бағдарламасының (§2.3) көмегімен жүзеге асырылды.

Бағдарлама Кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарын даярлау үдерісіне түбегейлі жаңа және маңызды өзгерістерді мақсатты енгізуге бағытталған:

- ұсынылған гипотезаның негізділігі мен дұрыстығын объективті ғылыми тексеруді қамтамасыз ету;
- ұсынылған модельдің тиімділігін практикалық тексеру, болжамды педагогикалық жағдайлар кешені және қарастырылған үдерісті әдістемелік қамтамасыз ету.

Бұл ретте оқытуды ұйымдастырудың мазмұнына, әдістеріне, құралдары мен нысандарына, педагогикалық әсерлер мен оларды бакалавриат студенттерін кәсіптік даярлаудың оқу үдерісіне енгізу нәтижелері арасындағы себепті байланысты анықтауға ерекше назар аударылды.

Педагогикалық экспериментті іске асыру бұрын сипатталған критериалды-диагностикалық құралдардың көмегімен жүргізілді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың үш кезеңін қамтыды: 1-кезең - ұйымдастырушылық-диагностикалық (айқындаушы); 2-кезең - қалыптастырушы; 3-кезең - қорытынды-жалпылау кезеңі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың әрбір кезеңінің мазмұндық құрамдас бөліктері оның мақсаттарымен, міндеттерімен және іске асыру әдістерімен айқындалды (20-кесте).

Кесте 20 - Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын (КҰ) қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдерінің мазмұндық құрамдас бөліктерінің сипаттамасы)

Эксперимент кезеңдері мен міндеттері	Мақсаты мен әдістері
1-ші кезең - ұйымдастырушылық-диагностикалық (айқындаушы) (2017 -2018 жж.) - бірінші курс	
1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлық туралы қалыптасқан	Мақсаты - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының

<p>түсініктерді зерделеу.</p> <p>2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісін белсендіретін психологиялық-педагогикалық детерминанттарды анықтау.</p> <p>3.Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарында кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісінің бақыланатын параметрлерін анықтау.</p> <p>4. Эксперименттің басында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарында кәсіби ұтқырлықтың қазіргі жағдайын анықтау.</p> <p>5. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарында кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың педагогикалық жүйесін болжау.</p>	<p>бастапқы деңгейінің жай-күйін анықтау, оны қалыптастырудың негізгі тәсілдерін анықтау.</p> <p>Әдістері - сауалнама, тестілеу, оқытушылармен және студенттермен әңгімелесу, ғылыми, оқу-әдістемелік және арнайы әдебиеттер мен озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу.</p>
<p>2-ші кезең – қалыптастырушы (2018-2019 жж.) – екінші –үшінші курстар</p>	
<p>1.Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздерін анықтау.</p> <p>2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша түзету бағдарламасын және оны қамтамасыз ету бойынша материалдарды әзірлеу.</p> <p>3. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделінің сәтті жұмыс істеуінің педагогикалық жағдайларының кешенін болжау және оның тиімділігін бағалау.</p> <p>4. ЖОО-ның нақты педагогикалық үдерісінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесін сынақтан өткізу.</p>	<p>Мақсаты - болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық жүйесін дайындау, апробациялау және енгізу.</p> <p>Әдістері - оқытушылармен және студенттермен әңгімелесу, олардың сауалнамасы; тренингтер, тимбилдингтер (ағылш. team building-команда құрылысы); шығармашылық жобалар әдісі, білім мен іскерліктерді критериалды бағалаудағы дескрипторлар, жадты дамыту әдістері.</p>
<p>3-ші кезең - қорытынды-жалпылау (2020 ж.) - төртінші курс</p>	
<p>1. Университеттің оқу үдерісінде арнайы әзірленген, сыналған және іске асырылған құрылымдық-мазмұндық модель негізінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын мақсатты қалыптастырудың сәттілігі туралы зерттеу гипотезасын растау.</p> <p>2. Математикалық өңдеу эксперименттік деректер</p>	<p>Мақсаты - тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алынған нәтижелерін талдау, ұғыну және қорыту.</p> <p>Әдісі - ЖОО оқытушылары және студенттерімен әңгімелесу әдістері; аналогия әдісі, Ғылыми зерттеуі нәтижелерін статистикалық өңдеу</p>

Ұйымдастыру-диагностикалық (айқындаушы кезең) 1-2 семестр бойы 5B012000 - Кәсіптік оқыту мамандығы студенттерімен өткізілді. Эксперименттің бұл кезеңі субъектілерде кәсіби ұтқырлықтың бастапқы деңгейін өлшеу мақсатында жүргізілген алғашқы кіріс бақылауды қарастырды.

Қалыптастырушы кезең 3-ші–6-шы семестрлерде өткізілді және экспериментке қатысушыларға қалыптастырушы экспериментті жүргізген соң

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығының айқындылық деңгейін анықтаудың аралық кесіндісін болжады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық моделін және педагогикалық жағдайларды ЖОО-ның оқу үдерісіне енгізу бағдарламасын іске асыру есебінен ұйымдастырушылық және әдістемелік түзетулер енгізу арқылы жүргізілді.

Эксперименттің ұйымдастырушылық-диагностикалық (айқындаушы) және қалыптастырушы кезеңдерін біз бұрын 2.2 және 2.3 тараушада сипаттадық.

Қорытынды-жалпылау кезеңі (7-8 семестр) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алынған нәтижелерін өңдеу, талдау және түсіндіру мақсатында өткізілді. Ол болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ұсынылған моделінің тиімділігін тексеруге бағытталған. Сондай-ақ қорытынды ұсыныстарды тұжырымдау. Бұл кезең 2.1 тараушада сипатталған, көрсетілген модельді іске асырғаннан кейін зерттелетін кәсіби ұтқырлықтың қалыптасу деңгейін және оның сәтті жұмыс істеуінің болжамды педагогикалық жағдайларын анықтау үшін жүргізілген қорытынды бөлімде қарастырамыз.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың 3-ші кезеңінің негізгі міндеттері:

- алынған нәтижелерді қорытындылау;
- математикалық өңдеу әдістерін таңдау;
- алынған деректердің нәтижелерін өңдеу, жүйелеу және салыстыру;
- жоғары мектепте кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарын даярлау тәжірибесіне зерттеу нәтижелері мен ұсынымдарды енгізу;
- мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру мақсатында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру тәжірибесін практикаға енгізу.

Бақыланатын параметрлер бойынша кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісінде сыналушылардың жеке өзгерістер деңгейінің өзгеру серпіні зерттелетін үдерістің әрбір үш кезеңінің соңында жүргізілетін диагностикалық қималарда (кіріс, аралық және қорытынды қималар) белгіленді.

Эксперименттік мәліметтерді өңдеу және алынған нәтижелерді түсіндіру ғылыми-зерттеу әдістері кешенінің көмегімен жүзеге асырылды. Мысалы: студенттердің іс-әрекеті мен іс-әрекетін зерттеудің диагностикалық, эмпирикалық, эксперименттік және праксиметриялық әдістері, Математикалық статистика әдістері.

Математикалық статистика әдістерінде үлгінің максималды және минималды элементтері, медиан, корреляциялық талдау, Пирсон өлшемі қолданылды. Сондай-ақ, Windows үшін SPSS (Social Science үшін Statistical Package) және Microsoft Excel пакетіне арналған деректерді статистикалық өңдеу бағдарламаларының мүмкіндіктері пайдаланылды.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін ЭТ студенттері модельде белгіленген әртүрлі қызмет түрлеріне (оқу-танымдық, оқу-кәсіптік, практика кезеңіндегі қызметтің барлық түрлері мен ғылыми-зерттеу) жұмылдырылды.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының барлық қызмет түрлерін әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етуді: «Педагогтың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курсына, элективті курстарға «Жұмысшы мамандығы бойынша практикум (тігінші, ағаш ұстасы, автослесарь)», «Педагогикалық шеберлік», «Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент» оқу-әдістемелік құралдар, осындай электронды оқулық, ситуациялық тапсырмалары бар кейстер, өзін-өзі бағалау әдістемелерінің кешені және т.б. құрады.

Бағдарламаны енгізу кезеңінде жұмыстың тәжірибелік-эксперименттік бөлігін жүргізу кезіндегі бастапқы қағидаттар Кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделі және оны мамандық бойынша міндетті оқу пәндерінің циклімен байланыстыру, қойылған мақсаттар мен міндеттер шеңберінде жүзеге асырылатын қағидалар негізге алынды:

- жүйелілік; стратегиялық тұтастық; оқу үдерісін білім беру нәтижелерін диагностикалауға, қызмет субъектісінің құндылық саласына, дуальдылыққа бағдарлау қағидаттары;

- кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісіне білім беру үдерісінің барлық мүдделі қатысушыларын жұмылдыру қағидаты; мақсаттылық қағидаты;

- таңдаған мамандық саласындағы кәсіптік қызметтің әртүрлі аралас түрлерінде студенттердің кәсіптік бағдарлануын кеңейту.

2.3 тараушада сипатталған аталған қағидалар педагогикалық үдерістің реттелуіне ықпал етеді және оның ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінде сыналушылардың жеке өзгерістерінің деңгейлерін өлшеу бойынша диагностикалық қималардың серпіні мынадай параметрлер бойынша бақыланды:

- кәсіби ұтқырлыққа мотивация,
- жеке тұлғаның кәсіби ұтқырлықты қалыптастыруға бағыттылығы;
- білімді меңгеру дәрежесі және оларды практикалық іскерліктерге жылдам ауыстыру қабілеті;
- оқу-кәсіби және әлеуметтік ортаға бейімделу;
- кәсіби құндылықтарға тұрақты бағдарлау;
- рефлексияға қабілеттілік.

Эксперименттің айқындаушы кезеңінде жүргізілген кіріс диагностикалық бөлімі келесі нәтижелерді көрсетті (20-кесте, сурет -8).

21-кесте мен 8-суретті талдаудан көрініп тұрғандай, эксперименттің басында эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің негізгі бөлігі кәсіби ұтқырлықтың төмен деңгейге ие болды - (45%) және орташа деңгей - (39,6%). Жоғары деңгей (15,4%) байқалды.

Алынған есептік деректер, оларды салыстыру және талдау БТ және ЭТ-дағы кәсіби ұтқырлық деңгейлерінің айқындылығындағы шамалы айырмашылықтарды көрсетеді. Негізінен төмен (46,5%) және орташа (39,4%), ал жоғары деңгей (14,1%) көрсетті. Екі топ та қажетті сапаның ауырлығымен теңестіріледі. Бұл деректер ғылыми білімнің осы саласында мақсатты жұмыс


істеу қажеттілігі туралы верификациялық ақпараттың қайнар көзіне айналды. Және болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының

Кесте 21 - Эксперименттің айқындаушы кезеңінің кіріс диагностикалық бөлімінде ЭТ (72 студент) және БТ (71 студент) кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығының бастапқы айқындаушы деңгейін зерттеу нәтижелері (%)

Топ тар	Деңгейле р	Кәсіб и мотив ация	Кәсіби бағытт ылығы	Бейімд ілігі	Кәсіби құндыл ығы	БІД игеруі	Рефлексияға қабілеті	%
ЭТ	Жоғары	13,28	15,3	21,3	18,8	11,34	12,54	15,4%
ЭТ	Орта	45,36	41,8	32,4	46,7	39,63	31,50	39,6%
ЭТ	Төмен	41,36	42,9	46,3	34,5	49,3	55,96	45,0%
БТ	Жоғары	11,6	12,3	18,7	17,4	10,5	13,6	14,1%
БТ	Орта	46,2	45,6	30,2	38,5	41,4	34,7	39,4%
БТ	Төмен	42,2	42,1	51,1	44,1	48,1	51,7	46,5%

кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ұйымдастырылған үдерісіне педагогикалық модель мен оны сәтті жүзеге асыру үшін педагогикалық жағдай жасау түрінде қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік берді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ мен А. Ясауи атындағы ХҚТУ оқу үдерісіне енгізілгеннен кейін болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының



Сурет–8. Эксперименттің айқындаушы кезеңінің кіріс диагностикалық бөлімінде ЭТ және БТ кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығының бастапқы айқындаушы деңгейін зерттеу нәтижелері (%)


кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру моделі және «Педагогтардың кәсіби ұтқырлығы» арнайы курстары, элективті курстар («Жұмысшы мамандығы

бойынша практикум (тігінші, ағаш ұстасы, автослесарь)», «Педагогикалық шеберлік», «Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент» электронды Оқу құралы - бұл оларды оқу материалдарымен, ситуациялық тапсырмалармен, кейстермен, өзін-өзі бағалау әдістерінің жиынтығымен және басқалармен қамтамасыз ету және т.б., сондай-ақ §2.1-де сипатталған педагогикалық жағдайларды жасау, эксперименттің 2-кезеңінде (3-6 семестр) аралық диагностикалық кесу жасалды.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлықтың қалыптасу деңгейін анықтау үшін аралық диагностикалық кесудің сандық және сапалық талдауы эксперименттік топтағы кәсіби ұтқырлық деңгейінің ауырлығының біз университеттің оқу үдерісіне енгізген өзгерістері мен толықтыруларына байланысты айтарлықтай жоғарылағанын көрсетті (22-кесте, 9-сурет).

Кесте 22 - ЭТ пен БТ-да эксперименттің қалыптасу кезеңіндегі болашақ кәсіптік оқыту педагогтарындағы кәсіби ұтқырлықтың ауырлық дәрежесін зерттеу бойынша аралық диагностикалық бөлімнің нәтижелері (%)

Топ тар	Деңгейле р	Кәсіби мотива-ция	Кәсіби бағытты лығы	Бейімд ілігі	Кәсіби құндыл ығы	БІД игеруі	Рефлекс ияға қабілеті	%
ЭТ	Жоғары	24,6	27,4	25,7	21,4	24,4	18,4	27,3
ЭТ	Орта	43,3	48,7	50,6	54,7	50,3	56,5	48,0
ЭТ	Төмен	32,1	23,9	23,7	23,9	25,3	25,1	24,7
БТ	Жоғары	16,6	18,3	21,7	17,4	19,5	13,6	17,9
БТ	Орта	50,8	54,6	44,2	44,2	48,4	41,7	47,6
БТ	Төмен	32,6	27,1	34,1	37,4	32,1	44,2	34,5




Сурет 9 - ЭТ пен БТ-да эксперименттің қалыптасу кезеңінің аралық диагностикалық кесіндісіндегі болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының арасындағы кәсіби ұтқырлықтың деңгейінің динамикасы (%)

Қалыптастырушы кезеңнің соңында біз жүргізген эксперименттің соңғы кезеңінде (7-8 семестр) болашақ кәсіптік оқыту педагогтары арасында кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың соңғы деңгейін бекіту эксперименттік топтардағы студенттердің кәсіби ұтқырлық деңгейінің айтарлықтай өсуін анықтады. Тәжірибелік жұмыстың кіріс, аралық және бақылау бөлімдері нәтижелері бойынша зерттелген құбылыстың динамикасын талдау бұған дәлел (23-кесте, 10-сурет).

Кесте 23 - ЭТ пен БТ-да қорытынды - жалпылау эксперимент кезеңінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлық дәрежесін зерттеу бойынша қорытынды диагностикалық бөлімнің нәтижелері (%)

Топ тар	Деңгейле р	Кәсіби мотива-ция	Кәсіби бағытты лығы	Бейімділігі	Кәсіб и құнд ылығ ы	БД игеруі	Рефлекс ияға қабілеті	%
ЭТ	Жоғары	29,6	28,4	32,7	30,6	29,4	33,1	30,7
ЭТ	Орта	52,4	49,6	46,2	46,7	50,3	46,5	48,6
ЭТ	Төмен	18	22	21,1	22,7	20,3	20,4	20,7
БТ	Жоғары	15,6	14,3	20,7	22,4	18,5	16,8	18,2
БТ	Орта	47,8	46,6	39,2	41,5	45,4	43,4	43,9
БТ	Төмен	36,6	39,1	40,1	36,1	36,1	39,8	37,9



Сурет 10 - ЭТ пен БТ-да қорытынды эксперимент кезеңінің аралық диагностикалық кесіндісіндегі болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының арасындағы кәсіби ұтқырлықтың деңгейінің динамикасы (%)

әр бақыланатын параметр бойынша бақылауға мүмкіндік берді (% -бен). Осы кезде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру дәрежесі жоғарылайды. Кәсіби ұтқырлықтың жоғары деңгейіндегі ЭТ студенттерінің 30,7%) өсті, орташа деңгейде – 48,6%, төмен деңгейде 20,7 % төмен деңгейді көрсетті. Бақылау топтарында өзгерістер шамалы.

24-кестеден және 11-суреттен көріп отырғанымыздай, эксперименттік жұмыстың соңында кәсіби ұтқырлықтың қалыптастырудың қорытынды жалпылау эксперименті нәтижесінде кәсіби ұтқырлықтың қалыптасу параметрлерінің бойынша жоғарылағандығын көрсетіп отыр.

Кесте 24 - Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлықтың қалыптасу параметрлері бойынша зерттеу нәтижелерінің жиынтық кестесі (%-бен)

№	Бақылау параметрлері	Айқындаушы эксперимент		Қалыптастырушы эксперимент		Қорытынды - жалпылау эксперимент	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
1	Кәсіби мотивация	13,28	11,6	24,6	16,6	29,6	17,6
2	Кәсіби бағыттылығы	15,3	12,3	27,4	18,3	28,4	19,3
3	Бейімділігі	21,3	18,7	25,7	21,7	32,7	23,7
4	Кәсіби құндылығы	18,8	17,4	21,4	17,4	30,6	22,4
5	Білім, іскерлік, дағдыны игеруі	11,34	10,5	24,4	19,5	29,4	21,5
6	Рефлексияға қабілеті	12,54	13,6	18,4	13,6	33,1	16,8

Эксперимент тобында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлық компоненттерін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижелері кесте – 25 көруге болады.

Кесте 25 - Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлық компоненттерін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижелері (ЭТ % көрсеткіш)

Компоненттер	Айқындаушы эксперимент	Қалыптастырушы эксперимент	Қорытынды - жалпылау эксперимент

Мотивациялық-кажеттілік	75,1	89,5	12,4
Когнитивті	51,2	87,2	36,0
Процессуалды	65,7	91,4	24,7
Рефлексивті-бағалау	53,7	87,9	34,5

Кәсетілген мәліметтер болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлық компоненттерінің қалыптастыру бойынша тәжірибелік эксперимент жұмысының саластырмалы нәтижесі, болашақ педагогтар үшін мансапты жетістікке жету үшін кәсіби ұтқырлықтың маңыздылығын, кәсіби саладағы инновациялық өзгерістерді қабылдап, жаңа аралас мамандықтар мен кәсіптерге ауысуға бейімділігі мен мен игеруге дайын екендігін байқатты.

Сонымен, эксперименттік жұмыс нәтижесінде алынған мәліметтер, оларды талдау және салыстыру осы зерттеуде қарастырылған модель (1.4) және оны сәтті жүзеге асырудың педагогикалық шарттары (2.1) жүзеге асырылған эксперименттік топта кәсіби маман қалыптастыру үдерісі туралы айтуға мүмкіндік береді. Болашақ кәсіптік оқытудың педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру нәтижелі және жемісті ұйымдастырылды. Студенттердің жеке айырмашылықтарындағы қол жеткізілген өзгерістер субъектілер үшін де, зерттеуші үшін де статистикалық маңызды. Мұны Пирсон тесті арқылы жүргізілген бақылау және эксперименттік топтардың қорытынды бөлімінің мәліметтерін салыстыру дәлелдейді және зерттеу гипотезасының дұрыстығын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелерін қорытындылау негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелерді жалпылауға және оның негізгі тұжырымдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру проблемасының өзектілігі Қазақстандағы қазіргі заманғы қоғамдық және экономикалық қатынастардың дамуымен, ал ұтқырлық қазіргі заманғы адамның табысты кәсіби қызметінің кепілі болып табылатын еңбек нарығының конъюнктурасын кеңейтуге байланысты қоғам мен мемлекеттің кәсіби ұтқыр мамандарға қажеттілігімен шарттасқаны анықталды. Бұл мәселені әзірлеу қажеттілігі оны жоғары кәсіптік білім беру педагогикасында ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіз дамуынан, тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауынан туындайды.

Көрсетілген мәселені ішінара шешу үшін осы диссертациялық жұмыстың тақырыбын келесідей тұжырымдадық: «Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері». Берілген тақырыпты дамытуда басты назар ұтқыр адамға тән тұлғалық қасиеттерді дамытуға аударылады. Оларға үнемі өзгеріп отыратын кәсіби және білім беру ортасының сыртқы және ішкі жағдайларына икемді қабілеті, жеке басының қалауына сәйкес кәсіби іс-әрекет саласында өзі үшін оңтайлы бағытты табу мүмкіндігі жатады. Білім мен дағдылардың үздіксіз жаңғырып отыруына дайын болу. Кәсіби қызметтің бір түрінен екіншісіне тез ауысу мүмкіндігі, әрі кәсіби қызметтің саласы бойынша алдыңғы білімнен айтарлықтай ерекшеленеді. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, кәсіби шеберлікті арттыруға, одан әрі мансаптық және кәсіби өсуге ұмтылысы. Бәсекеге қабілетті және еңбек нарығында сұранысқа ие болуы.

Зерттеу барысында «болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби ұтқырлығы» және «болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделді және нақтыланған.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығы жалпы кәсіптік білімді, жаңа техника мен технологияларды, типтік және типтік емес педагогикалық міндеттерді шешудің жалпыланған кәсіби тәсілдер жүйесін жылдам және сәтті игеруді қамтамасыз ететін, түлектердің еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына икемді жауап беру мүмкіндіктері мен қабілеттерін кеңейтетін және кәсіби мәртебені ауыстыруға дайын тұлғаның интегралды сапасы ретінде ұсынылды.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру субъектілерді ұтқырлықтың төмен деңгейінен жоғары деңгейіне ауыстыру кезінде сандық және сапалық көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ететін педагогикалық құралдар жүйесінің көмегімен кәсіби өсу мен кәсіби мансапқа жеке тұлғаның ішкі қажеттілігін іске асыруға ықпал ететін

мамандарды кәсіби даярлаудың дәлелді, мақсатты және саналы үдерісі болып табылады.

Беріліп отырған бағыт бойынша зерттелетін үдерістің модельдік көрінісі болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық мағыналы моделінде көрсетілген, ол өзара байланысты төрт блоктан тұрады: *мақсатты, мазмұндық, ұйымдастыру- әрекеттік және критериалды бағалау.*

Модельдің біріншісі – *мақсатты блок.* Ол студенттің интеллектуалды, эмоционалды және тұлғалық дамуының ішкі үдерістеріне бағытталған доминантты мақсаттар қоюды көрсетеді. Блок құрудың нақты мақсаты оны кейіннен болжамды зерттеу нәтижелері бойынша жаңа формацияның кәсіби ұтқыр тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Бұл мақсат жоғары кәсіби білім беру жүйесіне кәсіби ұтқыр маман - кәсіптік оқытудың болашақ педагогын қалыптастыруға мемлекеттік және әлеуметтік тапсырыспен негізделген. Берілген мақсат болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісін ұйымдастырудың міндеттерімен, қағидаттарымен нақтыланған. Міндеттер білім беру үдерісін жоғары оқу орны түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға; кәсіби ұтқырлыққа қол жеткізу себептерін қалыптастыруға және кәсіби білім, іскерлік пен дағдыларды игеруге бағыттайды. Басым қағидаттар - мыналарға: білім беру нәтижелеріне; диалогтандыруға; қызмет субъектісінің құндылық саласына; дуальдыққа (ЖОО-ның жұмыс берушімен, оқыту кәсіпорнымен және ұйыммен өзара іс-қимылына) бағытталады.

Модельдің екіншісі - *мазмұндық блок.* Бұл блок эксперименттік жұмыс жүргізілген мысалдар бойынша мамандықтар бойынша білім мазмұнын көрсететін нормативтік құжаттарды талдауға негізделген. Ол жүйелік, ресурстық және тұлғалық-белсенділік тәсілдерінің ережелеріне негізделген болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру үдерісінің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтайды. Және бұл мақсатқа сәйкес оқу пәндері мен мамандандыру пәндерінің мазмұнын қайта қарауды талап етеді.

Модельдің мазмұндық блогы кәсіптік оқытудың болашақ педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үдерісінің ұйымдастырылуын, оның жұмыс істеуі мен өзара байланысты базалық компоненттердің жиынтығы (мотивациялық-қажеттілік, когнитивті: іс жүргізу және рефлексивті - бағалау) арқылы дамытуды көрсетеді. Модельдің негізгі компоненттері оның басқарылатын параметрлерінің құрамын анықтады: кәсіби мотивация және кәсіби ұтқырлықтың жеке қажеттіліктері; кәсіби құзіреттіліктің қалыптасуына тұлғаның бағыттылығы; кәсіби білімді игеру дәрежесі және оны практикалық дағдыларға тез ауыстыруға, өзінің кәсіби дамуын жобалауға; білім беру, кәсіби және әлеуметтік ортаға бейімділік; кәсіби құндылықтарға тұрақты бағдарлануға; рефлексияға қабілеті.

ЖОО-ның оқу үдерісінде модельдің барлық компоненттерін белсенді қолдану зерттелетін үдерістің ішкі ұйымдастырылуын ашатын белгілі бір

интегралды жүйені құруға мүмкіндік береді. Модельдің әрбір компоненті өзінің нақты педагогикалық мәселесін шешеді, ал олардың үйлесуі күтілетін нәтижеге - болашақ педагогтың жаңа сапасы - кәсіби ұтқырлықты қалыптастырады.

Модельдің үшінші *ұйымдастыру-әрекеттік* блогы. Ол студенттердің, яғни болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының әр түрлі қызмет түрлеріне: оқу-танымдық, тәрбиелік және кәсіптік, практика мен зерттеудің барлық түрлері кезіндегі іс-әрекетке қатысу корреляциясын бақылайды. Мұнда студенттердің кез-келген іс-әрекетті ұйымдастыру, жоспарлау, құрылымдау, жобалау, талдау, оның салдары мен күтілетін нәтижелерін болжау дағдыларын игеруі жатады.

Блок сонымен қатар болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға бағытталған университеттегі оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын, әдістері мен құралдарын қолдануды қарастырады.

Оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысандары ретінде әр түрлі дәрістер, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ және СОӨЖ), консультациялар, ғылыми-зерттеу жұмысына, жобалық қызметке тарту, баяндамалар жасау, оқу экскурсияларын, дөңгелек үстелдер, жұмыс берушілермен кездесулер өткізу және т. б. қолданылады.

